Өз тарапынан бұл зерттеушілер қазақ қоғамының өткен тарихындағы патронимия жүйесіне ерекше мән беріп, оның құрамдас бөлігі шаруашылық ауыл тұрғысындағы (әкімшілік ауыл емес) ойларын былайша тұжырымдайды: «Аул, собственно зимний аул, является наиболее мелкой и постоянной единицей казахского общежития. Одноаульцы обыкновенно являются связанными близким родством и общностью хозяйственных интересов, аул имеет общих пастухов, почти кочует вместе, причем более самостоятельные хозяева помогают кочевать менее состоятельным. Хозяйственный аул ни коем случае нельзя смешивать с административным аулом, потому что «степные положение» постановило под одной единицей аульное общество и его компетенцию передало поземельные споры, возникающие в нем, между тем у казахов аульное общество есть бумажная податная единица и не соответствует с родовой поземельную общиной, которую следует считать на основную единицу казахского кочевого быта» [5, с 56]. Сонымен жоғарыдағы берілген пікір-тұжырымнан байқайтынымыз, патронимияға немесе «бір ата», «ата баласына» қатысты айтылған анықтамалар шаруашылық тұрғыдағы қазақ ауылының көптеген өлшемдерімен сәйкес келетінін пайымдауға болады. Сондай-ақ, «бір ата» немесе «ата баласы» ең жақын туысқандардың тобы болғандықтан өзара көмек және өзара міндеткерліктің барлық нысандарымен иеленді, өйткені бұларға әкесі енші беріп, бөліп шығарған немесе бірнеше ағайынды адамдардың өздерінің дербес шаруашылық ұстауына байланысты мұндай өзара көмектің, міндеткерліктің болмауы мүмкін емес еді. Осындай ерекшеліктеріне байланысты шағын әлеуметтік ұйымдар бірінші қатардағы патронимия деп аталып, қазақ түсінігіндегі «бір ата» деп аталатын әлеуметтік ұжымның атауына сәйкес келеді [6]. Өз кезегінде «бір ата» баласына бұдан да кең көлемдегі әлеуметтік топтар, яғни ең жоғарғы қатардағы патронимия да кіреді. Тек осы деңгейдегі патронимия ауқымында ғана барлық туыстардың қоғамдық өмірі бір арнаға тоғысып, жерге иелік жасау соның қолында болады. Үлкен патронимияға кіретін «бір атадан» тараған туысқандардың «күз-күздеуі», «қыс-қыстауы», «жаз-жайлауы» және көктемдегі көктеуі ортақ болып, бірге көшіп-қонып отырған. Бұлар идеологиялық тұрғыдан бір атадан тараған ұрпақтар ретінде өздерінің шыққан тектерінің бірлігін әрқашанда сезініп отырған. Сондықтан да болар үлкен патронимия мүшелерінің қоғамдық мүдделері өлгендерге ас беру, қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты той-томалақ жасау, мейрамдарды өткізу, барымтаға қатысу, қалың мал, құн төлеу, жетім-жесірлерге көмектесу сияқты маңызды мәселелердің төңірегіне шоғырландырылып, әрі нақты іске асырылып отырды. Осындай дербес қоғамдық бірліктердің орындайтын жалпы функцияларының жиынтығын XVII ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамының әлеуметтік ұйымының негізгі элементі ретінде бөліп қарауға мүмкіндік береді.

Қарастырылып отырған XVII-XVIII ғасырлардағы дәстүрлі қазақ қоғамының патронимиялық жүйесіндегі рулық-тайпалық тәртіптердің сақталуына қарап, сол кездегі қазақ қоғамын тек «рулық қоғам» ғана болды деп қарау дұрыс емес, өйткені бұл тәртіптер тек форма жағынан сақталғанымен, оның мазмұны әлдеқашан өзгерген, ауыл мен атаның негізгі ұйытқысы туыстық байланыс болғанымен, атасы басқа кірмелер де, тіпті бұрынғы құлдардан тәуелді шаруаға айналған қоңсылар да, мал иесі бай да, жалданған кедей де, Шыңғыс тұқымынан тараған ақсүйек «төрелер» де болды. Демек бұл алғашқы қауым емес халықтың әр түрлі топтары мен таптарынан құрылған, саяси-әлеуметтік құрылысы, оның түзілімі де дала тұрмысына бейімделіп, мықты салт-дәстүрге негізделген, дала демократиясының үрдісі басшылыққа алынып жасалған таптық әрі өркениетті мемлекет болды.

---

Жалпы, осы тұрғыдағы мәселе жөнінде айта кететін жәйттің бірі - жетпіс жылдан аса бойы жүрігізген кеңес империясының саясатының басты бағыт-бағдары, осыған сәйкес жазылған көп томдық тарихтардың, ресми жинақтардың, зерттеулердің негізгі мақсаты қазақ халқының төл тарихын бұрмалап, тіпті жоққа шығарып көрсетуге барынша бағытталды. Атап айтқанда, қазақ халқының төл тарихы, мемлекеті бұрын-соңды болған емес, олар еуропа халықтары сияқты өз тарихын жасауға, оны лайықты жазып шығуға қабілетсіз деген пікір қалыптасты. Әрине, кеңес дәуіріндегі мұндай сұркия саясаттың концепциясы ашық, жария түрде айтылмады. Алайда бұл саясат қалай негізделді деген сұрақ туындауы мүмкін.

Аталған концепцияның тұжырымында ең алдымен, қазақтарда ешқашан ұлттық мемлекет болған емес, тек мемлекеттік құрылыстың жеке элементтері болды деп көрсетілді. Тіпті бұл біртұтас құрылым емес, әр ру, әр аймақ өз бетінше оқшау өмір сүріп, өзін-өзі басқарып отырды, яғни қазақтарда ешқандай біртұтас хандық болған жоқ деген дәйектемелер айтылды. Осындай бытыраңқылықтың әсерінен қазақтар үнемі өзара қырқыс-тартысты бастан кешіріп, «ұшарын жел біліп, қонарын сай біліп» үнемі көшіп-қонып жүретін, егіншілік пен мал шаруашылығын ең төменгі деңгейде меңгерген, жаппай сауатсыз, тіпті қайыршылықта, жабайылықта өмір сүрді деп сипаттауға дейін барды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ мемлекеті - көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан ұлан-байтақ қазақ даласын, Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы, егінші аймақтар мен қалаларды қамтыған әдет-ғұрып құқығы жүйесіне негізделген дәстүрлі қоғам болды. Қазақ мемлекетінде облыстық басқару жүйесі емес, рулық-тайпалық (ұлттық) басқару жүйесі қолданылды. Басқару жүйесінде, әкімшілік бөліктерді айыруда көшпелі қазақ қоғамында бұрыннан қалыптасқан рулық-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он-шақты түтін бір ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ауыл бір ата (әулет) болып есептелді. Он үш - он бес атадан қосылған аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құралды. Арыстардан ұлыс ұйымдасты, ұлыстардан жүздер болды. Жалпы қазақ қауымы үш жүзге (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) бөлінді. Үш жүздің қазағы біртұтас қазақ мемлекетіне бағынды. Үш жүзді билеген қазақ ханы «ұлы хан» болды. Ол қазақ Ордасының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқығын қолына ұстаған жеке дара билеуші болды. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды (арыстарды) билер, руларды ру басылары, ал аталарды (әулеттерді) ақсақалдар, ауылдарды ауыл ағалары басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі дәстүрлі қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын.

Жалпы, қазақ халқының ел басқару жүйесі пәлендей күрделі емес. Оның негізгі буыны - әулет, ауыл, ел (ру), мемлекет басқару жүйелерінен тұрған. Басқару буындарының (мемлекет басқаруынан басқасы) басына келген топ жұртшылыққа жан-жақты қабілетімен әбден танылған азаматтарды құрады. Олардың көпшілігі қазақ даласының «сенім демократиясы» арқылы басқару ісіне ие болды. Басқарудың әулет, ауыл, ел (ру) буындарының басына келген адамдарға халық шүбәсіз бағынған. Өйткені, олардың көпшілігі халық сенімі деңгейінен шыққанға дейін де елге көрнекті азаматтар еді. Бұған қоса басқарушылардың қайсысын алсақ та қызметті ешбір ақысыз - пұлсыз, яғни еңбекақы алмай, қоғамдық негізде атқарған. Мұның өзі басқарушының жұртшылыққа талап қою, тәртіпке шақыру сияқты іске күш беріп отырған.

---

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.
- 2 Патронимия // Большевик. - М., 1945. - С. 76-77.
- 3 Остафьев В.А. Колонизация степных областей в связи вопросам о кочевом хозяйстве СОИРГО Кн. ХУІІІ. - Омск, 1885. - Вып. 21. - 185 с.
- 4 Косвен М.О. Семейная община и патронимия. - М.: Наука, 1964. - 320 с.
- 5 Румянцев П.П. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем // Вопросы колонизации. - М., 1909. - №5. - С. 56-59.
- 6 Зиманов С.З. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы // Қазақтың Ата Зандары. 10 томдық. - Алматы: Жеті жарғы, 2004. - 2. Т. - 672 б.
- 7 Зиманов С.З. Общественный строй казахов в первой половине ХІХ века. - Алма-Ата, 1958. - 296 с.

### Резюме

Автор в статье рассматривает политико-правовую, социальную структуру, духовные ценности сложившихся внутренних и внешних обстоятельств в последней четверти ХУІІ – первой половине ХУІІІ. С приобщением новых историко-правовых источников, на основе новых взглядов и научных подходов к одному их сложных и трудных периодов становления и развития национальной государственности.

### Summary

The author in article considers political and legal, social structure, cultural wealth of the developed internal and external circumstances in the last quarter of X Y II – the first half of X Y III. With familiarizing of new historical and legal sources, on the basis of new views and scientific approaches to one their difficult of the difficult periods of formation and development of national statehood.

**УДК: 340.130.53 (574)**

**Асанова А.  
Д. А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң  
академиясының  
магистранты  
ғылыми жетекші:  
з.ғ.д., профессор Жалаири Ө.Ш.**

### **ҚАЗАҚСТАНДА ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ ҚАҒИДАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢІСТІГІ**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет құрудағы заң үстемдегі қағидасының орны, оның жүзеге асыру жолдары және қазіргі заңдармен

---

бекітілген қоғамдық қатынастардың және құқықтық реттеу саласының айырмашылығы қарастырылған.

**Кілт сөздер:** құқықтық мемлекет, заң үстемдігі, құқықтық басымдық т.б

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құру жолына түсті. Құқықтық мемлекет ұзақ тарихи даму процесінде қалыптасады. Құқықтық мемлекеттің идеясы мен мұраттарын жаппай тарату қазіргі уақыттың құбылысы болды, адамдар бұл құбылыспен мемлекеттік және қоғамдық өмірді демократияландыру перспективасын, әділдікпен адамгершіліктің жетістіктерін байланыстыруда. Осыған байланысты құқықтық мемлекет ұғымын ашу, оның ерекшеліктері мен ерекше сипаттарын баяндау, қоғам өміріндегі ақиқат ролін көрсетіп үлкен теориялық және практикалық мәңгі ие болды.

Құқықтық мемлекет мемлекеттік басқарудағы құқықтық басымдығы идеясынан шығып отыр, сондықтан да тек қана ресми органдар мен лауазымды тұлғалардың ниетін емес, сондай-ақ азаматтардың және қоғамдық өмірдің басқа субъектілерінің құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қамтамасыз етіп, кепілдік беріп қажеттігінде ескеретін құқықтық нысандар мен әдістерге басымдық береді. Құқықтық мемлекетке барлық экономикалық, әлеуметтік және рухани процестерге, сондай-ақ жеке тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынас санасына кірісу жат құбылыс. Ол қоғамдық қатынасқа түсушілердің арасындағы әрекетке айтарлықтай автономия мен бостандық бере отырып, құқықтық мәртебесінің нығаюына айрықша сақталуын қадағалап отырады.

Өзінің бүкіл қызметінде барлық азаматтар мен қоғамдық қатынастық басқа субъектілерінің міндетті түрде және сөзсіз бағынуына есептелген қатал басқарушылық және бұйрықты нұсқаулардың нысандары мен әдістері басып болып келетін статистік мемлекет оған қарама қарсы болып табылады. Бұдан басқа, аталған субъектілердің бостандығы мен дербестігі, олардың мемлекетке қатысты автономиялығы жоққа тән. Мемлекеттің рөлінің шеттен тыс, кейде қахыптар тыс ұлғаюынан, экономикалық, әлеуметтік қатынастардың барлық саналарын, азаматтардың жеке өмірін тікелей өз қарауына жеке бағынысына деген талпысынан екінші кезектегі жеке ұсақ түйек мәселелерді шешуге араласуынан тұратын статистік қоғамның басқа ерекшелігінде осымен байланысты. Жеке тұлғаның және басқа қоғамдық қызмет субъектілерінің жағдайы тек айқында тұрақты заң нұсқауларынан ғана емес, олардың күнделікті араласып отырған мемлекеттің органдар мен лауазымды тұлғалардың субъективті қарауына да байланысты.

Мемлекет социализм мен коммунизм құрудың негізгі қаруы ретінде қарастырылған және ол, Ф. Энгельстің ойынша, қоғам өмірдің жекелеген жақтарын ғана емес, барша қоғамдық өмірді, оның барлық көріністерін, бағыттарын басқаруы тиіс уақытта, құқықтың тар нормативті тұжырымдамасының үстемдігі кезінде заңи ғылым заңдармен реттеудің шекарасы мен аумағы туралы талдау түгіл, тіпті сұрай да алмайтын.

Әділдік үшін айта кетуге болар, кеңес кезеңіндегі құқықты тар шеңберде ғана түсіну жолында тұрған кейбір авторлар (С.С.Алексеев, В.И. Акимов, В.В. Лазарев, В.Н. Подкуйченко, т.б.) заңның реттеу аумағы (шекарасы) мәселелерін шамалы қарастырған болатын, алайда, рас, оны сол кезеңге тән терминдермен және ұғымдармен құрастырды [1, 11-17 б.].

С.С. Алексеев құқықтың (жол-жөнекей ескертеміз, С.С. Алексеевтің және оның ізбасарларының түсінігінде құқық шын мәнінде заң шығарушы бекіткен нормаларға, яғни заңға саяды) қоғамдық қатынастарға әсер етуінің объективті аумағы туралы мәселені зерттеді. Бұл жерде ол құқықтың қоғамдық қатынастарға

---

осер етуінің аумағы қоғамдық қатынастардың табиғатымен және сипатымен анықталатынынан шығып отыр. С.С. Алексеевтің жобалауынша, құқықтық әсер етудің ішкі шегі экономикалық базистің талаптарымен, қоғамның мәдени және материалдық деңгейімен, қоғамдық дамудың пісіп-жетілген талап-тілегінің сипатымен анықталады. Сонымен, оның түсінігінше, жағдаяттардың екі тобы, өзара әрекет ете отырып, мемлекеттің қоғамдық қатынастарға қол сұғушылығының шегін болжап береді. С.С. Алексеевтің тұжырымдамасы әртүрлі деңгейдегі толықтырулармен және нақтылаумен В.Н. Подкуйченконың және В.И. Акимовтың еңбектерінде баяндалған [2, 67-77 б.]. Егер В.И. Акимовтың түсінуінде әсер ету тақырыбын анықтаудың басым салмағы бәрібір қоғамдық қатынастардың табиғатына түссе, қоғамдық қатынастарға осер етудің аумағын В.Н. Подкуйченконың түсінуінше, бұл түсінік қоғамдық қатынастарға заңның көмегімен әсер етудің орынды, мақсатқа сайлығымен анықталады.

Құқықтық реттеу мәселесі В.В. Лазаревтің еңбектерінде түбегейлі зерттелген, оның шүбәсіз жетістігі - қазіргі заңдармен бекітілген қоғамдық қатынастардың және құқықтық реттеу саласының айырмашылығын табуы. В.В. Лазаревтің ұсынысынша, құқықтық реттеу аумағы деп құқықтық реттеуді қажет ететін қоғамдық қатынастарды түсіну керек, бұл жерде ол құқықтық реттеу аумағы нормативтік-құқықтық актілермен нақты реттелген қоғамдық қатынастар аумағымен әрқашан сәйкес келе бермейді дегенді баса атап көрсетті. Сонымен, В.В. Лазаревтің тұжырымдамасында заңмен реттеуді шектеу бағдарламасының жағымды бөлігі бар. Ол заң шығарушылық қызметті құқықтың әрекет ету аумағымен сәйкестендіру талабынан тұрады.

Құқықтық мемлекеттердің пайда болуы мемлекеттік-құқықтық процестердің ұзақ эволюциясының заңды сандары, реакциялық институттардың орнына озат, прогрессивті және тиімді институттардың өзінден ерекше целекциясы мен нүқият іріктелгендігінің нәтижесі болып табылады. Бұған мемлекеттік басқарудың құқықтық нысаның әміршілдік-әкімшілдік және полицейлік - бұйрықтық нысандарынан басымдығын және пайдалылығын геориялық ұғыну негіз болды. Құқықтық мемлекеттің теориялық бастаулары түбірімен өткен шаққа айналды деуге болады. Көне заманның озық ойшылдары (Платон, Аристотель және басқалары) нқұқықтық позитивті ролінеекермегінше, мемлекеттік құрылымы мықты, тұрақты және сенімді болуымүмкін емес деген пікірлер айтып кеткен. Қылымыстық ролі мемлекеттік басқарушылардың өзбырлығына тепе-теңдік ретінде қарайды: заң әлде кімнің билігінде болмауы керек, өйткені барлық органдарды, лауазымды тұлғалардың және азаматтардың әрекеттен бағытар отыруға арналған.

Құқықтық мемлекеттің теориялық тұжырымдамасының ережелерін бірқатар елдердің өмір тіршілігінде практикадан өткізу консервативтік "үштердің қарсылығына тап болды және оны күресте жеңе отырып мемлекеттік және қоғамдық қызметтің барлық жағынан терең жаңғыруымен бірге жүрді - мемлекеттік жүйенің принциптері жетілдірілді, жеке адамның тәртебесі айқын мазмұнмен толықты, құқықтық құндылықтар бірінші дәрежелі маңызға ие болды, шекеуліктердің бассыздығы азайып, олардың қызметі біртіндеп Реттелген және тәртіптелген арнаға түсе бастады.

Адамзат қоғамындағы саяси дамудың жаңа кезеңінің бөлгісі құқықтық мемлекеттер нотбасының пайда болып, көбеюі. Бұл - мемлекеттік - құқықтық теория мен практиканың ғажап жетістігі, бүгінгі заманға орниеттің орнығуы.



---

70-жылдардың аяғы 80-жылдардың басындағы осы мәселелердің зерттеулерінде заң ғылымдарының бұрынғы жетістіктерінен елеулі ауытқушылықтар болды. Зерттеушілердің құқықтық әрекет аумағын қандай да бір объективті, заң шығарушыдан тыс жатқан факторлармен анықтауы сиреп, іс көбінесе мемлекеттің мақсаттары мен міндеттеріне бағытталды. М.В. Цвик және Г.А. Борисов [3, 47 б.] тура атап көрсеткендей, мемлекеттік қызметтің аумағы құрылыстың мәнімен, сондай-ақ оның мақсаттарымен, міндеттерімен және негізгі принциптерімен, оның жекелеген органдарының қызмет аумағымен анықталады. М.Ф. Орзих құқықтық реттеу аумағының көлемін, мазмұнын орнату құқық шығарушы органдардың құзырында екенін атап көрсетті [4, 139 б.].

Аталған мәселелерді зерттеудің жағдайын жалпы сипаттай келе, құқықты тар нормативті түсінуді жақтаушылар құқықтық реттеу аумағы мен шекарасы проблемасын оқып-үйрене отырып, қоғамдық қатынастардың заңдық мәнділігін анықтау мәселесін едәуір тыңғылықты зерттегенін баса айту керек. Қоғамдық қатынастардың заңдық мәні олардың табиғатымен анықталатынын дұрыс атай отырып, мұндай қатынастардың кейбір нышандарын көрсете келе, олар сонда да қате методологиялық принципті басшылыққа алған, оның мәні - ақыр аяғында заңмен реттеу аясы мемлекеттің және қоғамның мақсаттарымен, міндеттерімен анықталады.

Бұл тұрғыдан алғанда, қоғамдық қатынастардың заңдылық табиғаты заң шығарушының субъективті көзқарасымен анықталады, ол сырттағы қатынастарға енгізіледі. Мемлекет негізінен кез-келген қоғамдық қарым-қатынасты заңмен реттейді, оны заңды, құқықты ете алады. Зерттеушілердің назарында бола отырып, заңмен реттеудің аумағы туралы мәселе ғылыми проблема болып қалыптастырыла алмайтыны түсінікті.

Көптеген әдебиеттердің мемлекеттің азаматтардың еркіндігіне, тұмыс аясына, жеке өміріне, ішкі қатынастарына, басқа да моральдық қатынастарына қол сұқпауы екендігі талай атап көрсетіліп, жалпы мемлекет тарапынан да, өмірге мемлекеттік қол сұғушылықты шектеу принципі негізделген. Заң шығару тәжірибесі жалпы методологиялық принциппен жүрді, құқық теориясын жасаушылардың нормативтік-құқықтық реттеуге қандай да болмасын бір тосқауыл қою талаптарын жоққа шығара отырып, заңмен реттеу аумағына жаңа-жаңа қоғамдық қатынастарды тартты, бұл заңның үстемдігін нығайтуға түк те ықпал етпеді.

Осының салдарынан заңдар моральдық және идеологиялық мазмұндағы ұғымдармен және категориялармен толықтырылды, олар саяси конъюнктураның ауытқушылықтары кезінде кезекті саяси топтың пайдасына қолданылды. Заңдарда бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген «социалистік қоғамдық өмір сүру (общезитие) ережесі», «социализм құрудың мүдделері», «азамат деген жоғары атақ» сияқты ұғымдар осыған мысал бола алады. Осы орайда «кеңес азаматы жоғары атағына кір келтіретін әрекеттер» деген формула халықтың мақтанышы болған көптеген мәдениет, ғылым қайраткерлерін, жазушыларды азаматтықтан айыруда ең ыңғайлы құрал болғанын еске түсіру жеткілікті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Акимов В.И. Понятие пробела в праве // Правоведение. – 1969. - №3. – С. 11-17.
- 2 Подкуйченко В.Н. О пределах правового регулирования социалистических общественных отношений // Вестник Московского университета. Юрид. Серия. –

---

1966. - №3. – С. 67-77.

3 Цвик М.В., Борисов Г.А. О юридической деятельности советского государства // Проблемы социалистической законности на современном этапе коммунистического строительства. – Харьков. – 1978. – 241 с.

4 Орзих М.Ф. Пределы и сфера правового регулирования в развитом социалистическом обществе // Советское государство и право. – 1980. - №6. – С. 139.

### **Резюме**

В данной статье рассматривается место верховенства закона в построении правового государства Казахстан, пути ее реализации и различия в сфере правового регулирования и общественных отношений, закрепленных законам.

### **Summary**

This article discusses the place of the rule of law in the construction of the rule of law of the Kazakh Republic, the ways of its implementation and the difference in the sphere of legal regulation and social relations enshrined in modern laws.

УДК 340.15(574)

**Атантай Т.  
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының  
магистранты  
ғылыми жетекші:  
з.ғ.к., доцент Ильясова Б.Қ**

## **ҚАЗАҚСТАНДА ПРЕЗИДЕНТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ОРНЫҒУЫНЫҢ ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Мақалада Қазақстанда Президенттік басқару жүйесінің орнығуының тарихи-құқықтық алғышарттарының Қазақстанда Президенттік басқару жүйесінің орнығуының тарихи-құқықтық алғышарттары, ерекшеліктері қарастырылып кетеді. Сондай-ақ, президенттік биліктегі конституциялық құқықтық мәртебесі, мемлекет басшысының өкілеттігі талданады.

**Кілт сөздер:** Президент, мемлекет, қоғам, билік, өкілеттік, мәртебе, Конституция.

Президент институтын Қазақстанда енгізудің елімізде тарихи-құқықтық алғышарттары қалыптасқан болатын. Оған Қазақстандық ХХ ғасырдың басындағы ұлттық интелгенцияның саяси-құқықтық қызметі ерекше ықпал етті. 1916-1917 жылдары Ресейлік дағдарыс кезінде тұңғыш рет қазақ зиялылары ұлттық ұйым, партия, мемлекеттік құруға әрекет жасады. Бұл “Алаш” қозғалысынан және осы аттас партияның құрылуынан айқын көрінді. Ұлттық либералдық интелгенцияны біріктірудің бастамашылары **Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М.**

---

Дулатов, Жанша және Хәлел Досмұхамедовтер, Х. Ғаббасов, М. Тынышпаев, Ә. Ермаков тағы басқалар болды.

1917 жылдың 21-26 шілдесінде Қазақстанның барлық аймақтарының өкілдері Орынборда жиналып Бірінші жалпы қазақ съезін өткізді. Съезде “Алаш” партиясы құрылып, оның бағдарламасы белгіленді. Ал, 1917 жылдың соңында 5-12 желтоқсандарда Орынборда Екінші жалпы қазақ съезі шақырылды. Нақ осы екінші съезде тұңғыш қазақ мемлекеттілігін – Алаш Орданың құру қолға алынды. Алаш Орда лидерлері Ресейдің құрамындағы ұлттық автономия үшін күресті. Ұлттық автономияға кепілдік алу үшін “Алаш” партиясы аса күрделі келіссөздер жүргізуге дейін барды. 1918 жылы наурызда Москваға большевиктер көмегімен келіссөздер жүргізу үшін Оралда ағайынды Жанша және Хәлел Досмұхамедовтар жіберілді. Делегаттар В.И. Ленин мен және ұлттар жөніндегі халық комиссары И. Сталинмен кездесті. 1918 жылдың сәуірінде аталған тұлғалармен телефон арқылы Ә. Бөкейханов, Х. Ғаббасов және Ә. Ермаков сөйлесті.

Әңгіме барысында бір ғана мәселе территориялық – ұлттық автономия құру мәселесі қозғалды. Алайда “Алаш” партиясының бағдарламасы большевиктер тарапынан түсіністік таппады. Себебі бағдарлама Ресей демократиялық федеративтік республикасының құрамында автономия құру идеясы ұсынылған еді. Большевизмнің идеологтары мемлекеттің федеративтік құрылымын өткінші де, уақытша құрылым ретінде алды. Түпкілікті мақсат, ниет қатаң бір орталықтан мемлекет құру болатын.

1917 жылдың қарашасында қабылданған Қазақстанның “Алаш” партиясының бағдарламасында үкімет басында құрылтай жиналысы мен мемлекеттік Дума сайлаған президент басқаруы қажет деп жазылған. Көріп отырғанымыздай Қазақстанды сол сездің өзінде мемлекеттік құрылымды демократияландыру идеяларымен қатар президенттік институтта ұсынылған. Алайда, жеңген Кеңестердің жаппай озбырлығы және мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында партиялық басшылықтың монополизмі демократиялық институттардың орнығуына мүмкіндік бермеді.

Кеңестік билік жүйесіндегі мемлекет басшысы институтының өзіндік ерекшеліктері бар. Кеңестік кезеңнің конституцияларында “мемлекет басшысы” институты ұғымы мүлде жоқ. 1918 жылғы РСФСР-дің Конституциясына сәйкес 3 бөлім мемлекет биліктің және басқарудың жоғарғы органдары болып, кеңестердің Бүкіл Россиялық съездері, Бүкіл Ресейлік Орталық атқарушы комитет, сондай-ақ, РСФСР халық комиссарлар кеңесі мен халық комиссариаттары [1, с. 8] жарияланады. Қазан төңкерісінен соғысқа дейінгі орталықта КСРО-да мемлекет басшысы қызметі мен өкілеттігін, заң шығару және басқаруды КСРО Орталық атқару Комитеті және олардың Президиумы жүзеге асырды, яғни мұнда мемлекет басшысы институты ұйымдық жағынан оқшауланған жоқ. Заң шығару мен атқару қызметі ол уақытта КСРО халық комиссарлары кеңесі мен республика үкіметтерінің деңгейінде топтастырылды, яғни мемлекет басшысы институты ұйымдық жағынан оқшауланған жоқтын. Мұның барлығы Кеңестердің толық билігі концепциясына байланысты болды. Және де кеңес жүйесі “биліктің бөлінуі” концепциясын мойындамады. КСРО-да және ҚазАССР-да мемлекет басшысы институтын оқшаулап бөлектеу мәселесі еш уақытта қойылған емес. Қоғамның жетекші және бағыт беруші күші деп Коммунистік партия мойындалды, идеологиялық және саяси пікір алуандығы теріске шығарылды. Шын мәнісінде нақты билік КСРО коммунистік партияның қолында болды, ал жоғарғы кеңестің ролі төмендетілді.

---

КСРО-ның бірінші жалпы одақтық конституциясы 1924 жылғы КСРО конституциясы болды, соған сәйкес елдің ішкі, сыртқы өмірінде де халықтық биліктің жоғарғы өкілдері, мемлекет басшысы функциясын КСРО органдары жүзеге асырды. Айта кететін жәйт, 1918 жылғы РСФСР конституциясын және 1924 жылғы КСРО конституциясын қабылдағанда мемлекет басшысы институтын ұйымдық жағынан жеке құру бекіту туралы мәселе қойылғанда жоқ еді [2, с. 4]. Тұңғыш рет КСРО-да Президент лауазымы институтын құру туралы мәселе 1936 жылғы конституцияның жобасын дайындау барысында қойылған еді. Бұл Конституцияда белгілі бір дәрежеде билікті бөлу концепциясы қабылданды. Мысалы, осы конституцияның 32 бабында КСРО-дағы заң шығару ісін жоғарғы кеңес жүргізеді деп белгілеген еді; КСРО-дағы мемлекеттік биліктің жоғарғы атқарушы және органы, үкіметі –КСРО халық комиссарлар кеңесі деп жазылды; 102 және 112 баптарда құқықтық билікті тек қана сот атқарады және соттар тәуелсіз заңға ғана бағынады деп белгіленген. КСРО конституциясында белгілеген мемлекеттік билік жүйесіне – “Президенттік” институтта “сыятын” еді. Бірақ президенттік пост бекітілді. Ресми тұрғыда бұл ВКП (б) орталық комитетінің хатшысы мен президенттік қызметтердің сыйыса алмайтындығымен түсіндіріледі. Мысалы, И.В. Сталин 1936 жылы КСРО конституциясының жобасы туралы баяндамасында “Біздің конституциялық жүйеміз бойынша, КСРО-да жоғарғы кеңеспен қатар және өзін жоғарғы кеңеске қарсы қол алатын, халық сайлаған жеке дара президент болуы тиіс емес” [3, с. 531], - деп атап өтті. Президенттік өкілеттілік КСРО жоғарғы кеңесінің Президиумына жүйеленіп, ол мемлекет басшылығының коллегиялық институты болды (себебі, жоғарғы кеңес тұрақты жұмыс істейтін орган емес мерзім – мерзім шақырылып отыратын мекеме). 1962 жылы КСРО-ның жаңа конституциясы дайындалу комиссиясы құрылған кезде Президент қызметін енгізу мәселесі қайта көтерілді. Алайда конституциялық комиссия жұмысы тоқтатылды. 70 жылдардың ортасында Л.И.Брежнев басқарған жаңартылған конституциялық комиссия құрылды. Конституциялық комиссияның осы құрамы жұмысының барысында Президенттік қызметті енгізу туралы мәселе талқыланды. Бірақ 1977 жылы дайындалған конституция жобасында бұл лауазым көрсетілмеді. Президенттік функцияны бұрынғысынша КСРО жоғарғы кеңесі президиумы атқарады деп саналды. 1977 жылғы конституцияға сәйкес КСРО жоғарғы кеңесі Президиумының құзырына мынадай міндеттер кіреді: КСРО-ның халықаралық келісім-шарттарын бекіту және бұзу; КСРО-ның азаматтығына қабылдау; КСРО-ның азаматтығынан шығару және азаматтығына қабылдау баспана беру туралы шешімдер; рахымшылық пен кешірім беру туралы бүкілодақтық актілер шығару; шетелдерді және халықаралық ұйымдарды КСРО-ның дипломатиялық өкілдерін тағайындау және шақырып алу. Шет мемлекеттер дипломатиялық өкілдерінің сенім және кейін шақырып алу грамоталарын қабылдау. Алайда бұл кезеңде мемлекет басшысы ролін нақты атқара бастаған СОКП орталық комитетінің бас хатшысы болғандықтан көп ұзамай ол КСРО жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасы қызметін қоса атқаратын болды. Сонымен, биліктің кеңестік жүйесі жағдайында мемлекет басшысы институты ұйымдық жағынан бөлек құрылым ретінде болған жоқ. Оның міндетін жоғарғы Президиумы кейінірек СОКП орталық комитетінің Бас хатшысы атқарды. Басқарудың республикалық формасына жүргізілген жоғарыдағы сараптама, бүгінде неғұрлым жиі кездесетін мемлекет басшысының заңнамалық формасы –президент институты болып табылатындығын көрсетеді. Қазіргі мемлекеттік құқықтық практика дамуының басым бағыты президенттік биліктің күшеюі тенденциясы болып отыр. Тіпті биліктің атқарушы жүйесіне президент

---

кірмейтін елдерде де ол мейлінше күшті тұлға болып, оларда да президенттік биліктің күшеюі процесі жүруде. Мемлекет басшысы институтына әсіресе өтпелі кезеңде үлкен мән беріледі. Кез-келген мемлекет өз тарихында осындай кезеңді бастан өткерді. Мемлекеттің өтпелі кезең жағдайын тұрақсыз процестердің аса ұшығатын кешенді жағдайы деп қарастырған дұрыс. Мұндай жағдайларда әлеуметтік процестерді басқару дәрежесі күрт төмендейді. Әлеуметтік процестерді өз мақсатына жетуі үшін күшті мемлекеттік билік керек. Мұнда басқару формасын таңдау мәселесі, сондай-ақ мемлекет басшысының мәртебесі айрықша мәнге ие болады. Қандай мемлекеттік форма ыдырауға бұзылуға неғұрлым бейім екендігін анықтау мақсатында бірқатар батыс ғалымдары зерттеу жұмыстарын жүргізді. Х. Линц, А. Степан, С. Мэйнвэринг, М. Шугарт және т.б. ғалымдардың пікірлері қомақты. Ғалымдардың зерттеулері өтпелі кезеңдегі әлеуметтік қайшылықтарды шешуде нақ осы президенттік басқару формасының парламенттікке қарағанда тиімді екенін көрсетті.

Парламенттік басқару формасы жағдайында атқарушы билік Парламент тарапынан тағайындалады және оған бағынышты. Басқарудың осы формасы елдердің практикасы мынаны көрсетеді, яғни күшті атқарушы билікті қалыптастыру үшін кейбір шарттарды орындау қажет. Парламентаризмге негізделген басқару формасы жоғарғы саяси мәдениетті қалыптасқан демократиялық дәстүрлері тамыр жойған қоғамдарда өміршең келеді, ал тоталитаризмнен кейінгі қоғамдарда оның нәтижесі төмен. Парламенттік республика көп жағдайда әлеуметтік–топтық мүдделердің әділ өкілдігіне бағытталады, ал президенттік басқару – тұрақтылыққа және басқарушылыққа бағдарланады. Әлеуметтік құрылымдардың тұрақсыздығы мен партиялардың қалыптаспағандығы жағдайда елдегі мемлекеттік биліктің жиі-жиі дағдарысы заңды құбылыс.

Президенттік басқару формасының ерекшелігі атқарушы биліктен салыстырмалы түрдегі тәуелсіздігі. Реформаларды жүргізу, күшті әрі оралымды билікті қажет етеді, сондықтан көп жағдайда елдегі билік вертикальды қатаң түрде үкіметтің қолында болады. Бұған қоса пост кеңестік мемлекеттерде президенттік басқарудың дұрыстығының тағы бір дәлелі қардаланған саяси және әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шұғыл шешудің қажеттігін айту қажет. Мұндай жағдайда құқықтық мемлекетті қалыптастырудың кепілі – Қазақстанда тұратын жоғарғы мемлекеттік лауазымды тұлға – Президент қана болуы мүмкін. Сонымен, мемлекет басшысы ретінде Қазақстан Республикасының Президентіне аса маңызды конституциялық функция мемлекеттік биліктің ең бірінші кезекте атқарушы тармағының жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ету жүктеліп отыр.

Біздің ойымызша, билікті қатаң бөлу моделі мемлекеттік биліктік қатынастар дағдарысының потенциалды қайнар көзі. Биліктің абсолютті бөлінуі мүмкін емес. Егер мемлекеттік билік қатаң бөліну жолымен жүрер болса, онда оның билік тармақтарының арасында қажетті өзара байланыс болмайды да біртұтас ағза ретінде мемлекеттік биліктің қызмет етуі процесі бұзылады. Осыған байланысты пост кеңестік мемлекеттер жағдайында биліктің тармақтарын жақындастыру механизмдерін жасау айрықша көкей тесті. Бұл бағытта мемлекет басшысына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Егер шет елдік тәжірибеге сүйенер болсақ заңнамалық және атқарушы билік тармақтарының іс-әрекет билігі биліктің икемді бөлінуі – басқарудың парламенттік формасын таңдаған елдерде тиімді жүзеге асырылып отырылатынын көреміз. Парламенттік Республикаларда Президент мемлекет басшысы емес, ол Парламенттің сеніміне ие Үкіметтің басшысын тағайындайды, Үкіметті Парламент сайлауында жеңіске жеткен саяси партия лидерлері басқарады.

---

Осыған сәйкес парламенттік республикаларда заң шығару және атқарушы биліктерді біртұтас саясат жүргізіліп, іс әрекет үйлесімділігі жоғарғы деңгейге жеткізілуде. Алайда, жоғарыда байқағанымыздай, пост кеңестік мемлекеттер жағдайында басқарудың парламенттік формасы барлық уақытта сәйкес бола бермейді. Осыған байланысты мемлекеттік биліктің бір тұтастығын қамтамасыз ететін басқада механизмдерді табу қажет болады. Шетелдер тәжірибесінің көрсеткеніндей мұндай жағдайларда мемлекеттік биліктің біртұтастығын қамтамасыз етуде мемлекет басшысына үлкен жүк артылады. Өтпелі кезең дәуіріндегі басқару формасын таңдау заңдылығын қарастыру мынаны көрсетеді. Басқарудың парламенттік формасы билік эталондарының бірлігін талап етеді. Алайда, қазіргі кезде пост кеңестік елдердің көпшілігінде парламенттік республикалардың толыққанды қызмет етуіне жеткілікті алғы шарттар қалыптаспаған. Президенттік басқару – қазіргі таңда ең тиімді басқару формасы болып табылады. Пост кеңестік елдердің негізгі міндеті президент билігін белгілі бір дәрежеде шектей отырып, күшті президенттік билікті құру болып табылады. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері - өтпелі кезең жағдайындағы басқарудың неғұрлым қолайлысы басқарудың жартылай президенттік формасы екендігін көрсетеді. Түбірлі реформалар жүргізудің қажеттігі, әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық жағдайындағы шындықтар – атқарушы билік жүйесін, мемлекет басшысының билігін орталықтандыруды және күшейтуді қажет етеді. Өтпелі кезең жағдайында елдегі істің жайына коллегиялді жауаптылықтан көрі, жеке дара жауаптылық тиімді болады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы мемлекеттің дербестігін қамтамасыз етуді талап етті. Бұл ауыр жүгі бар шараларды жүзеге асыру сол кезеңдегі мемлекеттік органдар жүйесінің алдында үлкен міндеттер қойды. Міне осы шараларды жүзеге асыруда Президенттің атқаратын ролі ерекше болып табылады. Осы негіздерді ескерген еліміз басқару жүйесінің президенттік нысанына басымдық берді. Президенттік басқару жүйесі өмір талабы тудырған қажеттілік болып табылады. Сондықтан да еліміздегі президенттік басқару жүйесінің қалыптасуының ерекшеліктерін айқындау және бағамдау теориялық тұрғыдан ғана емес стратегиялық тұрғыдан да маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазақстандағы президенттік басқару нысанының ерекшелігі сол билік бөлісу жүйесінде Президент билік буындарының үстінен қарау құқығына ие әрі олардың келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді [4, 42 б.]

Президенттік басқару – қазіргі таңда ең тиімді басқару формасы болып табылады. Пост кеңестік елдердің негізгі міндеті президент билігін белгілі бір дәрежеде шектей отырып, күшті президенттік билікті құру болып табылады. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері - өтпелі кезең жағдайындағы басқарудың неғұрлым қолайлысы басқарудың президенттік формасы екендігін көрсетеді. Түбірлі реформалар жүргізудің қажеттігі, әлеуметтік және экономикалық тұрақсыздық жағдайындағы шындықтар – атқарушы билік жүйесін, мемлекет басшысының билігін орталықтандыруды және күшейтуді қажет етеді. Өтпелі кезең жағдайында елдегі істің жайына коллегиялді жауаптылықтан көрі, жеке дара жауаптылық тиімді болады.

---

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Конституция (Основной Закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики // Кукушкин Ю.С., Чистяков О.И. Очерк Советской Конституции. - М.: Издат-во полит лит. - 1987. – 127 с.
- 2 Лазарев Б.М. Президент СССР // Советское государство и право. - М.: 1990. - №7. - С. 4.
- 3 Сталин И.В. Вопросы ленинизма (изд. 11-е). М.: 1939. – 734 с.
- 4 Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. - Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 368 б.

### Резюме

Статья посвящена историко-правовым аспектам становления института президентства в Казахстане. Рассмотрены исторические особенности становления института президентства, конституционные основы статуса президентской власти, полномочия первого лица государства.

### Summary

Article is devoted to historical and legal aspects of formation of institute of presidency in Kazakhstan. Historical features of formation of institute of presidency, the constitutional bases of the status of the presidential power, power of the first person of the state are considered.

УДК 343.352:324 (574+100)

Аязбек Ф.Т.  
Қайнар Академиясының  
магистранты

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС: ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТӘЖІРБЕСІ

Қазіргі кезде әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдіру үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігіне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді.

Мақалада автор Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі нормативтік-құқықтық базаның дамуын және шет елдердегі сыбайлас жемқорлықпен күрес тәжірибесін қарастырған.

**Кілт сөздер:** сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызмет, жемқорлық икемділік индексі.

---

Сыбайлас жемқорлық экономика мен әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына жағымсыз әсерін тигізеді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылардың заңсыз қимылдары үшін заңды жауапкершілікке тартылуынан жалтаруына мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегімен жазасыздықты тудырады және сот пен құқық қорғау органдарының, жалпы мемлекеттік билік беделдерінің төмендеуіне әкеледі, нәтижесінде өте қауіпті құбылыс – құқықтық нигилизм туындайды.

Қазақстанда айқын қажеттілігі біртұтас сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын тығыз қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясат мемлекет. Осыған байланысты, 2014 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне "мүлдем төзбеушілік" ахуалын құру арқылы барлық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегияда айқындалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың түйінді бағыттары:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет саласындағы мемлекеттік қызмет;
- қоғамдық бақылау институтын енгізу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет квазимемлекеттік және жеке сектордағы;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

Осы бағыттар шеңберінде "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "қоғамдық бақылау туралы", "Жария ақпаратқа қол жеткізу туралы" жаңа заңдар әзірленіп, қабылданатын болады, олар "сыбайлас жемқорлық" ұғымын қайта қарауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар арасында айқын ажыратуды жүргізуге, мемлекеттің тіршілік әрекетіне Азаматтық бақылау жүйесін құруға және енгізуге, азаматтардың жария ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі бағдарламалық бағыттарын айқындады. Содан бері мемлекеттік органдардың бақылау функциялары қысқартылып, олардың жұмысының бақылануы мен ашықтығы қамтамасыз етіледі, экономика мен бизнесте мемлекеттік қатысуы азаяды. Ендігі кезекте жаңа орган құрылған, ол мемлекеттік қызметті өткеру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінің алдын алу шаралары бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ел Президентіне тікелей бағынатын орган бола отырып, мемлекеттік қызметті, кадр саясатын тиімді іске асыруда және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуде мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіреді.

Барлығының заң мен сот алдындағы теңдігі; мемлекеттік органдардың қызметін нақты құқықтық регламенттеуді, мұндай қызметтің заңдылығы мен жариялылығын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету; жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұйымдық-басқару жүйелерін қорғаудың басымдығы; жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың зиянды зардаптарын жою және олардың алдын алу; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте жәрдемдесетін азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды көтермелеу; мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген адамдар мен соларға теңестірілген адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттің қорғауы, осы адамдарға аталған адамдар мен олардың отбасыларына



---

лайықты тұрмыс деңгейін қамтамасыз ететін жалақы (ақшалай үлес) мен жеңілдіктер белгілеу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тек Қазақстан Республикасында ғана емес, бүкіл әлем бойынша да өзекті мәселе болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың халықаралық сипатын, оның ұлттаралық сипатын түсіну бүкіл әлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігі үшін қауіп-қатерді бейтараптандыру үшін мемлекетаралық деңгейде жаһандық шаралар қабылдауды талап етеді. Сондықтан әрбір мемлекеттің назарында сыбайлас жемқорлық мәселесі, онымен күресу әдістері кездейсоқ емес. Осы басты мәселенің маңыздылығын түсіне отырып және бүкіл әлемдік қоғамдастық алдындағы өз жауапкершілігін сезіне отырып, біздің еліміз сыбайлас жемқорлық сияқты бейәлеуметтік құбылысты жоюға өз үлесін қосуда. Бүкіл әлемде қазір сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіліп жатқаны баршамызға мәлім. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жаза түрлері күшейтіліп заңнамаға түзетулер қабылдануда. Қазіргі әлемде әрбір ел сыбайлас жемқорлық мәселесін шешудің өз нұсқаларын ұсынады. Бүгінгі күнде сыбайлас жемқорлықты жоюдың мүлдем дұрыс жолдары жоқ. Алайда қысқа мерзім ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте айтарлықтай табысқа жеткен көптеген мемлекеттер бар. Мұндай мемлекеттерге Қытай, Сингапур, Гонконг, Малайзия, Португалия, Швеция, Канада, Данияны жатқызуға болады. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді әдістері әлі де бар екенін көрсетеді. Әлемдік талдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте үлкен жетістіктерге қол жеткізген мемлекеттер бірдей қағидалар мен әдістерді пайдаланғанын көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын ең қатал шаралар Қытайда ерекшеленеді, онда құқық бұзушылықтың осы түрі үшін жазалаумен өлім жазасы қарастырылған. Статистикалық мәліметтерге қарағанда, аспан асты елінде әр күні 3 шенеунікті сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасаған қылмыстары үшін өлім жазасына кесіледі екен. Бірақ тіпті мұндай қатал жазада Қытай шенеуніктері үшін кедергі емес. Қытайдың оңтүстігінде мемлекеттік қызметкерлерге арналған арнайы партиялық мектептер құрылған. Бұл мектептерде мемлекеттік қызметшілерге пара алуға құмарлықпен күресуге көмектесетін дәрістер оқытылады. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тай-цзи" сабақтары кезінде медитация, шығыс жекпе-жегі және жаттығу элементтері біріктірілген. Қытайлық сот төрелігінен өз қызмет бабын пайдаланып, ешкімге қашып кетуге немесе жасырынуға болмайды. Барлық шенеуніктерге, ұсақ әкімшілік қызметкерлерден ірі басшыларға дейін пара алу үшін сот алдында бірдей қатаң жауап беруге тура келеді. Халықаралық сарапшылар мен бақылаушылардың көп саны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қытайлық әдістері нәтиже бергенін атап өтті: жылына 45 мың шенеунік және 20 мың құқық қорғау органдарының қызметкері темір торға жіберіледі.

Сонымен қатар Сингапурдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты өзінің жетістіктерімен таңқалдырады. Сингапур елі сыбайлас жемқорлыққа қатысты ең «таза» мемлекеттердің қатарында. Бұл елде жемқорлықпен күресу үздіксіз жүргізіліп отырады.

Сингапур елінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басты идеясы «жеке тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты әрекет жасауға мүмкіндіктерін, жағдайларын болдырмауға мейлінше тырысу» болып табылады. Бұл бірқатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымдардың негізінде жүзеге асырылады, мысалы: мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы жеке секторларда табысты жұмыс істеп жүрген тұлғалардың орташа еңбекақысы көлемінде есептелінеді; пара беруші де, пара алушы да жақтарға қатаң шаралар қолданылады. Мемлекеттік лауазымдық тұлғалардың мүлкі, активтері, қарыздары туралы жыл сайын тексеру жүргізіледі;

---

саяси сатылмайтын көшбасшылардың моральдық беделін қолдану үшін жоғары лауазымдардағы шенеуніктердің жемқорлыққа қатысты әрекеттеріне қатаң түрде қарау; сыбайлас жемқорлық жағдайлары туралы хабарлаған адамдар жайлы құпия ақпараттарды қатаң сақтау; әр 3-5 жыл сайын сыбайлас жемқорлыққа қатысты жүргізілген шараларға мониторинг, талдау, сараптама жүргізу.

Мемлекеттік қызметті дарынды, қабілетті, мемлекеттік қызметшілермен қамтамасыз ету үшін, мектеп қабырғасындағы келешегі зор, озық оқушыларды анықтап, оларды оқу барысында қолдап, университеттерге түсіру үшін шәкіртақылар тағайындап, шетелдерге оқыту мәселесіне көңіл бөлген. Біртіндеп Сингапур мемлекеттік қызметінде ең дарынды әрі қабілетті, білікті мамандар жұмыс істей бастады.

Әлемдік тәжірибеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мындаған әдістері бар, бұл күрес мемлекеттік саясаттың бір бөлігіне айналды. Өйткені пара алу барлық жерде бар болғандықтан, бұл құбылыспен барлық жерде әртүрлі күреседі.

Сыбайлас жемқорлықтың бірінші себебі - төмен жалақы.

Сингапурда министрлер мен жоғары лауазымды адамдарға еңбекақы төлеу жеке секторда табысты жұмыс істейтін адамдардың (адвокаттардың, банкирлердің және т.б.) орташа жалақысына байланысты формулаға сәйкес белгіленеді. Мұнда мемлекеттік қызметкерлердің еңбегін бағалаудың жүйесі болып табылатын "нарықпен қозғалыс" қағидаты жұмыс істейді. Сингапурдағы мансаптық өсу жолы өте ұзақ және өте күрделі, ал бұл елде мемлекеттік жұмысқа орналасу оңай емес. Сондықтан бірде-бір министрлер мен мемлекеттік қызметшілер өз лауазымнан, және жоғары жалақысынан айырылғысы келмегендіктен, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне бара қоймайды.

Голландияда мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттері анықталмаған, немесе өз әріптестерінің сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін ашқан лауазымды тұлғаларды ұзақ уақыт бойы жағымды әрекеттері үшін материалдық тұрғыда көтермелейді.

Сыбайлас жемқорлықтың екінші себебі-бюрократия.

Оңтүстік Кореяда мемлекеттік мекемелерді реформалау арқылы бюрократиялық рәсімдерді оңайлату мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге айтарлықтай ықпал етті. Құжаттарға қажетті қол қою, бақылаушы, лицензиялаушы және басқа да мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін шенеуніктермен тікелей байланыс саны азайды.

Бұл жағдайда ең үздік мысал ретінде 1999 жылы іске қосылған және азаматтарға мемлекеттік шенеуніктердің өз өтініштерін қарау процесін Интернет арқылы бақылауға мүмкіндік берген «OPEN» Сеулдік бағдарлама жүйесі болып табылады.

Осы бағдарламаның арқасында азаматтар кез келген уақытта өз өтініші бойынша құжаттардың қаралу барысын қадағалай алады. «OPEN» азаматтардың өтініштерін қарауды онлайн бақылау жүйесі, қала әкімшілігінің жұмысында ашықтықты қамтамасыз ететін, шенеуніктердің азаматтардың істерін әділетсіз қарауы немесе қажетсіз сымдардың алдын алуға мүмкіндік береді, азаматтарға сыбайлас жемқорлық көріністері неғұрлым ықтимал жағдайларда қандай да бір іс бойынша рұқсат беру немесе санкция беру туралы мәселелердің қалай шешілгенін қадағалауға және қандай да бір бұзушылықтар байқалған жағдайда наразылық білдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, әкімшілік қызметінің қамтамасыз етілген ашықтығы сыбайлас жемқорлықты жою үшін алғышарттар жасайды. азаматтарға сыбайлас жемқорлық көріністері неғұрлым ықтимал жағдайларда қандай да бір іс бойынша рұқсат беру немесе санкция беру туралы мәселелердің қалай шешілгенін қадағалауға және қандай да бір бұзушылықтар байқалған жағдайда наразылық білдіруге мүмкіндік береді.

---

Осылайша, әкімшілік қызметінің қамтамасыз етілген ашықтығы сыбайлас жемқорлықты жою үшін алғышарттар жасайды.

2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Оңтүстік Корея Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңы кеңінен халықаралық деңгейде мойындалды. Осыған сәйкес сыбайлас жемқорлық туралы тергеуді бастау құқығы елдің кәмелетке толған кез келген азаматына іс жүзінде берілген: аудит және инспекция комитеті (Оңтүстік Кореяның сыбайлас жемқорлыққа қарсы бас органы) кез келген өтініш бойынша айыптауларды тергеуді бастауға міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басты қару – тұрақтылық. Мемлекеттік қызметшілер жағдайының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық елде қолайлы жағдайлар жасалған. Оларға саяси күйзелістерге байланысты орын жоғалту қаупі жоқ, ал егер олар өз міндеттерін өрескел бұзуға жол бермесе, онда олар іскерлік қасиеттерге сәйкес қызмет бабында жоғарылатудың нақты мүмкіндігіне ие болады.

Мысалы: АҚШ-та, жыл сайын мемлекеттік қызметшілерден олардың мүлкін, активтері мен борыштарын декларация үшін арнайы нысандарды толтыру талап етіледі. Бұл ретте жоғары лауазымды шенеуніктердің табысы туралы мәліметтер кең жұртшылық үшін ашық. Ал Жапонияда жоғары лауазымды шенеуніктер өткен жылғы табыстары туралы баяндауға міндетті және бұл мәліметтер қоғам үшін ашық болуы тиіс. Іс жүзінде барлық өркениетті елдерде сыбайлас жемқорлыққа байланысты барлық материалдар, егер олар ұлттық қауіпсіздік жүйесін қозғамаса, жұртшылық үшін қолжетімді болады. Біздің еліміз үшін тағы бір пайдалы тәжірибе - дамыған елдердегі сыбайлас жемқорлық әрекеті үшін жазалаудың негізгі шарасы мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істеуге тыйым салу және Мемлекеттік қызмет көрсететін барлық әлеуметтік жеңілдіктердің жоғалуы, мысалы, зейнеткерлік және әлеуметтік қызмет көрсету болып табылады. Жазалау шкаласы да қомақты ақшалай айыппұлдарды қамтиды. Ал кейбір елдерде заңнама парақорлықты Конституция мен мемлекеттік опасыздық актісін бұзуға теңестіреді.

Егер еліміздің әр азаматы мемлекеттік билік және басқару қызметкерлерімен араласудың тәртіп ережелерін нақты біліп, өз алдында тиянақты және нақты мәселелер қойып сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл болса, бұл сыбайлас жемқорлық дәрежесінің едәуір төмендеуіне әсер ететін еді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Ағыбаев А. Парақорлық үшін жауаптылықтың шет мемлекеттердегі көрінісі Заң 2005 ж.
- 2 2014 жылғы Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы.
- 3 Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру бойынша Методикалық нұсқаулық. 2009 ж
- 4 Сингапур сыбайлас жемқорлықты жеңген ел – Дипкуррьер. Интернет №21 маусым 2001 ж

#### **Резюме**

В настоящее время в мире непрерывно ведутся работы по совершенствованию и усилению борьбы с коррупцией. В мире нет уникального набора механизма борьбы с коррупцией, который будет выгоден всем странам, совокупность методов, применяемых в борьбе с коррупцией каждого государство разное не только в

---

политической и экономической стабильности страны, но и в обычаях и традициях, религиозной специфике, численности населения и др.

Автор посвящает статью правовой характеристике состава уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность, которая является основой уголовной ответственности, вопросам, возникающим в процессе квалификации преступного деяния.

### Summary

Currently, the world is continuously working to improve and strengthen the fight against corruption are constantly. There is no unique set of anti-corruption mechanism in the world that will benefit all countries, a set of methods used in the fight against corruption, each state is different, it is not only in the political and economic stability of the country, but also in customs and traditions, religious specifics, population, etc.

The degree of corruption in the Republic of Kazakhstan and development at normative-low data of fighting against corruption and experience of fighting against corruption in foreign countries are considered in the article.

УДК 340.15(574)

**Әбдірахманова А.И.**  
**Д.А. Қонаев атындағы**  
**Еуразиялық заң академиясының магистранты**  
**ғылыми жетекші:**  
**з.ғ.к., доцент Тағаев А.У**

## **ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БАСТАУЛАРЫ**

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мемлекеттік биліктің мәні мен маңызын ашу, оның құрамдас бөліктерін анықтау, олардың қазақ қоғамындағы атқарған қызметтерін зерделеу, мемлекеттік билікті жүзеге асыруды қамтамасыз етуші органдар және оның әдістерін айқындап кеткен.

**Кілт сөздер:** Мемлекет, қазақ мемлекеті, қоғам, , көшпелі қазақ мемлекеті, мал шаруашылығы және т.б.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мемлекеттік биліктің негізгі нысандармен жүзеге асу ерекшеліктері сан ғасырлық тәжірибеде, дәстүрлі құқық нормаларымен тәртіптеліп жатқан тұстарын кездестіре аламыз. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мемлекеттік биліктің негізгі нысандары болып табылатын жалпы халық билігі, сот билігі, халық жиналысы, билер кеңесі, хан кеңесі ғұн, үйсін дәуірлерінің өзінде белгілі тәртіппен шақырылып, қаралатын мәселелері белгіленіп отырған. Қазақ хандығы тұсында мұндай билік жүйесі де белгілі жол-жараға сәйкес тәртіптеліп отырды. Қазақ хандығының бізге белгілі үш қайнар көзі бар, соның алғашқысы «Қасым ханның Қасқа жолы» болып табылады. Қасым хан заң жинағы бізге толық күйінде жете қойған жоқ. соған қарамастан, ғалымдар тарапынан ол заңның реттеген мәселелер туралы айтылған пікірлер бар. Мысалы, қазақтың белгілі ғалымы Ә.Х. Марғұлан Қасым ханың заңдары мынандай бөліктерден тұрды дейді:

---

«1 Мүлік заңы (Жер дауы. Мал- мүлік). 2 Қылмыс заңы (ұрлық, кісі өлтіру, талау, шабу). 3 Әскери заң (аламан міндеті, қосын жасау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат). 4 Елшілік жоралары (майталмандық шешендік, халықаралық қатынастағы сыпайылық, әдептілік). 5 Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке үстіндегі ережелер, жасауыл, бекеуіл, тұтқауылдардың міндеті)» [1, 295 б.]. Әрине, бұл заңда халық билігі тікелей реттеліп, көрініс таппаса да, оның негізгі жоралғылары орын алған деп санаймыз. Өйткені, Қасым хан кезеңінде де жаугершілік заман болғандықтан, халық құрылтайы, билер кеңесі, хан кеңесі жиі-жиі шақырылып тұрған. Кейінгі Есім хан заманында өмірге келген ескі жолда да, хан билігіне қатысты нормалар болған деп айта аламыз. Есім ханның кезінде оның қасында ақыл-кеңес беріп отыратын тұрақты билері болды. Әрине, Есім хан заңы да бізге толық күйінде жете қойған жоқ. Соңғы кезеңде Есім хан заңының негізгі бағыттарын кейбір ғалымдар былай ажыратып жүр: «Есім хан бұрыннан келе жатқан жол-жоралғыларды бір ретке келтіріп, заман ыңғайына қарай оның бойына жаңа нәр береді. Сондықтан да, ол халық жадында «ескі жол» ретінде бекиді. Осы уақытқа дейінгі бізге жеткен аңыздарды, деректерді саралай келе, бұл ескі жолмен сол кезеңге дейінгі қазақ еліндегі заңдарға мынадай толықтырулар мен түзетулер енгізілген деп пайымдаймыз. I Елдің тәртібіне қатысты жоралғылар (хан пәрменіне, батыр, абыз ісі, би мәртебесі). 1. Құн тарту жоралғылары (өнер құны, сүйек құны және құн ісін жайғастыру). 2. Жесір ісіне қатысты жоралғылар (әмеңгерлік және жесір дауын шешу жолы). 3. Жаза белгілеу жоралғылары (жан жазасы, мал жазасы, ар жазасы және оны тарту тәртібі)» [2, 84-85 бб]. Есім хан заманында билер кеңесінің жиі шақырылатындығы туралы қазақ жырауларының толғауларында талай айтылады. Халық билігінің жоғарыдағы негізгі нысандары да осы заң арқылы дамытылды. Қазақ хандығы тұсындағы ең ірі заңның бірі, қазақ елінің бас Конституциясы ретінде аталып жүрген Жеті жарғы екендігі белгілі. Жоғарыдағы екі заңға қарағанда жеті жарғы заңының кейбір үзінділері бізге жеткен.

Жеті жарғының негізгі үзінділері А. Левшиннің еңбегі арқылы белгілі. Соңғы кезеңдердегі жарғының негізгі баптарынан мәлімет беретін пікірлер де көптеп қалыптаса бастады. Мысалы, Жеті Жарғы заңы мынандай бөлмдерден тұрады дейді: «Бірінші һәм негізгі сала - жер дауы. Қыс қыстау, жаз жайлау, қоныс, құдық - мал баққан елдің атадан балаға мирас қып қалдыратын еншісі. Өйткені жер - атамекен, кіндік-жұрт, отан. Жер - тіршілік етер ортасы, баба моласы, кіндік байлар қасиетті тұрағы. Сондықтан көшпелілер үшін жерден киелі ештеңе жоқ. Жер дауынан қиын дау да жоқ. Екінші сала - үй ішілік тірліктегі сыйластық, байланыстылық, әке мен бала, ене мен келін арасындағы қарым-қатынас, үлкен мен кіші арасындағы сыпайыгершілік, ата-анаға деген құрмет, жастарды тәрбиелеу, баулу сияқты инабаттылық, имандылық шаралары. Өйткені, «баланы жастан» дейтін қағиданы қатты ұстанған халқымыз ұл-қызын ибалылыққа үйретіп, имандылық қасиетке икемдеп отырған ғой. Үшінші тармақ ұрлық пен қарлыққа, барымта мен сырымтаға кедергі қойып, бұқараны адалдыққа шақырып, еңбекпен күнелтуге бейімдеген заңдар тізбегін қамтиды. «Арам жемейік, адал өлейік» дейтін пікір сол кезде қалыптасса керек. Жарғының төртінші бабы ел мен ел, халық пен халық, ру мен ру арасындағы дау-дамайды әділдікпен шешуге арналған. Ынтымақтық тілеген ел дауды бүлікпен емес билікпен тындыруды көздегені ақиқат. Өйткені, Қазыбек би өмірі - соның ақиқат куәсі. Сондықтан бұл тармақтың қазақ даласы үшін де, қазақ баласы үшін де мәні зор екені даусыз. Бесінші бап ел бірлігін сақтау, отанын қорғау, сыртқы жауға тойтарыс беру, жасақ құру, сардар сайлау, сауын айту тәрізді жаугершілік кезіндегі мемлекеттік ірі оқиғаларды қамтыған ереже-қағидалар шоғырын түзсе керек. Алтыншы тармақ түгелдей құн дауына бағытталған. «Қанды кек», «қанды мойын

---

құныкер», «ежелгі дұшпан», «ескі жау» ұғымдары қалыптастырған қаталдық пен қатыгездікті жұмсартып, онсыз да оңай желпілдегіш түндігіне одан сайын жел үрлемей, жаттан емес, жақыннан жау тапқызатын қатқылдылықты иітуге барын салған үш бидің, соның ішінде, Қаз дауысты Қазыбектің де мәмілегер даналығы бар бұл тармақта. Өлімді өліммен көбейтпей, ізгілік тілекпен Өмірді арашалаған, Өмірді қорғаған бұл әрекеттің маңызы да ерекше. Тағы да дәлелге жүгінейік. Қасым мен Есімхандардың әдет-ғұрып заңдары бойынша кісі өлтірген айыпкердің шаңырағы ортасына түсіріліп, қара орманы бүлдіргісіне дейін түк қалынбай түгел таланып, өзі өлім жазасына бұйырылатын болған. Ал, «Жеті жарғыда» бұл даудың жазасы әжептеуір жеңілдене түскен. «Қанға-қан» жойылып, енді құн төленіп, айып кесілетін болған. Және ол айып - жеті айып аталған. Олар мыналар: Бірінші айып – «қара қазан» төлеу. Қара қазан төлеуі - айыпкердің шаңырағының ортасына түскенінің белгісі. Екінші айып – «қара нар беру». Сол қара нармен өлген кісі атақты адам болса Түркістанға апарылып қойылатын болған. Үшінші айып – «қара мылтық алу». Қара мылтықты алу - қылмыскердің күшін алуы, қаруын жоюы. Бұдан кейін ол өлгенмен тең болмақ-мыс. Төртінші айып – «қара шолақ бие жетектету». Қара шолақ бие жетектету айыпкердің ырысының шайқалуының анық нышанына бағаланған. Бесінші айып – «қара кілем ұстату». Қара кілем ұстату - тұралағандықтың көрінісі саналған. Алтыншы айып – «жетім беру». Ол көңілде кірбіндік қалмасын, аралас -кұраластық басталсынды меңзеген. Жетінші айып – «жесір бастаған тоғыз жөнелту». Ол - қанжыны араласып, ағайынның қылшықсыз табысуының басы деп есептелінген. Әрине бұл жерде біз айыптың шешімінің бәрін қолмен қойғандай етіп шегелеп айттым деуден аулақпыз. Бізге жеткен қисындардан түйіндеген жобаны ғана ұсынып отырмыз. Өзгелердің дәлелмен өзгерткен басқа нұсқалары бар болса қарсылығымыз жоқ.

Енді «Жеті жарғының» ең соңғы жетінші тармағына көшелік. Бұл тармақ тұтастай жесір дауынан құралады. Әрине, ол тұста ру мен руды, ауыл мен ауылды әрі біріктіретін де, әрі бөлектейтін де жесір дауы болғаны рас. «Құда боп төс түйістіріп, көңіл қосып, құшақ табыстырған қазақ осы қыз дауы, жесір дауы арқылы аттан-айқайға басып, сойыл-шоқпарға жармасып, барымта-сырымтаға аттанып, оқ боратып, шаң суырып, бас жарып, білек сындырып, қан ағызып, көз шығарып, алыс-жұлысқа да, төбелес-ұрысқа да, сойқан соғысқа да барып қалатын. Сол себепті де ең бір осал тұс, өкпе сызы көп, айқай-жанжалы мол, ұрыс-керісі орасан осы жесір дауына үш бидің - Төленің, Қазыбектің, Әйтекенің «Жеті жарғысы» қатты көңіл бөлген көрінеді» [3, 73-74 бб.]. Кейбір ақын-жыраулардың еңбектерінде де Жеті Жарғының негізгі жобасы топшалаанады. Сондай дастанның бірінде. Жеті жарғының құылымымынандай бөліктен тұратындығы тілге тиек етіледі:

«Жер дауы баяндайын - біріншісі,  
Ру, қоныспенен меншікті ісі.  
Иеленген жеріне жанжал болса,  
Біреуге басымдық қып озбыр кісі,  
Үй іші мен баланы тәрбиелеу-  
Болған жосын заңының екіншісі.  
Ұрлық, қарлық, барымта – үшінші заң,  
Баян етер бәрін де білген кісі.  
Төртінші боп саналған мынау заңы,  
Бір халық пен басқа ру болса дауы.  
Ұлтын жаудан қорғамақ – бесінші бұл,  
Алтыншы, жетінші - құн дауы, жесір дауы,  
Есім ханның күнінде ауыр еді.

---

Осылардан қиын боп ажырауы.  
Кісі өлтірген айыпкер болса кісі,  
Қасым хан мен Есім хан мынау ісі.  
Шаңырағын түсіріп ортасына,  
Сау қоймайтын ол үйдің бүлдіргісі.  
Тәуке хан мен Төле би жеңілдетіп,  
Жеті айып төлетті келсе күші.  
Қара қазан - бірінші кесім еді,  
Шаңырағын ортаға түсіргені.  
Екіншісі қара нар төленетін,  
Жобаменен жоғарғы шешімдегі.  
Алып барып Қаратау, Түркістанға,  
Қойсын өлген сол үлкен кісіні енді.  
Қара мылтық үшінші беріледі,  
Сол үлкеннің қаруы күші - деді.  
Қара шолақ бір бие –төртіншісі  
Жеңілгендік өлтірген ол белгісі.  
Ол ағзалы киеді болған кісі,  
Жетім бастап алтыншы қара кілем,  
Жеткізеді тоғызға түр-түрімен.  
Жесір бастап жетінші тоғыз беріп,  
Жарастырып Қоңырды өлтіргенмен.  
Былай еді жетінші жесір дауы,  
Құда болған ажырап кетсе жары.  
Ал мынадай үш тоғыз айып салып,  
Берген малдың үстіне жамалады.

Айтысты деп айтатын қариялар» [4, 207-208 бб.]. Міне, көріп отырғанымыздай, Жеті жарғы заңында қазақ қоғамында аса маңызды қатынастар өзінің нормативтік сипатын тауып отырды. Осы Жеті жарғыда біздің ойымызша, хан билігінің нысандары да айшықталып, белгіленген болатын. Тәуке хан заманына қатысты деректердің барлығында халық жиналысы, хан кеңесі жиі шақырылғандығы сөз болады. Сол кезеңдерден белгілі «Күлтөбенің басында күнде кеңес», - деген халық жадында сақталған сөздің өзі оймызды дәлелдейтіндей.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Қазақ совет энциклопедиясы / Жал. ред. Қ. Қаратаев. - Алматы, 1972. - 4 Т. - 954 б.
- 2 Қуандықов Б.Ж. Әйтеке бидің билік - шешімдері. - Алматы: Өркениет, 2003. - 145 б.
- 3 Үш пайғамбар / Құраст. А. Нысаналы. - Алматы: Дәуір, 1992. - 184 б.
- 4 Байболұлы Қ. Төле би. Алматы. - 1991. – 182 б.

#### **Резюме**

В статье автор проводит комплексное исследование сущности и содержания, этапов развития, основных функции, главных компонентов государственной власти в

---

традиционном казахском обществе, а также рассматривает методы и органы обеспечивающие государственную власть.

### **Summary**

The author in article does a complex research of essence and contents, development stages, the main to function, the main components of the government in traditional Kazakh society and also to consider the methods and bodies providing the government.

УДК 347.21:346(574)

**Әзімхан Я.**  
**Магистрант Евразийской юридической**  
**академии имени Д.А.Кунаева**  
**научный руководитель:**  
**д.ю.н., профессор**  
**Уваров В.Н.**

### **ПРОБЛЕМНЫЕ АСПЕКТЫ ЗАЩИТЫ ИМУЩЕСТВЕННЫХ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РК**

В данной статье автор рассматривает процессуальные гарантии реализации субъективных прав сторон третейского разбирательства и включают в себя систему принципов третейского разбирательства, отражающие специфику правовой природы третейского разбирательства.

Несмотря на достаточно высокие темпы развития предпринимательства в последние годы, существует ряд проблем, препятствующих качественному росту экономики. К таким проблемам относятся:

1) несовершенство законодательной базы (законодательство о частном предпринимательстве содержит устаревшие нормы; по ряду вопросов развития МСБ отсутствуют четкие нормы, что ведет к увеличению административных барьеров и двойкой трактовке норм действующего законодательства);

2) отсутствие критериального определения субъектов предпринимательства (критерии отнесения субъектов предпринимательства к категории малого и среднего бизнеса не соответствуют мировой практике);

3) административные барьеры;

4) низкая конкурентоспособность продукции и т.д.

Одним из объектов гражданско-правового регулирования являются предпринимательские отношения. Нормы гражданского права регулируют не только правоотношения, возникающие в сфере предпринимательства, а также нормы направленные на защиту прав и законных интересов предпринимателей. Согласно ст. 10 Гражданского кодекса РК - предпринимательство это инициативная деятельность граждан и юридических лиц, независимо от формы собственности, направленная на получение чистого дохода путем удовлетворения спроса на товары (работы, услуги), основанная на частной собственности (частное



---

предпринимательство) либо на праве хозяйственного ведения государственного предприятия (государственное предпринимательство). Предпринимательская деятельность осуществляется от имени, за риск и под имущественную ответственность предпринимателя [1].

Конкретные вопросы, связанные с реализацией конституционных прав на свободу выбора деятельности и профессии, свободу предпринимательской деятельности, регулируются достаточно большим количеством законодательных актов, к числу которых относятся Гражданский, Гражданский процессуальный, Налоговый и Таможенный кодексы, законы «О частном предпринимательстве», «О конкуренции и ограничении монополистической деятельности», «О лицензировании» и другие нормативные правовые акты.

Защита прав и законных интересов предпринимателей – это предусмотренная законом система мер, направленная на то, чтобы обеспечить неприкосновенность права, его осуществление, восстановление в случае нарушения и ликвидацию последствий нарушений.

Контроль и надзор за деятельностью субъектов предпринимательской деятельности сегодня является самым актуальным вопросом для предпринимателей и для государства.

Статья 9 Гражданского кодекса Республики Казахстан определяет органы, осуществляющие защиту права, средства (способы) и порядок защиты - судом, арбитражным судом или третейским судом.

Статья 10 Гражданского кодекса Республики Казахстан предусматривает защиту прав предпринимателей. В комментируемой статье указано, что государством гарантируется свобода предпринимательской деятельности и оно обеспечивает ее защиту и поддержку.

Права предпринимателей, осуществляющих деятельность, не запрещенную законодательством, защищаются:

- 1) возможностью осуществления предпринимательской деятельности без получения чьих-либо разрешений, кроме лицензируемых видов деятельности;
- 2) максимально простым явочным порядком регистрации всех видов предпринимательства во всех сферах экономики в одном регистрирующем органе;
- 3) ограничением законодательными актами проверок предпринимательской деятельности, осуществляемых государственными органами;
- 4) принудительным прекращением предпринимательской деятельности только по решению суда, вынесенному по основанию, предусмотренному законодательным актом;
- 5) установлением законодательными актами перечня работ, видов товаров и услуг, которые запрещены для частного предпринимательства, запрещены или ограничены для экспорта или импорта;
- 6) привлечением государственных органов, должностных лиц, а также иных лиц и организаций к установленной законодательством имущественной ответственности перед предпринимателями за неправомерное воспрепятствование их деятельности;
- 7) запрещением исполнительным контрольным и надзирающим органам вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями этих органов.

Государство гарантирует свободу предпринимательской деятельности и обеспечивает ее защиту и поддержку. Так, согласно ст. 26 Конституции Республики Казахстан от 30 августа 1995г. «каждый имеет право на свободу

---

предпринимательской деятельности, свободное использование своего имущества для любой законной предпринимательской деятельности» [2].

Конституция Республики Казахстан 1995 года провозгласила право каждого на свободу труда, свободу выбора рода деятельности и профессии (п.1 ст. 24). Принципиальная новелла данного положения обусловлена изменением роли государства, переставшего быть единственным собственником всех средств производства в обществе, экономическую базу которого составляет рыночная экономика, основанная на различных формах собственности. Вследствие этого государство перестало быть единственным работодателем, обеспечивающим получение каждым его гражданином гарантированной работы.

Согласно статье 10 ГК РК, права предпринимателей, осуществляющих деятельность, не запрещенную законодательством, защищаются следующим образом: возможностью осуществления предпринимательской деятельности без получения чьих-либо разрешений, кроме лицензируемых видов деятельности; максимально простым явочным порядком регистрации всех видов предпринимательства во всех сферах экономики в одном регистрирующем органе; ограничением законодательными актами проверок предпринимательской деятельности, осуществляемых государственными органами; принудительным прекращением предпринимательской деятельности только по решению суда, вынесенному по основанию, предусмотренному законодательными актом; установлением законодательными актами перечня работ, видов товаров и услуг, которые запрещены для частного предпринимательства, запрещены или ограничены для экспорта или импорта; привлечением государственных органов, должностных лиц, а также иных лиц и организаций к установленной законодательством имущественной ответственности перед предпринимателями за неправомерное воспрепятствование их деятельности; запрещением исполнительным контрольным и надзирающим органам вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями этих органов и иными средствами, предусмотренными законодательством.

Конституция РК, провозглашая права и свободы человека высшей ценностью, создает условия для самореализации гражданином своих прав, обеспечивает свободу использования гражданином своих прав, способностей и имущества любым способом, не запрещенным законом, в том числе свободу экономической деятельности (ст. 26 Конституции РК). Как один из способов осуществления защиты гражданских прав в Гражданском кодексе (ст. 9 ГК РК) указан третейский суд, который наделен полномочиями по рассмотрению споров, возникающих из гражданско-правовых отношений. Государство, должно конкретизировать нормы, гарантирующие лицам право на справедливое и беспристрастное рассмотрение дела. В связи с этим для успешной реализации прав граждан и юридических лиц государству необходимо создать систему государственно-правовых средств, выраженных в законах и других нормативных правовых актах, которые должны исключать незаконное и необоснованное вмешательство государства в частную сферу и при этом ограничивать произвольное усмотрение третейских судов при принятии решения по конкретному делу.

Принятие Закона Республики Казахстан от 28 декабря 2004 года «О третейских судах» [3], призвано способствовать эффективной защите субъективных прав сторон третейского разбирательства и обеспечить баланс интересов субъектов гражданского оборота, обращающихся за разрешением гражданско-правовых споров к третейской форме защиты. И хотя третейский суд, избранный по соглашению сторон для разрешения конкретного возникшего спора гражданско-правового

---

характера, с обязательством подчиниться решению этого суда, практика применения данного вида суда желает лучшего. К сожалению, недостаточная осведомленность граждан, и предпринимателей в том числе, создает для них же самих (предпринимателей и др.) определенные сложности.

Конечно же, потребность в третейской процессуальной форме защиты субъективных прав может возникнуть в случаях, когда спорящие стороны по тем или иным причинам не устраивает гражданская юрисдикция государства. Например, обращение к третейским судьям может быть вызвано недоверием к профессиональной квалификации судей государственных судов, их незнанием особенностей подлежащего разрешению хозяйственного (экономического, торгового) спора. В этой связи хотелось бы отметить ряд преимуществ третейского суда перед государственным судом, к числу которых следует отнести, прежде всего, быстроту и экономичность третейской процедуры, а также предоставляемую участникам спора возможность выбора судей. Кроме того, в третейских судах лучше, на наш взгляд, учитывается специфика предпринимательских отношений. Следует отметить, что процедура третейского разбирательства основана на принципах защиты интересов конкретных участников имущественного оборота.

Также в третейских судах отсутствуют апелляционные, кассационные и надзорные инстанции, а спор по существу и окончательно разбирается избранным сторонами составом суда (или единоличным судьей) в одной инстанции. Стороны вправе выбрать себе судей как из числа лиц, значащихся в списке постоянно действующего третейского суда, в который включены известные практики и ученые, так и любых лиц, обладающих необходимой для этого квалификацией. В статье 11 Закона Республики Казахстан от 28 декабря 2004 года «О третейских судах», указаны следующие требования к судьям третейских судов: третейским судьей может быть избрано (назначено) независимое от сторон и не заинтересованное в исходе дела физическое лицо, обладающее необходимыми знаниями, имеющее высшее образование, достигшее возраста двадцати пяти лет и давшее согласие на исполнение обязанностей третейского судьи; третейский судья, разрешающий спор единолично, должен иметь высшее юридическое образование и стаж работы по юридической специальности не менее двух лет. В случае коллегиального разрешения спора высшее юридическое образование должен иметь председатель состава третейского суда; требования, предъявляемые к кандидатам в третейские судьи, определяются сторонами непосредственно при формировании состава суда или определены правилами (регламентами) в постоянно действующих третейских судах. Из вышеизложенного, можно отметить, что в юридической практике повсеместно стали очевидны преимущества третейского судопроизводства. И, конечно, то, что простая и достаточно быстрая процедура рассмотрения споров, возможность согласовывать взаимоприемлемый язык судопроизводства, окончательность разрешения дела, завершенность любого арбитражного производства в одном суде, отсутствие многих судебных инстанций, конфиденциальность судопроизводства, что важно для сохранения коммерческой тайны, конвенциональное регулирование решений, предполагает собой высокий уровень их реализации.

Для регистрации предприниматель – заявитель должен обратиться только в один регистрирующий орган. Если требуемые законом о государственной регистрации юридических лиц документы составлены в надлежащей форме, регистрирующий орган не имеет права отказать в регистрации либо требовать от заявителя каких-либо дополнительных документов. Статья 6 данного Закона рассматривает порядок государственной регистрации.

---

Для регистрации юридического лица в регистрирующий орган подается заявление по форме, установленной Министерством юстиции Республики Казахстан, и прилагаются учредительные документы, составленные на государственном и русском языках, в трех экземплярах. Заявление подписывается учредителем или уполномоченным учредителем лицом с приложением учредительных документов, удостоверенных в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан. Одновременно в регистрирующий орган представляется документ, удостоверяющий местонахождение юридического лица, а также квитанция или документ, подтверждающий уплату в бюджет сбора за государственную регистрацию юридических лиц. Субъекты малого предпринимательства не представляют документ, удостоверяющий их местонахождение. Требование каких-либо документов и сведений, кроме предусмотренных законом и иными законодательными актами, запрещается.

Значение регистрации состоит в том, что она создает условия гласности, так как через регистрирующие органы всякое заинтересованное лицо вправе ознакомиться со всеми материалами, характеризующими юридическое лицо, кроме тех, которые являются конфиденциальными или составляют государственную или коммерческую тайну. Законодательное обеспечение сохранения коммерческой тайны служит важной мерой защиты интересов предпринимателей (статья 42 Гражданского кодекса Республики Казахстан). Коммерческая (предпринимательская) тайна охраняется законом. Порядок определения сведений, составляющих коммерческую тайну, средства ее защиты, а также перечень сведений, которые не должны входить в состав коммерческой тайны, устанавливаются законодательством. Лица, которые имеют доступ к коммерческой тайне в силу выполняемых ими государственных контрольных функций, следственных или судебных действий, служебного положения и т.п., обязаны не разглашать ее третьим лицам.

Правоприменительная практика показала, что отдельные нормы Закона требуют конкретизации и разработки механизмов реализации.

Существующая лицензионно-разрешительная система характеризуется как продолжение советской системы, когда нужно было получать разрешение практически на каждую отдельную операцию или вид деятельности. Несмотря на усилия руководства страны по активному продвижению рыночных реформ, разрешительная система является тормозом развитию всей экономики.

В условиях глубоких и быстроменяющихся экономических и социальных условий имеющиеся недостатки законодательной базы в области лицензирования оказываются препятствием в развитии бизнеса, создавая административные барьеры.

Несовершенство законодательной базы, избыточное лицензирование, нечеткая, непрозрачная лицензионная система, административные барьеры наряду с низкой эффективностью регулирования со стороны органов-лицензиаров затрудняют доступ бизнеса к некоторым видам деятельности, сдерживают рост количества субъектов малого и среднего бизнеса и соответственно, налоговых поступлений в бюджет.

Таким образом, существует ряд вопросов, требующих проработки для дальнейшего совершенствования системы лицензирования, для решения которых необходимо продолжать работу по устранению дублирующих норм в нормативных правовых актах в области лицензирования, а также дальнейшей оптимизации количества лицензируемых видов деятельности, упрощению процедуры выдачи разрешительных документов.

---

Значительную часть проблем в республике можно снять, приблизив систему лицензирования к международной практике, установив уведомительный порядок начала предпринимательской деятельности для всех видов деятельности

Исходя из вышеизложенного, можно сделать вывод, что процессуальные гарантии реализации субъективных прав сторон третейского разбирательства включают в себя систему принципов третейского разбирательства, отражающие специфику правовой природы третейского разбирательства; нормативно-правовые средства, выраженные в национальных законах, третейском соглашении сторон, регламентах постоянно действующих третейских судов, позволяющие точно определить границы реализации и устанавливающие основания к третейской форме, способ и порядок передачи спора.

#### **Список литературы:**

- 1 Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая и Особенная части). – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – 296 с.
- 2 Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года // БД «Юрист»
- 3 Закон Республики Казахстан от 28 декабря 2004 года «О третейских судах» // БД «Юрист»

#### **Түйіндеме**

Бұл мақалада автор аралық сотта іс қарау тараптарының субъективті құқықтарын іске асырудың іс жүргізу кепілдігін қарайды аралық сотта іс қараудың құқықтық табиғатының ерекшелігін көрсететін аралық іс қарау принциптері жүйесін қамтиды.

#### **Summary**

In this article, the author examines the procedural guarantees of the implementation of the subjective rights of the parties to the arbitration proceedings include a system of principles of the arbitration proceedings, reflecting the specific nature of the legal nature of the arbitration proceedings.

УДК: 343.9:343.23(574)

**Баймухан Б.Е.**  
**Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң**  
**академиясының магистранты**

#### **ТОПТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ**

Мақалада Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде қылмысқа қатысу нысандарының саралаушы белгілері ретінде көрсету ерекшеліктеріне байланысты саралаудың арнайы ережелері сипатталады. Қылмыстық Кодекстің

---

Ерекше бөлімінде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу және қатысушылардың түрлері, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу бөліп көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** қылмыстық құқық бұзушылық; қылмысқа қатысу; қылмыстық топ; ұйымдасқан қылмыстылық; бандитизм.

Топтық қылмыстылық – бұл қылмысты екі немесе одан да көп адамның бірігіп жасауы. Топтық қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі ерекше жоғары. Қазіргі таңда ол айрықша етек алған қылмыстар қатарында. Жыл сайын орта есеппен барлық қылмыстардың үштен біріне жуығы топ құрамында жасалады. Кейбір қылмыстар тек топтасып қана жасалады, мысалы, бандитизм, жаппай тәртіпсіздік, т.б. Басқа қылмыс түрлерінің кейбіреулері басым көпшілігінде топ құрамында жасалатындығымен сипаттала алады (кәмелетке толмағандар қылмыстары, алаяқтық).

Қылмыстық топтарды қатысушыларының санына, заңсыз істерінің сипатына, тұрақтылығына, басқа да белгілеріне қарай ажыратады.

Дәстүрлі топтық қылмыстардың алдын алу шараларының қатарында адамдар арасындағы қатынастардың мәдениетін арттыру, адамдардың бос уақытын ойдағыдай ұйымдастыру, оны эмоционалдық жағымды іс шаралармен толықтыру сияқты шаралардың орын алатынын атап өту керек.

Ұйымдасқан қылмыстылық – бұл тұрақты, қатаң иерархиялық жүйеге бөлінген, жоспарлы әрекет ететін, істері тікелей немесе аралық келісілген, белгілі бір аумақта немесе бақылауға алынған салада қылмыстық бизнесінен барынша табыс алуға бағытталған қылмыстық құрылымдардың (топ, қауымдастық, ассоциация) қатысушыларының жасайтын қылмыстарының жүйелі байланысқан жиынтығы.

Ұйымдастырылу деңгейіне қарай келесі қылмыстық құрылымдарды ажыратады:

- ұйымдасқан қылмыстық топ – ұйымдастырылу белгілерінің (тұрақтылығы, жүйелілігі, ауқымдылығы, белгілі мақсаттарының болуы, қылмыс жасау әдістері, қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі) кешенімен және қатысушыларының санының айтарлықтай аз болуымен (осыған бола қатысушылары өзара тікелей байланысқан болады) сипатталады;

- бір қатарлы қылмыстық қауымдастық (ұйым) – екі немесе одан да көп ұйымдасқан қылмыстық топ;

- иерархиялық қылмыстық қауымдастық – байланыстылық құрылымы мен сипатының ерекше күрделенілуімен сипатталады (ортақ жетекшісінің қол астында жиналған ұйымдасқан қылмыстық топтардың жүйесі).

Әрекет ету ауқымдылығына қарай ұйымдасқан қылмыстық топтарды аймақтық, аймақаралық, тұтас мемлекет аумағында әрекет ететін, трансұлттық (халықаралық) түрлерге ажыратады.

Әрекеттерінің бағытына қарай қылмыстық топтарды мына салаларда әрекет ететін түрлерге ажыратады:

- криминалдық бизнес (қару-жарақтың, есірткінің, көркем өнер бұйымдарының заңсыз айналымы, автокөлік ұрлау, компьютерлік қылмыстар);

- көлеңкелі экономика (таза табысты бақылау және иемдену, ықпал ету салаларын бақылау, көлеңкелі экономика кәсіпорындарын ұйымдастыру);

- легальды экономика (қылмыстық жолмен алынған табыстарды легализациялау, оларды жоғары табысты кәсіптерге салу, кәсіпорындар табыстарын бақылау немесе иемдену).

Ұйымдасқан қылмыстылық өзінің экономикасы, әлеуметтік және рухани саласы бар, өзінің басқару, қауіпсіздік, жас ұрпақты қалыптастыру жүйесі, ішкі тәртібі, өзінің ішкі және сыртқы саясаты бар балама қоғам. Ол шын мәнінде мемлекет, азаматтық қоғамның билеуші институттары, қылмыстық әлем таныған және қолдаған жүйеде орын тепкен балама болғандықтан, іс жүзінде, жалпы адам қоғамы

---

құрылымдарының бірі болып табылады, тиісінше, «ресми» қоғам дегенмен өзара әрекеттеседі. Олардың арасында нақты да қатаң шекара жоқ: ұйымдасқан қылмыстылық өзінің заңдастырылған тұлғалары арқылы әр түрлі табиғи қатынастар жасайды; өз қатарына тарту, өз қатарын толықтыру мақсатында халықтың әр түрлі әлеуметтік топтарының мұқтаждығымен және мүддесімен санасады; қылмыстық әрекеттің тұрақты және белсенді мүшелерімен кей кездері немесе бір-ақ рет қарым-қатынас жасайтындары да кездеседі.

Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінде қылмысқа қатысу нысандарының саралаушы белгілері ретінде көрсету ерекшеліктеріне байланысты саралаудың арнайы ережелері туындайды. Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінде қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу және қатысушылардың түрлері, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу мүлдем қарастырылмаған, онда тек топтық қылмыстардың түрлері ғана бөліп көрсетілген. Сондықтан қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысуды саралау оның түрлеріне емес, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысудың нысандарына негіздеп құрастыру қажет.

Қылмыстық заңнама қағидаларына сәйкес Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері Қылмыстық кодекстің жалпы ережелері Ерекше бөліммен қарастырылған барлық іс-әрекеттерге таралады.

Соған орай, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде қарастырылуына сай біріккен қылмыстық іс-әрекеттердің барлық жағдайларын қылмысқа қатысу институты қамтиды. Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу түсінігі бекітілген Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 27-бабында біріккен қылмыстық іс-әрекеттің тиісті жалпы сипатты белгілері берілген, олардың субъективтік және объективтік жалпылығы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде қарастырылған қасақана біріккен қылмыстық іс-әрекеттердің құрамы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу институты негізгі ережелерінің ұғымына негізделуін талап етеді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөліміндегі ұйымдасқан қылмыстық әрекеттердің қоғамға қауіптілігінің жоғары дәрежесі екі тәсілмен сипатталады. Біріншіден, қылмыстық әрекеттердің ұйымдасқан сипаты қауіпті және ерекше қауіпті қылмыстардың міндетті белгілердің бірі, екіншіден, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінде қарастырылған қылмыстық топпен қылмыс жасау көптеген қылмыстардың саралаушы белгісі болып саналады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінде қарастырылған, ұйымдасқан сипаты бар қылмыстардың қылмыс құрамының міндетті конститутивті белгісіне жататындар: ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқы оларға қатысу (263-б.); трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (264-б.); трансұлттық қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (265-б.); заңсыз әскерилендірілген құрылымды ұйымдастыру (267-б.); бандитизм (268-б.); террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу (257-б.); қарулы бүлік (181-б.); жаппай тәртіпсіздік (272-б.). 2014 жылы қабылданған ҚР Қылмыстық Кодексі бойынша бұл қылмысқа қатысудың нысандары қылмыстардың жеке түрлері ретінде немесе ауырлататын және ерекше ауырлататын мән-жайлар ретінде көрсетілген. Бір қарағанда, қылмыстардың жеке түрлері-қаруланған құрамалар, банда, жаппай тәртіп бұзушылар қылмысқа қатысудың ерекше нысандары ретінде көрінеді. Шындығында олар заңмен қарастырылған (Қылмыстық Кодекстің 31-бабы) қылмысқа қатысудың нысандары болып табылады, бірақ белгілі бір қосымша ерекшеліктерімен. Осылай, заңсыз қаруланған құрама

---

міндетті қарулануы мен саяси, тұрмыстық арнайы мақсатпен толықтырылған қылмыстық сыбайластық болып табылады. Және егер қаруланған құрамалар саяси мақсатпен әрқашанда қоғамдық қауіпті болатын болса, тұрмыстық мақсатпен олар қоғамға пайдалы, бірақ заңға қайшы болуы мүмкін. Құраманың заңсыздығы туралы сұрақ күрделі болып табылады. Мысалы; Ресей Федерациясында 1999 жылдың соңында — 2000 жылдың басында Дагестан мен Чечняда ваххабиттерден халықты қорғау мақсатында өзін-өзі қорғау бөлімдері құрылып, әскер оларға қаруды таратып берген. Бірде-бір заңда мұндай бөлімдер қарастырылмағандықтан, оларды заңсыз деп тануға болады, сонымен қатар олар қаруланған бөлімдер. Нәтижесінде олар заңсыз қаруланған құрамаларға ие болып, олардың ұйымдастырушылары мен қатысушыларға формальды түрде Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 267-бабының әрекетіне түсіп, кез келген мезетте жазалануы мүмкін.

Сөйтіп, заңға қоғам мен мемлекеттің мақсаттарына қайшы келмейтін, әлеуметтік пайдалы мақсаттарды көздейтін қаруланған құрамаларды ұйымдастырғаны және оған қатысқаны үшін жауапкершілікті енгізудің негізділігі туралы мәселе туындайды. Талданатын қылмыс қылмыстық-құқықтық норманы қауіптендіреді. Оның мәні келесіде, мемлекеттік қылмысты оның дамудың бастапқы сатысында алдын алуға бағытталады. Қауіптілікке қою нормаларында, олардың абайсыздық немесе қасақаналыққа қарамастан, міндетті түрде туындауы мүмкін нәтиже көрсетілуі тиіс. Бірақ кейде заң шығарушы қауіптілікке қою нормаларын қабылдағанда туындауы мүмкін нәтижені көрсетпейді. Әлеуметтік пайдалы мақсатпен әрекет ететін заңсыз қаруланған құрамалар мұндай қауіптілікті тудыра ма? Бұл сұраққа жауап әрекет етуші өзін-өзі қорғау бөлімдеріне қарап, жағымсыз деп айтуға болады. Сондықтан, егер заң шығарушы Қылмыстық Кодекстің анализделетін норманы қалдырам десе, ол оның әрекет ету шегін қылмыстық сыбайластық мақсаттарына сәйкес келетін антиәлеуметтік мақсаттарды енгізу жолымен тарылтуға тиісті.

Неге заңда көрсетілген норманы қауіптілікке қою норма түрінде, сол қалпында қалдыруға қатысты күмәндар айтылады? Бұл жалпы дипозициялар мәселесімен байланысты. Сұрақты бандитизм (Қылмыстық Кодекстің 268-бабы) мысалында қарастырайық. Заң бұл қылмысты банданы құрған сәтпен аяқталған деп таниды. Бірақ бұл аяқталған қылмыста бірнеше түрлерге бөлуге болатын қылмыстық іс-әрекет жасырынады. Банданы құру аяқталған қылмыс ретінде келесі қылмыстарда орын алады

а) логикалық аяғына дейін жеткізілгендер (мысалы, банданың қатысушыларымен жүйелі түрде талан-тараждықты жасауы кезінде);

ә) қасақаны бір актіні жүзеге асырғаннан кейін тоқтатылғандар (мысалы, бірінші талан-тараждықтан кейін);

б) бірінші қылмысты, ол аяқталмаған жағдайда орындау сатысында тоқтатылғандар;

в) бандаға қатысу сатысында, бірақ бұл тұлғаның банданы ұйымдастыруға қатыспаған жағдайда тоқтатылғандар;

д) банданы ұйымдастырғаннан кейін тоқтатылғандар.

Көрсетілген қылмыстың түрлері аяқталған бандитизмнің бүкіл массасын құрайды. Жоғарыда аталған барлық жағдайларда қылмыстың фактілі аяқталуы немесе фактілі қылмыстық іс-әрекеттің үзілуі саралау үшін маңызды емес, өйткені қылмыс банданы ұйымдастыру мезетінен бастап аяқталған болып саналады. Ресей Федерациясының Жоғары Сот Пленумы бандитизм кездегі салдарлар қосымша саралауды талап ететін ауыр қылмыстар үшін ғана ескеру жасады. Онда Жоғары Сот Пленумы келесіні анықтады: «Соттардың назар аударылысын, банданы құрғаны, оны басқару мен оған қатысу немесе онымен жасалатын шабуылдар үшін



---

жауапкершілікті бекітетін Ресей Федерациясының Қылмыстық Кодексі 209-бабы бандының мүшелері шабуыл жасау барысында дербес қылмыстардың құрамын құрайтын қылмыстық іс-әрекеттер үшін жауапкершілікті қарастырмайды, бұндай жағдайларда қылмыстардың жиынтығы кезінде тұлға әрбір қылмыс үшін Ресей Федерациясының Қылмыстық Кодексіне сәйкес бабы немесе баптың бөлігі бойынша жауапкершілікке тартылатынын реттейтін Ресей Федерациясының Қылмыстық Кодексінің 17-бабының ережелерін басшылыққа алу қажет» [1].

Сөйтіп, бантизмді саралау саласы үшін бандымен жасалған олардың ауырлығына карамастан барлық нақты қылмыстар шығарылады. Бұл саралауды нақтылайды, түсініктірек етіп жасайды. Бірақ бұл соншалықты оңай емес. Бірақ қылмыстықтың заң бандитизмнің құрамына шабуылды да енгізеді. Шабуыл деп физикалық зорлық немесе оны жасаймын деп қорқыту түсініледі [2]. Бұл үрдістің басталуы зорлықты қолданудың шынайы қауіпі болып табылады, ал аяқталуы - өз қалауы бойынша мүлікке билік ету мүмкіндігін алумен толық иелену.

Егер бандитизмге шабуылды енгізбесе, онда Қылмыстық Кодекстің 268-бабының 2-бөлімінде қарастырылған шабуылдарға қатысу фактісі және оны жүзеге асыру түсініксіз қалады. Осыдан барлық зорлықты қылмыстар бандитизмнің құрамдас бөлігіне айналады және жалпы ереже бойынша одан шығарылуы мүмкін емес, тек фиктивті сипатта және оған негіздер бар болған жағдайда ғана (мысалы, ҚР жаңа ҚК 268-бабының 2-бөліміндегі санкцияның зорлықтық қылмыстардың ауырлығы мен қауіптілігімен сәйкес келтірілуі). Бірақ ҚК 268-бабының 2-бөлімінің санкциясы (мүлкі тәркіленіп немесе онсыз он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады) кісі өлтіру қылмысынан (ҚК 99-бабы) басқа барлық зорлықты қылмыстарды қамтиды.

Сәйкесінше, заңды толық және нақты түрде талқылағанда Пленуммен ұсынылған саралау сәйкессіз келеді. Осыдан кейін тағы бір мәселе туындайды: «егер ҚК 268-бабы 2-бөлімі барлық дерлік немесе барлық зорлықты қылмыстарды қамтитын болса, онда бандитизммен жиынтығы бойынша меншікке қарсы азырақ қауіпті қылмыстарды саралау логикаға қайшы келеді, сонымен қатар Пленумның тұжырымы бойынша, банданың ең болмаса бір мүшесінің қаруы болуы, қаруланған бандының шабуылы жасалынды деп есептелінеді және бандының мүшелерінде бар қаруы қолданылмаған жағдайларда да, яғни шабуыл қарусыз да болуы мүмкін» [3]. Сұрақ туындайды — мүлдем зорлықсыз шабуыл жасау мүмкін бе, мысалы, бандамен ұрлықтар жасалса. Бұндай іс-әрекет бандитизм ретінде сараланады ма? Біздің пікірімізше, иә. Бірақ бұл жағдайда заң шығарушы «шабуыл» терминін қолданып бандитизмнің шеңберін тарылады, оның орнына заңға, «жасалатын қылмыстарға қатысуы» деп жазып қою дұрысырақ болатын еді, бұл «шабуылды» талқылаумен байланысты дауларды жоятын еді, және бандитизмнің бұл нысанының мәнін абсолютті жасайтын еді. Бұл жағдайда шабуылдың кең түсінігін және оны зорлықсыз жасау мүмкіндігін ұсынған Т. Д. Устиновамен келісуге болады [4, 42 б.].

Сонымен қатар үзілген іс-әрекет фактілі түрде аяқталмаған іс-әрекет, ал заңды түрде аяқталған деп танылады.

Осыдан заңнамалы сұрақ туындайды: қылмыс түрінің осындай құрылымы не үшін қажет? Жалпылама қабылданған позицияға сәйкес іс-әрекеттердің белгілі бір санаттарының қоғамдық қауіптілігін жоғарлатады. Қарастырылған құрылымы қылмыстың анализделетін түрінің қоғамдық қауіптілігін өшіреді.

Өйткені біріншіден, бәрі бір фактілі түрде аяқталуы осы нормалармен қамтылады, яғни материалдық ретінде қылмыстың құрылымы кезінде еш нәрсе өзгермейтін еді.

---

Екіншіден, фактілі аяқталған іс-әрекет кезіндегі бандитизмнің қоғамдық қауіптілігі банданы ұйымдастырумен салыстырғанда жоғарырақ. Заң шығарушы бұрыннан бері зиян қоғамдық қатынастарға келтірілмеуімен күреседі және осы мақсатпен қылмысты ішінара жасаған, бірақ оны аяғына дейін жеткізуден бас тартқан тұлғаны қылмыстық жауапкершіліктен босатады. Сондықтан бандитизм кезінде келтірілген зиян банданы ұйымдастырумен салыстырғанда қатаңырақ жазалануы тиіс.

Үшіншіден, жазаны фактілі түрде аяқталған және фактілі аяқталмаған іс-әрекет арасындағы қоғамдық қауіптілікті білдіріп, бөлу қажет.

Төртіншіден, әртүрлі жазаларды көздейтін фактілі түрде аяқталған және аяқталмаған қылмыстық іс-әрекеттерді бірдей саралау ешкімге қажет емес.

Бесіншіден, жиынтық бойынша саралау еш нәрсені өзгертпейді.

Сөйтіп, айтылған позиция қылмыстық іс-әрекеттің сатылары мен аяқталмау теорияның жалпы ережелеріне қайшы келеді. Қылмыстық құқықтың теориясы аяқталуды дайындаудан қауіптірек таниды, заңның өзі де дайындауды азырақ қауіпті деп есептейді және ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа дайындалғаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайтынын жариялайды (ҚК 24-бабы, 2-бөлімі), ал оқталу онша ауыр емес қылмыстарды қоспағанда, әрқашан да жазаланады. Осыдан біртұтас заңнамалық логиканы қалпына келтіру мәселесі туындайды.

Айтылғанның бәрі, заңнамалы түрде фактілі келтірілген зиянды қамтитын құрамды сотпен қылмыстардың бұл түрлерін объективсіз қарастыруға жол бермеу үшін қалыптастырудың қажеттелігі жоқ. РСФСР ҚК 77-бабының санкциясы кеңірек болды (3 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру) және салдарлардың басталмауынсыз банданы ұйымдастыруды төменірек жазалауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 268-бабының санкциялары тарлау, сондықтан басталуы мүмкін салдарларды есепке алу мүмкіндігі жоқ. Біздің пікірімізше, қарастырылған күмәндар өте маңызды және дәстүрлі белгілі бір қылмыс түрлеріндегі келте диспозициялар туралы түсінікті қайта қарастыруды талап етеді.

Осы қалпында бандитизм ұйымдасқан топ немесе қылмыстық сыбайластық, өйткені екі жағдайда да тұрақтылық белгісі бар болғандықтан, ұқсас келеді. Бірақ біздің пікірімізше, тек белгілі бір қосымша белгілерімен: қарулануы мен арнайы мақсаттары бар қылмыстық сыбайластық. Сонымен қатар бандамен жасалынатын іс-әрекеттер бірнеше нұсқалармен сараланады: 1) тұрақты қарулы топты (банданы) құру, сол сияқты осындай топқа (бандаға) басшылық ету – ҚР ҚК 268-бабының 1-бөлімі; 2) тұрақты қарулы топқа (бандаға) немесе ол жасап жүрген шабуылдарға қатысу ҚК 268-бабының 2-бөлімі, 3) жоғарыда көрсетілген әрекеттерді адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған іс-әрекеттер.

Жалпы ереже сәйкес қылмыстың аяқталу санаты өте үлкен маңызға ие, өйткені осы қылмыстық түріне тән қылмыстық мінез-құлықты бұндай болып табылмайтын мінез-құлықтан ажыратуда көмектеседі. Қылмыстық іс-әрекет деп нәтижесі қоғамдық қауіптілік жағына бағытталған және қылмыстың басынан аяғына дейін бұл шекте болатын іс-әрекеттер танылады. Қылмыс аяқталғаннан кейін жасалынған іс-әрекеттер бұл қылмысты құрай алмайды. Осыдан банданы аяқталған деп оны құру мезетіне бастап тану бұл қылмысқа бандаға қатысу және онымен жасалынатын шабуылдарға қатысуды кіргізуді жоққа шығарады. Сәйкесінше, осы негіз бойынша ҚК 268-бабының түрлі бөлімдерін құрайтын іс-әрекеттерді жиынтығы бойынша саралау нақтырақ және шынайырақ болып келеді. Сондықтан да қылмысқа қылмыстан кейін жасалынған іс-әрекеттерді енгізудің құқықтық негізері түсініксіз. Егер банданы құру кезіндегі қасақаналылық пен сөз байланусымен қамтылған салдарлар туралы айты-

---

латын болса, онда неге олар қылмыстың объективті жағына енгізілмеген және нәліктен Жоғары Сот бандитизмді материалдық диспозициялы қылмысқа айналдыру бастамашылығымен шықпайды, бұл көптеген мәселеледі жоятын етеді. Сонымен қатар банданы құру мезетінде қасақаналық пен сөз байланыстырумен кейінгі іс-әрекеттердің барлығы емес қамтылады, мысалы, бандаға оны құрғаннан кейін кіру. Бесіншіден, ҚК 268-бабының 2-бөлімінде қарастырылған іс-әрекеттерді (тұрақты қарулы топқа (бандаға) немесе ол жасап жүрген шабуылдарға қатысу) екі дәреже бөлуге болады: біріншіде — бандаға қатысу, ал одан кейін шабуылдарына қатысқан тұлғалардың іс-әрекеттері; екіншіде — құрғаннан кейін бандаға кірген, бандаға қатысқан және оның шабуылдарына қатысқан тұлғалардың іс-әрекеттері. Бүгінгі бандитизмнің түсінігіне бірінші және екінші дәрежедегі іс-әрекеттер енгізілген және жиынтық бойынша саралауды талап етеді, бұл мәселе көптеген ғалымдармен және Жоғары Сотпен даулы мәселеге жатқызылады, әсіресе бірінші дәрежеге қатысты іс-әрекеттер, ал екінші дәреже даулануы мүмкін емес. Осыдан бірінші дәрежелі іс-әрекеттерді тәжірибеде саралау қылмыстық құқықтың негіздеріне қайшы келеді, яғни проблемалы саралау.

Саралаудың соңғы варианты (ауыр емес қылмыстарды бандамен жасау кезінде) үлкен емес мәселелер туындайды. Қылмыстық құқық теориясында бірінші мен екіншісі де араласады. Осыған орай Т. Д. Устинованың пікірі бойынша «заңның мәнінен, ҚК 31-бабы және 268-бабынан банда деп азаматтар немесе ұйымдарға бір немесе бірнеше қаруланған шабуылдарды жасау үшін алдын ала біріккен екі немесе одан да көп тұлғалардан тұратын тұрақты қаруланған топ немесе ұйымдасқан қаруланған топты анықтауға болады. Банда тұрақты қаруланған топ, қылмыстық ұйым, қылмысқа қатысудың өзге түрлерінен сапалы сипаттамалармен ерекшеленетін топ ретінде қатысады» [4, 24 б.]. Келтірілген еңбектің бөлімінде өзектісі, автор банданы ұйымдасқан топқа және қылмыстық сыбайластыққа да жатқызуға дайын, ол үшін қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысудың осы нысандары арасында айырмашылықтар мүлдем жоқ, ол оларды араластырады. Және бұл формалды түрде оларды бөлген қылмыстық заңның тұсында. Кейбір авторлар мүлдем банда мен қылмысқа қатысудың нысандары арасындағы ара қатынас сұрағын қарастырмай, қылмысқа қатысумен байланысты өткірек бұрыштарды талдаудан құтылуға көмектесетін өте қолайлы позицияны ұстанады. Бірақ нәтижесінде олар қылмыстардың сабақтас түрлерін ажыратуға мәжбүрлі және қылмыстық сыбайластықты және банданы келесі түрде бөледі: «Бандадан қылмыстық сыбайластық қылмыстық заңмен тыйым салынған өзге қылмыстық іс-әрекетпен: есірткі заттарды өндіру, өткізу, тасымалдау, жалған ақша жасау және т. б. айналысу үшін құрылатынымен ажыратылады.

Қызметтік қылмыстық жасырындылығы олардың көбінесе ұйымдасқан, мемлекеттік орган құрылымдарында түрлі орын алатын, бір-бірін қолдаушылығы және басқа да қылмыстық міндеттемелермен байланыстылығы күшті, әрекеттері айлакерлікпен және ептілігімен сипатталатын сыбайлас адамдар тобына байланысты. Қазіргі кезде көптеген қылмыстық ымыраласу банктік бұрмаланған операциялармен (әсіресе, коммерциялық банктер арасында), жалған құжаттармен (лицензия беру мен шикізат, өнім жөнелтуде) бүркемеленеді. Сыбайлас жемқорлар әрекеттердің өте құйтырқы әдістері мен тәсілдерін қолданып, «іздерін жасырады». Мәселен, бүркемеленіп жасалған ұрлық деп, құнының белгілі бір пайызын алумен немесе өзінің жақындары мен туыстарына көрінеу бағасын төмендетіп, аукционсыз-ақ мемлекеттік объектілерді сатуды; құрылтайшысы өзінің жақындары мен туыстары болып табылатын жекелеген қорларға, шағын кәсіпорындарға немесе өзге де коммерциялық құрылымдарға ақша қаражаттары мен шикізаттарды (материалдарды)

---

аудару; жалған құжаттар бойынша банктерде ақша алу немесе иемдену; жалған кепілдік міндеттеме бойынша несиеге алынған ақшаны иемдену кету; жалған лицензия бойынша ұрланған шикізатты (өнімді) мемлекет шегінен алып шығу саналады. Жоғарыдағы қарастырылған ауыр және ерекше ауыр қылмыстарды жасау үшін құрылған қылмыстық сыбайластыққа қатысу және ұйымдасқан топқа қатысу нысандары ұқсас болады. Ұйымдастырушылардың, басқарушылардың және өзге де ұйымдасқан топтардың өкілдерінің бірлестігіне қатысуға, жоғарыдағы әрекеттерді санамағанда, ауыр және ерекше ауыр қылмыстарды ұйымның өзге қатысушыларымен жасауды жоспарлауы, қылмыстық әрекеттердің сәтті болу жағдайларын жасау, сонымен бірге қылмысты жасыру жатады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Постановление Пленума Верховного Суда РФ № 1 «О практике применения судами законодательства об ответственности за бантизм» от 17 января 1997 г. // Сборник Постановлений Пленума Верховного Суда РФ по уголовным делам. — М., 2000. — 265-269-беттер.

2 Сирона С. И. Преступления против социалистической собственности и борьба с ними. — Воронеж, 1968. — бет.

3 Владимиров В. А., Ляпунов Ю. И. Ответственность за корыстные посягательства на социалистическую собственность. — М., 1986. — 112-бет.

4 Устинова Т. Д. Уголовная ответственность за бандитизм. — М., 1997. — 142-бет.

#### **Резюме**

В данной статье рассматривается уголовно-криминологическая характеристика организованной преступности.

#### **Summary**

This article discusses the criminal-criminological characteristics of organized crime.

УДК 347.08

**Бауыржанова А.  
Магистрант  
Казахской академии труда и  
социальных отношений**

#### **АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО КАК ОДНА ИЗ ОРГАНИЗАЦИОННО-ПРАВОВЫХ ФОРМ НЕКОММЕРЧЕСКИХ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ**

В данной статье автор раскрывает правовое положение некоммерческого акционерного общества по законодательству Республики Казахстан. Автор уделяет

---

внимание особенностям некоммерческого акционерного общества. В статье рассматриваются виды данной организационно-правовой формы юридического лица. Дан анализ признаков, характерных некоммерческому акционерному обществу.

**Ключевые слова:** юридическое лицо, акционерное общество, правоспособность, виды, признаки, особенности, учредители, акционеры.

Акционерным обществом признается юридическое лицо, выпускающее акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности.

Общество обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров, и не отвечает по их обязательствам. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества [1].

Как отмечает профессор М.К. Сулейменов, основными характеристиками акционерного общества являются самостоятельная правосубъектность, его имущественная и юридическая самостоятельность, позволяющая привлекать капитал для финансирования его предпринимательской деятельности от неограниченного круга лиц за счет выпуска и размещения акций [2, с.279-280].

В случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, в организационно-правовой форме акционерного общества могут создаваться некоммерческие организации.

В Законе РК «О некоммерческих организациях» отмечается, что некоммерческим акционерным обществом признается юридическое лицо, выпускающее акции с целью привлечения средств для осуществления своей деятельности, доходы которого используются исключительно на развитие этого общества. Некоммерческие акционерные общества не вправе осуществлять выпуск привилегированных акций, производных и конвертируемых ценных бумаг [3].

Юридическое лицо, являющееся некоммерческой организацией, подлежит государственной регистрации в органах юстиции. С 2019 года юридическое лицо, являющееся коммерческой организацией, подлежит государственной регистрации в Государственной корпорации «Правительство для граждан», за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан [4].

Как известно учредителями общества являются физические и (или) юридические лица, принявшие решение о его создании.

Государственные органы Республики Казахстан и государственные учреждения не могут выступать в качестве учредителей или акционеров общества, за исключением Правительства Республики Казахстан, местных исполнительных органов, а также уполномоченного органа в соответствии с законами Республики Казахстан. В соответствии с законом Республики Казахстан «О государственном имуществе» при учреждении государством акционерных обществ их учредителем является Республика Казахстан или административно-территориальная единица. От имени Республики Казахстан учредителем акционерного общества и товарищества с ограниченной ответственностью выступают Правительство Республики Казахстан и Национальный Банк Республики Казахстан. От имени административно-территориальной единицы учредителем акционерного общества и товарищества с ограниченной ответственностью выступает местный исполнительный орган. Иные государственные органы Республики Казахстан и государственные учреждения не могут выступать в качестве учредителей акционерных обществ и товариществ с ограниченной ответственностью, за исключением уполномоченного органа по государственному имуществу и исполнительного органа, финансируемого из местного бюджета, уполномоченного на распоряжение коммунальным имуществом, которые учреждают акционерные общества и товарищества с ограниченной

---

ответственностью по решению соответственно Правительства Республики Казахстан и местного исполнительного органа [5].

Государственное предприятие вправе выступать учредителем общества и приобретать его акции только с согласия государственного органа, осуществляющего по отношению к данному предприятию функцию собственника и органа государственного управления.

Следует отметить, что учредителем общества может быть и одно лицо.

Как мы знаем, к учредительным документам юридического лица относятся Устав, учредительный договор и решение единственного учредителя. Из анализа нормативно-правовых актов, регулирующих правовое положение акционерного общества, следует, что учредителем общества может быть и одно лицо. Соответственно все вышеперечисленные учредительные документы юридического лица присутствуют и у данной организационно-правовой формы. Устав некоммерческого акционерного общества должен содержать указание на то, что общество является некоммерческой организацией, положения о процедуре голосования, невыплате дивидендов и другие требования, установленные законодательными актами Республики Казахстан. Отметим при этом, что учредительный договор заключается в письменной форме посредством подписания договора каждым учредителем или его представителем. Решение единственного учредителя оформляется в письменной форме и подписывается учредителем или его представителем.

Учредительный договор (решение единственного учредителя) подлежит нотариальному удостоверению.

Особенностью акционерного общества является то, что оно может быть, как коммерческим, так и некоммерческим. Например, к коммерческим акционерным обществам относятся банки второго уровня, страховые организации, АО «Бахус», АО «Аксай нан» и др. К некоммерческим акционерным обществам относятся «Назарбаев Университет», Фонд Первого Президента и др.

Как известно, юридическое лицо приобретает гражданские права и принимает на себя обязанности через свои органы, действующие в соответствии с законом и иными правовыми актами, а также учредительными документами. Органы юридического лица формируют и выражают его волю, руководят его деятельностью.

Органы юридического лица - органы управления. Так, Закон об АО предусматривает, что устав общества должен содержать структуру и компетенцию органов управления акционерным обществом, порядок принятия им решений.

К органам общества относятся:

1) высший орган - общее собрание акционеров (в обществе, все голосующие акции которого принадлежат одному акционеру, - данный акционер);

2) орган управления - совет директоров;

3) исполнительный орган - коллегиальный орган или лицо, единолично осуществляющее функции исполнительного органа, название которого определяется уставом общества;

4) иные органы в соответствии с настоящим Законом, иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан и (или) уставом общества.

Для осуществления контроля за финансово-хозяйственной деятельностью общества может быть образована служба внутреннего аудита.

Создание службы внутреннего аудита в публичной компании является обязательным. Работники службы внутреннего аудита не могут быть избраны в состав совета директоров и исполнительного органа. Служба внутреннего аудита

---

непосредственно подчиняется совету директоров и отчитывается перед ним о своей работе.

Некоммерческая организация может иметь в собственности или в оперативном управлении объекты, имущество, необходимые для материального обеспечения деятельности, предусмотренной ее уставом, а также организации, создаваемые за счет ее средств, за исключением отдельных видов имущества, которые в соответствии с законодательными актами не могут принадлежать некоммерческим организациям.

Источниками формирования имущества некоммерческой организации в денежной и иных формах в соответствии с законодательными актами являются:

- 1) поступления от учредителей (участников, членов);
- 2) добровольные имущественные взносы и пожертвования;
- 3) поступления (доход) от реализации товаров, работ, услуг в установленных законодательством случаях;
- 4) дивиденды (доходы, вознаграждение (интерес), получаемые по акциям, облигациям, другим ценным бумагам и вкладам (депозитам);
- 5) другие не запрещенные законом поступления.

Следует подчеркнуть, что в Казахстане выделяются следующие виды акционерных обществ. В зависимости от того, кому принадлежат акции акционерных обществ (доли участия в уставном капитале товариществ с ограниченной ответственностью), акционерные общества и товарищества с ограниченной ответственностью с участием государства подразделяются на:

- 1) акционерные общества и товарищества с ограниченной ответственностью с участием Республики Казахстан;
- 2) акционерные общества и товарищества с ограниченной ответственностью с участием административно-территориальной единицы.

В зависимости от количества принадлежащих государству акций акционерных обществ (размера доли участия, принадлежащей государству в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью) акционерные общества и товарищества с ограниченной ответственностью подразделяются на:

- 1) контролируемые государством акционерные общества и товарищества с ограниченной ответственностью - акционерные общества и товарищества с ограниченной ответственностью, в уставном капитале которых государству принадлежит контрольный пакет акций акционерного общества или контрольная доля участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью. Контрольный пакет акций акционерного общества или контрольная доля участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью означает, что государству принадлежит соответственно более пятидесяти процентов голосующих акций акционерного общества или более пятидесяти процентов доли участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью;
- 2) акционерные общества и товарищества с ограниченной ответственностью с недоминирующей долей участия государства.

Кроме того выделяются следующие виды АО: национальная компания, публичная компания, национальный управляющий холдинг (акционерное общество, учредителем и единственным акционером которого является Республика Казахстан в лице Правительства Республики Казахстан, созданное для эффективного управления акциями (долями участия в уставном капитале) национальных институтов развития, национальных компаний и других юридических лиц), национальный холдинг, национальные институты развития (например, финансовые, консалтинговые, инновационные, сервисные организации) и иные акционерные общества. К примеру,

---

к числу национального управляющего холдинга относятся акционерное общество «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», акционерное общество «Национальный управляющий холдинг «КазАгро», акционерное общество «Национальный управляющий холдинг «Байтерек». А вот к числу национальных компаний относятся акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз», акционерное общество «Казахстанская компания по управлению электрическими сетями (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC», а также акционерное общество «Казпочта».

Некоммерческая организация может быть ликвидирована добровольно (по решению собственника его имущества или уполномоченного собственником органа, а также по решению органа юридического лица, уполномоченного на то учредительными документами) и принудительно (по решению суда).

Некоммерческая организация может быть реорганизована в порядке, предусмотренном законодательными актами.

Реорганизация некоммерческой организации может быть произведена в форме слияния, присоединения, разделения, выделения, преобразования и в других формах, предусмотренных законодательством.

Некоммерческая организация считается реорганизованной, за исключением случаев реорганизации в форме присоединения, с момента государственной регистрации вновь возникшей организации (организаций).

Подчеркнем, что общество, учрежденное как некоммерческая организация, не может быть преобразовано в коммерческую организацию так же, как и общество, учрежденное как коммерческая организация, не может быть преобразовано в некоммерческую организацию.

Акционерное общество может быть реорганизовано или ликвидировано по решению собрания акционеров. Акционерное общество вправе преобразоваться в хозяйственное товарищество, производственный кооператив или автономную организацию образования в соответствии с Законом Республики Казахстан «О статусе "Назарбаев Университет», «Назарбаев Интеллектуальные школы» и «Назарбаев Фонд», а также в автономный кластерный фонд в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об инновационном кластере "Парк инновационных технологий» [6].

### **Список литературы**

- 1 Закон Республики Казахстан от 13 мая 2003 года № 415-ІІ «Об акционерных обществах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.03.2019 г.)
- 2 Субъекты гражданского права. Отв. ред. М.К. Сулейменов. - Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, - С. 279-280.
- 3 Закон Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» от 16 января 2001 года № 142
- 4 Закон Республики Казахстан от 2 апреля 2019 года № 241-VІ «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития бизнес-среды и регулирования торговой деятельности»
- 5 Закон Республики Казахстан «О государственном имуществе» от 1 марта 2011 года №413-ІV
- 6 Гражданский кодекс Республики Казахстан (общая часть) от 27 декабря 1994 года №268-XІІІ



---

## Түйіндеме

Нақты мақалада автор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық емес акционерлік қоғамның құқықтық мәртебесін ашып көрсетеді. Автор коммерциялық емес акционерлік қоғамның ерекшеліктеріне назар аударады. Мақалада заңды тұлғаның ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны түрлерін қарастырады. Коммерциялық емес акционерлік қоғамға тән белгілеріне сипаттама берілген.

## Summary

In this article the author reveals the legal position of the joint-stock company under the legislation of the Republic of Kazakhstan. The author pays attention to the peculiarities of the joint-stock company. The article considers the types of this legal form of a legal entity. The analysis of the characteristics typical of joint-stock company.

УДК 343.133.2(574)

**Бахабадинова Б.  
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң  
академиясының магистранты  
Ғылыми етекшісі  
к.ю.н., профессор Пакирдинов М.А.**

## **АЙЫПТАЛУШЫ РЕТІНДЕ ЖАУАПҚА ТАРТУ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗДЕРІ, ТӘРТІБІ**

Айыпталушы. ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының басында айыпталушының мәні туралы мәселе даулы болды. Осындай көзқарасқа сәйкес айыпталушы бір мезгілде жазалауды, мәжбүрлеу шараларының және зерттеудің объектісі және сонымен бірге іс жүргізушілік жағдайдың субъектісі болып табылады. Мысалы, А.Я.Вышинский осыған байланысты былай деп жазды: «айыпталушының процесте оның объектісі ретінде ғана емес, сонымен бірге іс жүргізушілік құқықтардың субъектісі ретіндегі жағдайы-айыпталушының жауаптарын соттық дәлелдеудің мәні мен қамтамасыз ететін маңызды шарттардың бірі». Айыпталушының іс жүргізушілік мәнін Р.Д.Рахунов, Л.М.Карнеева, М.С.Строгович басқаша түсінді. Олар іс жүргізушілік құқықтары бар дербес тұлға ретінде айыпталушы құқықтық қатынастардың субъектісі ғана болып табылады деп дәлелдеді. Осыған байланысты Р.Д.Рахунов былай деп атап өтті: «Айыпталушы құқық объектісі бола алмайды. Ол осы терминнің қылмыстық-құқықтық мәні тұрғысынан объекті бола алмайды. Айыпталушының іс-қимылы қылмыс құрамының объективті жағын қарауы мүмкін».

Сонымен, айыпталушы деп, айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шығарылған адамды не сотта жеке айыптаумен қылмыстық іс қозғалған адамды, сондай-ақ анықтау органының бастығы оған қатысты айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адамды білдіреді. Айыпталушының жағдайы сезіктінің жағдайымен көп жағдайда ұқсас. Олардың құқықтық мәртебесіндегі негізгі айырмашылықтар «сезік» және «айып» ұғымдары арасындағы айырмашылықтарға байланысты [1].

Қылымыстық сот ісін жүргізуде айыпталушының мынадай құқықтары бар:

- өзінің не үшін айыпталып отырғанын білуге;

---

- прокурор бекіткен айыптау актісінің, қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманың көшірмесін алуға;

- өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыт пен мүмкіндікке ие болуға;

- іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;

- тергеп-тексерудің кез келген сатысында процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге немесе оған келісім білдіруге және процестік келісім жасасуға, процестік келісімнің көшірмесін алуға;

кодексте көзделген жағдайларда, қылмыстық істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқылы.

Айыпталушы тергеу мен соттан жалтармауға міндетті. Тергеу мен соттан жалтару қылмыс үшін жаза белгілеу тұрғысынан жазалау шарасына ешбір ықпал етпейді. Бірақ заң үкім шығарғанға дейін орын алуы мүмкін қылмыстық-процессуалдық санкцияларды қарастырады. Мұндай санкцияларға: - бұлтартпау шараларын таңдау; - анағұрлым жұмсақ бұлтартпау шараларын анағұрлым қатал түрлеріне өзгерту; - айдап әкелуді жүзеге асыру. Бұдан басқа іс жүргізуге айыпталушы қатысатын тергеу және сот қимылдары уақыты белгіленген тәртіпті сақтау айыпталушының міндетіне кіреді. Бұл бөлікте де заң санкцияны қарастырған. Атап айтқанда, сотта тәртіп бұзатын адамдарға ескерту жасалады, содан кейін сот залынан шығарылады.

Айыптау – бұл басқару өкілеттігі бар адамның, органның адамды айыпталушы ретінде қылмыстық жауапқа тарту туралы қаулысында, айыптау қорытындысында, үкімінде шағым (апелляциялық) және қадағалау актілерінде, ақтауға болмайтын негіздер бойынша істі қысқарту жөніндегі қаулылары мен ұйғарымдарында тұжырымдалған айыптылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі мағлұматтардың жиынтығы.

Айыптаудың мәні мынада:

- адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту алдын ала тергеп, тексеру сатысындағы басты, орталық әрекет болып табылады, өйткені бұл кезінде бастапқы ресми айыптау қалыптасып, тағылады, яғни, нақты адам- кең іс жүргізу құқықтары бар айыпталушы пайда болады.

Қылмыс жасады деп айыптау үшін негіз беретін жеткілікті дәлелдемелер болған кезде адамды айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы дәлелді қаулы шығарады [2].

Тергеуші айыпталушыға айып тағылған күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушыны шақыруы не тергеушіден қорғаушының қатысуын қамтамасыз ету туралы өтіну туралы құқығы түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінің ережелеріне сәйкес айып тағу кезінде қорғаушының қатысуы міндетті болып табылатын істер бойынша тергеуші егер қорғаушыны айыпталушыны өзі, оның заңды өкіліне не оның тапсырмасы немесе келісімі бойынша басқа адамдар шақырмаса, қорғаушының келмеуін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады.

---

Бостандықта жүрген айыпталушы жазбаша хабарлама – шақыру қағазы арқылы жауап алуға шақырылады. Хабарлама телефонограмма немесе жеделхат арқылы да берілуі мүмкін.

Шақыру қағазында айыпталушы ретінде кім, қайда және кімге шақырылатыны, келетін күн мен сағаты, сондай-ақ келмеу қалуының салдары көрсетілуге тиіс.

Шақыру қағазында айыпталушыдан қолхат алып тапсырылады, ал ол уақытша болмаған жағдайда айыпталушыға беруі үшін шақыру қағазы кәмелетке толған отбасы мүшесіне тапсырылады немесе тұрғылықты жеріндегі тұрғын үй пайдалану ұйымына немесе әкімшілікке не жұмыс орнындағы әкімшілікке беріледі, олар жауап алуға шақырылып отырған айыпталушыға шақыру қағазын беруге міндетті. Айыпталушы басқа да байланыс құралдарын пайдалана отырып шақыртылуы мүмкін. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болған және ол тергеу органдарына келуден жалтарған жағдайда, алдын ала тергеу органы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жалпы жұрттың қолы жететін телекоммуникация желілерінде, ал оның тұрып жатқан жері белгілі болған жағдайда айыпталушының тұрып жатқан жері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлама жариялауға құқылы [2].

Бостандықта жүрген айыпталушы тергеушінің шақыртуы бойынша белгіленген мерзімде келуге міндетті.

Тергеушінің шақыртуы бойынша айыпталушының келмей қалуына мыналар дәлелді себеп деп танылады:

- 1) айыпталушының келмеуіне мүмкіндік бермейтін ауру;
- 2) жақын туыстарының қайтыс болуы;
- 3) дүлей апаттар;
- 4) шақыру қағазының \ хабарламаның \ қолына тимеуі;
- 5) айыпталушының белгіленген мерзімге келуіне мүмкіндік бермейтін өзге жағдайлар.

Айыпталушы белгіленген мерзімде келмей қалу себептері туралы тіркеушіге хабарлауға міндетті.

Дәлелсіз себептермен келмей қалған жағдайда айыптаушы айдап әкелінуі мүмкін.

Күзетпен ұстауда жүрген айыпталушы қамау орнының әкімшілігі арқылы шақыртылады.

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда мыналар көрсетілуге тиіс:

1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кім жасаған; айыпталушы ретінде жауапқа тартылатын адамның тегі, аты мен әкесінің аты, оның туған күні, айы, жылы және жері;

2) айыпталушы айыпталып отырған қылмыстың оны жасаған уақыты, оның көрсетілген сипаттамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексіне сәйкес дәлелденуге тиісті өзге де жағдайлардың сипаттамасы;

3) аталған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) [3].

Бірнеше қылмыс бойынша айыпталған кездегі айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулыда қылмыстық заңның әрбір бабы (бөліктер, тармақтар) бойынша айыпталушыға қандай нақты іс-әрекеттер танылатыны көрсетілуі тиіс.

Қаулыда адамда тергеліп отырған іс бойынша айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы шешім болуға тиіс.

Айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін 24 сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

---

### Әдебиеттер тізімі:

1 Seeing is Believing: The Anti-Inference Bias By: Zamir, Eyal; Ritov, Ilana; Teichman, Doron INDIANA LAW JOURNAL Volume: 89 Issue: 1 Pages: 195-229 Published: WIN 2014 View AbstractView Abstract

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексі Жаңа - Алматы: «Юрист», 2015. – 344 б.

3 3.Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі /Параграф құқықтық ақпараттар жүйесі/, Алматы, 2014

### Резюме

В статье автор рассмотрел права и обязанности обвиняемого по законодательству Республики Казахстан.

### Summary

In the article, the autor reviewed the rights and obligations of the accused of committing a crime under the legislation of the Republic of Kazakhstan.

УДК 347.27(574)

**Бейсенов М.  
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының ҚТМ-17-ҚБ  
тобының магистранты  
ғылыми жетекшісі:  
з.ғ.к., профессор Жайлин Ғ.А.**

### МҮЛІК, НЕКЕ ШАРТЫНЫҢ ПӘНІ РЕТІНДЕ

Бұл мақалада ерлі-зайыптылар мүлкін ортақ, бірлескен және әрқайсысының бөлек мүлкі ретінде оларды бөлу тәртібі, оларға қатысты азаматтық кодекс нормаларының қолданылуы аясы қарастырылды. Сонымен қатар меншікке иелену, пайдалану және билік ету құқықтарыда қарастырылып өтілді.

**Кілт сөздер:** Ортақ меншікті бөлу, бірлескен меншікке құқық, ерлі-зайыптыларға әрқайсысының мүлкі т.б

Мүлік ерлі-зайыптыларға бөлектелген, ортақ бірлескен немесе ортақ үлесті меншік құқығына тиесілі болуы мүмкін. Заңның жалпы ережесі бойынша ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкі олардың бірлескен меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптыларға некеге тұрғанға дейін тиесілі болған, сондай-ақ олардың некеде тұрған кезінде сыйға тартылған немесе мұрагерлік тәртіппен алған мүлкі олардың әрқайсысының меншігі болып табылады (АК-ның 223-бабының 1 және 2-тармақтары).

Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған бірлескен меншікке құқығы туралы норма диспозитивті. Ерлі-зайыптылар арасындағы шарттарда, оның ішінде некелесу шартында мынадай мүлік олардың үлесті меншігі болып табылады, не меншік құқығында олардың біреуіне тиесілі, не тиісті бөліктерінде ерлі-зайыптылардың бөлектелген меншігі болып табылады деп көрсетілуі тиіс[1.66].

---

Бірлескен меншік шарт бойынша емес, тек заңға сәйкес белгіленетін болғандықтан, ерлі-зайыптылардың бірге тұрмаған кезде жинаған мүлікті немесе олардың біреуінің бөлектелген меншікке алған мүлікті бірлескен меншік деп тану туралы келісім жасауына жол берілмейді. Мұндай мәмілелер заңсыз. Бірақ, ерлі-зайыптылардың өздерінің некеде тұрған кезде жинаған мүлкіне бірлескен меншік режимін емес, басқа құқықтық режим белгілеу туралы шарттарын тоқтату жөніндегі келісімдері заңды деп танылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі ортақ меншік туралы АҚ нормаларымен, сондай-ақ отбасы заңнамасымен реттеледі. Бұл ретте ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігіне бірлескен меншік туралы жалпы нормаларды қолдануға болады, егер ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігі туралы арнаулы нормалар өзгедей ереже белгілемесе.

Ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігі туралы нормалар неке заңда бекітіленген тәртіпте жасалса ғана қолданылады, себебі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке және отбасы туралы Заңның 1-бабының 1 –армағының 26 тармақшасына сәйкес еркек пен әйел арасында заңға сай жасалған одақ деп танылады. Сондықтан іс жүзіндегі неке (бірге тұрушылық) кезінде тапқан мүлік бірлескен меншік бола алмайды, бірақ ортақ меншік деп айтуға негіз болса, онда бұл адамдардың сондай меншіктерде вестері болуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың неке кезінде жинақтаған мүлкінің ортақтығы туралы жалпы ережеден заң бірқатар баптарды алып тастаған. Бұл алып тастағандарға неке кезінде жинаған мүлікті ерлі-зайыптының бірлескен емес, бөлектелген меншігі деп тану да жатады. Қымбат бағалы және басқа әсемдік заттарын қоспағанда, жеке пайдаланудағы заттар (киім-кешек, аяқ киім және т.б.) некеде тұрған кезінде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражатына сатып алынғанымен, оларды пайдаланған жұбайдың бөлектелген меншігі болып танылады. (АҚ-ның 223-бабының 2-тармағы). Бұл ережеге кеңінен түсініктеме беруге болмайды, Ол ерлі-зайыптылардың біреуі ғана пайдаланылатын) заттар емес, өзінің сипаты бойынша дара қолданылатын заттарға ғана қатысты. Мысалы, егер отбасында автомобиль немесе мотоцикл болса, ерлі-зайыптылардың бөлектелген емес, ортақ меншігі болып табылады, ал оның ерлі-зайыптылардың біреуінің атына тіркелгені ешқандай рөл атқармайды. Неке және отбасы туралы Заңның 35 бабының 2-тармағына сәйкес ерлі-зайыптылардың неке кезінде, бірақ некенің іс жүзінде тоқтауына байланысты олардың бөлек тұрған кезінде жинаған мүлкін сот олардың әрқайсысының өз мүлкі деп тануына құқылы[2.366].

Отбасы заңнамасы неке кезінде ерлі-зайыптылардың біреуі өзіне некеге дейін тиесілі болған қаражатқа немесе бөлектелген мүлікті сатқанда түскен ақшаға сатып алған мүлікті де бөлектелген деп таниды. Әрине, ерлі-зайыптылардың біреуінің неке кезінде бөлектелген мүлікті атудан түсірген ақшасы да оның бөлектелген мүлкі болып қалады.

Керісінше, егер ерлі-зайыптылардың біреуінің бөлектелген меншігіндегі мүлікке неке кезінде ортақ мүлік есебінен құнын едәуір арттыратындай толықтыру болса, бөлектелген мүлік олардың бірлескен меншігі деп танылуы мүмкін. Бірлескен мүлікті иеленудегі, пайдаланудағы және оған билік етудегі ерлі-зайыптылар құқығы теңдей, Ол ерлі-зайыптылардың әрқайсысының ортақ мүлікті құрудағы нақты салымына байланысты емес. Ерлі-зайыптылардың біреуі үй шаруашылығымен, бала бағумен айналысып өзінше табыс таппаса да олар мүлікке теңдей құқықпен пайдаланады. Сондықтан да, ерлі-зайыптылардың бірлескен меншігі болып табылатын мүлікті бөлгенде олардың үлестері теңдей болады. Мүлікті бөлгенде, кейбір реттерде, кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін ескере отырып немесе

---

ерлі-зайыптылардың біреуінің орынды тілегін ескеріп тендік принципінен жүзеге асырады[3.196].

Сонымен, ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі ерекше мәртебеге ие. Азаматтық кодекстің 223-бабының 1-тармағына сәйкес ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкі, егер бұл мүлік ерлі-зайыптылардың үлесті меншігі болатыны не олардың әрқайсысына тиесілі екені олардың арасындағы шартта көзделмесе, олардың бірлескен меншігі болып табылады.

Жұбайлардың бірлескен меншігі деп олардың некеде тұрған кезде жинаған мүліктерін айтамыз. Осы тұжырымнан шығатын қорытынды, егер жұбайлардың бірінің жекешелендірілген үйі болса, ал оған тіркелмеген екіншісі оны бірлесіп жинадық деп айта алмайды. Егер некеде тұрған кезде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің есебінен сол мүліктің құны едәуір арттырған қаражат жұмсалғаны (күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, қайта жабдықтау және т.б.) анықталса, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі олардың бірлескен меншігі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың бірінің міндеттемелері бойынша жаза өз меншігіндегі мүлікке ғана, сондай-ақ бұл мүлікті бөлісу кезінде ерлі-зайыптылардың біріне тиесілі болатын ортақ мүлкіндегі өз үлесіне ғана қолданылуы мүмкін (АК-тің 223-бабының 3-тармағы).

Жұбайлардың бірлескен меншігіне жұбайлардың әрқайсысының еңбекпен немесе кәсіпкерлік қызметпен тапқан табыстары, сатып алған заттары, бағалы қағаздары, зейнетақылары, жәрдемақылары және т.б. жатады. Жұбайлардың бірлескен меншігіне екеуі бірге тұрған кезде біреуі бала бағып, не басқалай дәлелді себеппен табыс таба алмаса, ол екіншісінің табысына ортақтасады.

Ерлі-зайыптыларға некеде тұрғанға дейін тиесілі болған, сондай-ақ олардың некеде тұрған кезінде сыйға тартылған немесе мұрагерлік тәртіппен алған мүлкі олардың әрқайсысының меншігі болып табылады.

Қымбат бағалы және басқа әсемдік заттарын қоспағанда жеке пайдаланудағы заттар (киім-кешек, аяқ-киім және т.б.) некеде тұрған кезінде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражатына сатып алынғанымен, оларды пайдаланған жұбайдың меншігі деп танылады[4. 2096].

Жұбайлар ортақ бірлескен меншікке иелену, пайдалану және билік ету құқықтарын тең дәрежеде иеленеді. Бұл құқықтарды жүзеге асыру үшін біріншісінің екіншісінен арнай рұқсат сұрауы міндетті емес, қатысушылардың бірі өз мүлкіне келісім жасау үшін мүлкіне билік ете береді. Бірақ та қозғалмайтын мүлік және басқа мүліктерге байланысты біріншісі екіншісінен алдын ала келісін алу керек.

Балалар ата-анасының мүлкіне иелік жасай алмайды. Алайда олар ата-аналарымен бірлесіп ортақ меншікті иелене алады. Мұның өзі ортақ қаржы және еңбек жұмсау нәтижесінде және заңда көрсетілген ретте жүзеге асады. Мұндай жағдайда бұл ортақ бірлескен меншік болып табылады.

Ортақ меншікті бөлу немесе одан үлесті бөліп шығару үшін әрбір қатысушының мүлікті ортақ пайдалану құқығындағы үлесін алдын ала анықтап алу керек. Ал бөлудің негізі мен тәртібі бірлескен қызметтің жекелеген түріне әртүрлі келеді.

Жұбайлардың бірлескен қызметі нәтижесінде ортақ меншікке айналған мүлік неке бұзылған кезде бөлінеді, жұбайлардың бірінің міндеттемелігі бойынша немесе жасалған қылмысқа байланысты заладың орнын толтыру керек болғанда жұбайлардың бірі екіншісіне неке бұзылғанына қармастан өз үлесін алуға талап қоя алады. Ортақ меншіктеріндегі мүлікті бөлу үшін жұбайлар сотқа жүгінеді, сот өз кезегінде қандай мүлік кімге тиесілі екендігін шешеді.

Егер жұбайлардың біріне бөлінген затың құны оған тиесілі үлесін алып түссе, онда екіншісі одан өтем алады. Ерлі-зайыптылар біреуінің атынан несие беретін

---

немесе басқа ұйымдарға ақша салып, ол екеуінің меншігі болып табылса, онда салынған ақшаны, капиталдағы үлесін алуды талап ете алады. Балаларға алынған заттар балалар бірге қалатын жұбайдың біріне ешқандай өтем ақысыз беріледі. Мұндай ереже жұбайлардың ортақ бірлескен меншігіндегі олардың бірінің мүлікке міндеттемелігі бойынша тиесілі үлесін алып қалуға деген әрекетіне де қолданылады[5.126]. Алайда жұбайлардың жалпы міндеттемелігі мен қарызы бойынша бірдей жауапты болады. Егер қылмыстық іс бойынша сот шешімімен олардың ортақ меншігіндегі мүліктер қылмыстық жолмен табылса, оны олар бірігіп пайдаланса, екеуі де жауап береді (ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1990 жылғы 19 наурыздағы "Республика соттарының орындалуының барысы туралы" қаулысы; КСРО Жоғарғы Сотының Пленумының 1979 жылғы 23 наурыздағы "Қылмыстың салдарынан болған материалдық залады қалпына келтіру туралы заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" №1 қаулысы. Аталған құжатқа 1984 жылы 26 сәуірде Пленум қаулысымен толықтырулар енгізілді, (№7).

Жалпы неке келісім шарты дегеніміз – некеге тұрғандардың немесе жұбайлардың ажырасу барысында, мүліктік құқықтарын және екі жақтың міндеттерін анықтаушы тұлғалардың келісімі. Неке келісім-шартының нотариалды расталынған жазба үлгісінде 3 данасы рәсімделінеді, біреуі мұрағатта сақталынады, екеуі екі тарапқа беріледі. Неке келісім-шарты некеге дейін немесе некеден кейін рәсімделуіне болады, келісім-шарт өз күшіне некеге тұрғаннан соң енеді.

Келісім-шарттың нотариуста расталынуы үшін мына құжаттар қажет:

1. Нотариалды мекемеге екі жақтың да келуі;
2. Неке туралы куәлік;
3. Екі жақтың да жеке куәліктері(төлқұжаттары);

4. Бар мүлікке келісім-шарт түзілсе, мүлікке құқықтары бар құжаттар, мысалы, пәтердің мәселесі көтерілсе, жылжымайтын мүлік орталығынан тиісті құжаттарды беру қажет, осылардың арқасында келісім-шарт түзіледі.

Неке келісім-шартының заты мүліктік құқық және тараптардың міндеттері ғана бола алады. Ол дегеніміз, келісім-шартқа: құқықтық мүмкіндіктерін немесе іс-әрекетке қабілеттілігін шектейтін; өз құқықтарын қорғау үшін сотқа шағымдану құқығын шектейтін; ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес қатынастарға шек қоюға; балаларына байланысты ата-аналардың құқықтарын шектейтін; отбасындағы адамгершілік мінез-құлқының стандарттарын белгілейтін; ерлі-зайыптылардың біреуінің жұмыссыздық жағдайына байланысты қаржылай бағу ережелерін белгілейтін; және басқа да ерлі-зайыптылардың біреуін қолайсыз жағдайға қоятын немесе неке-отбасы заңына қайшы келетін ережелерді қамтитын шарттарды енгізуге болмайды. Ондай келісім-шарт ерлі-зайыптылардың біреуінің құқығы бұзылған жағдайда сотта күші жоқ деп қабылдануы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың келісім-шартта бір-бірінің табыстарына қатысуға, отбасылық шығындарды бірге өтеуге, олардың ажырасқаны жағдайында әрқайсысына берілетін мүліктерін белгілеуге және ерлі-зайыптылардың мүліктеріне байланысты басқа да құқықтарын белгілеулеріне болады. Сондай ақ, келісім-шартта жеке отбасылық қатынастар, үй шаруашылығын жүргізу, ерлі-зайыптылардың жыныстық қатынастары, ажырасқаннан кейін балалармен қарым-қатынас және олардың жауапкершілігі үшін міндеттерді нақтылау мәселелері кірмейді (Мысалы балаларды кім жатқызады, немесе таңертең күлімдеп ояну).

Неке келісім-шартын ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша қалаған уақыттарында бұзуға болады. Ерлі-зайыптылардың біреуінің қалауына сәйкес, сот шешімі бойынша неке келісім-шартын өзгертуге немесе бұзуға, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі келісім-шарттың жарамсыз екендігіне

---

сәйкес, келісім-шартты толығымен немесе жарым-жартылай жарамсыз етуге болады. Келісім-шартты түзуге негіз болған себептер, алдау, зорлау, қорқыту, жаңылыстыру ретінде тағы басқа жағдайлар болуы мүмкін. Егер де келісім-шарт ерлі зайыптылардың біреуін қолайсыз жағдайда қалдырса, онда соттың шешімі бойынша келісім-шарт толығымен немесе жартылай жарамсыз деп табылады. Келісім-шарттың күші неке бұзылғаннан кейін жоғалады. Онда қарастырылған тараптардың ажырасуынан кейінгі міндеттерінен басқа барлығы жарамсыз болады. Ал осы шарттардың барлығын бүгінгі отбасын құрушылар қажет емес деп білетін көрінеді. Өйткені, «шаңырақ көтергеннен кейінгі дау дамайдың барлығы сауатсыздықтан туындайды» дейди мамандар. Тіпті, мамандар «еліміздегі жаңадан отбасын құрушылар заңнан хабары болса, ажырасу мәселесі де азаяр еді» деген пікірде. Олай дейтіндерінің де басты себептері бар. Егер жас жұбайлар некелесер алдында дәл осы келісім шарт мәселесін шешіп алып, ондағы әрбір отбасы мүшесінің міндеттері мен оларға тиесілі мүлікті, дүниені тендей бөлісуге келіскен болса, берекелі отбасылардың қатары көбейер еді. Өйткені, қандай жағдайда болмасын «есепті дос айырылмас» деген қағиданы ұстанған жөн. Бүгінде ақша мен дүниенің немесе тағы да басқа тіршілік үшін қажеттілердің адам өмірінде өте қажетті екенін айтпасақта белгілі. Тіпті, сол қу дүние үшін бет жыртысып, жан түршігерлік жағдайлардың да орын алғанын жоққа шығара алмаймыз. Аталмыш мәселе ата бабаларымыздың кезінде ақ іске асып отырған. Әрине, құжат жүзінде болмаса да, ауыл ақсақалдарының шешіміне байламды болған. Мәселен, екі жастың некесін қиып, отбасын құрғаннан кейін балалы болмай тұрып күйеуі қайтыс болып кетуі мүмкін. Ондай жағдайда қыз сол әулеттің ұрпағын жалғастыруға келіспей, ол үйден кетем деген шешім қабылдаса, қыздың төркіні қалыңмалды қайтаруға келісім жасайтын болған. Көбінесе жаңадан отбасын құрғандардың ішінде (құдай сақтасын) тап сондай жағдайлар орын алып жатады. Десе де, «ұят боладымен» қоя беретін қазекем өз құқықтарын біле бермейтіндігі осындайда білініп қалады. Өлім жітімді қоя тұрып, ажырасқаннан кейінгі де өздеріне тиесілі құқықтарын дұрыс меңгермеген шаңырақ иелерінің құзырына заңның мына бір тұсын айта кетейік: Егер ерлі зайыптылар ажырасқаннан кейін, күйеуі немесе әйелі ауырып қалса, барар жері болмаған сәтте бұрынғы зайыбы міндетті түрде алғашқы көмек көрсетуі қажет. Әрине, қаржылай және психологиялық тұрғыда. Бұл келісім - шарттың тағы бір қызығы: жұбайлардың қайсысының айлық мөлшері көп болса, сол ай сайынғы коммуналдық шығындарды төлеп тұруға тиісті екен.

Айта берсең неке келісім шартының машақаты да, қажеттілігі де бар. Дегенмен, оның қажеттілігінен гөрі машақаты мен әлегінен бастарын ала қашатын отандық отбасылардың көбісі неке келісім шартына келісер тұста «Құдай сақтасын, бізге мұндай бап керек емес» деп құжатқа енген біраз шарттарын қабылдамаса керек. Неге? Өйкені, сол заң қабылданғаннан бері «бұл заң бізге керек пе, әлде керегі жоқ па?» деген сұрақтың төңірегінде ғана жүрміз. Бір бірін шын сүйгіш адал жандар үшін мұндай заң мәңгілікке қажетсіз болса, енді бір өз өмірінің болашағына алаңдаушылар үшін өте қажет екендігі тағы бар. Әрине, махаббатсыз өмірдің бос екендігін жоққа шығара алмаймыз. Өйтсе де, махаббат орын алған жерде жауапкершілік те, міндет те қажеттілік те жүреді емес пе?

Бүгінгі таңдағы шет елдік азаматтарға тұрмысқа шығатын қазақ қыздары үшін де бұл неке келісім шарттарының өте қажетті екенін білгеніміз жөн. Оларды қоя бере қарапайым қазақ отбасыларының да ажырасқаннан кейінгі, жары дүниеден өткеннен кейінгі сәтте таптырмас көмек екендігі қаперімізде болғаны абзал. Өйткені, қандай жағдай да болмасын алдын ала заң жүзінде шешімін тапқан мәселе оңай әрі тез іске асады. Және ешқандай дау дамайсыз, талассыз...



---

Талқыланып отырған аталмыш неке келісім шартында арадағы балаға қатысты ешқандай баптың жоқ екендігін ескертеміз. Мұнда тек жұбайлардың құқықтары ғана айтылған. Себебі, бала мәселесін бөлек келісім шарт шешеді.

«Үйлену оңай, үй болу қиын» дейді емес пе қазақ? Міне, сол оңаймен ғана айрандай ұйып қоя бермейтін отбасылық мәселелердің ең бастысы татулық пен берекенің құзырында. Өйткені, неке дәстүрлі әрі киелі салт. Оны бұзу орны толмас өкініш. Ал неке бұзылғаннан кейінгі жағдай заң мен соттың шешіміне жүктелетіні анық. Сондықтан, әрбір Қазақстан азаматы өз құқығын білуге тиісті. Бұл ойлар отбасын құрған жұбайлар үшін психологиялық үгіт насихат емес, әрбір адам өз құқығын білу үшін бастама жол.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Право собственности в семейном Кодексе / под ред. Е.А. Сухова. - М.: 1999. – 56 с.

2 Стрельникова Г.К Правовой режим некоторых объектов общей собственности супругов / Г.К. Стрельникова. - М.:2001. –161 с.

3 Судебная практика по гражданским делам / под ред. Е.А. Борисова. - М.: Городец, 2001. –209 с.

4 Синельников А.Б. Перспективы изменения норм брачности и разновидностей в Российской Федерации // Семья. -2007.-№2. – С. 19.

5 Сосипатрова Н. Е. Брачный договор: правовая природа, содержание, прекращение // Государство и право, 1999, №3.- С.15.

#### **Резюме**

В данной статье рассмотрен порядок распределения имущества супругов как общего, совместного и отдельного имущества каждого из них, применение в отношении них норм Гражданского кодекса. Также были рассмотрены права владения, пользования и распоряжения собственностью.

#### **Summary**

In this article the order of distribution of property of spouses as the General, joint and separate property of each of them, application concerning them of norms of the Civil code is considered. The rights of ownership, use and disposal of property were also considered.

УДК 340.5(574)

**Бейсеналиұлы Е.  
Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының  
магистранты  
ғылыми жетекші:  
з.ғ.к., доцент Ильясова Б.Қ**

**МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК БӨЛУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАҢ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ  
АТҚАРУ БИЛІК ТАРМАҚТАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ**

---

Мақалада автор, Қазақстан Республикасында заң шығару билігі мен атқару билігінің арасында өзара ықпалдаса әрекет жасау үрдісінің қалыптасқандығын саралап кеткен. Заң шығару және атқару билігі арасында, әлі де болса шешілмеген мәселелер көп, соңғы кезде елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформалардың қадамдары бұл ойымызды дәлелдей түсуде. Болашақта біздің ойымызша, заң шығару билігінің атқару билігін бақылауға байланысты өкілеттіктерін кеңейте түсу қажет деген ойын білдіріп кеткен. Ал, қоғамның дамуы көптеген саяси, экономикалық, әлеуметтік факторлармен тікелей тығыз байланыста. «Тепе-теңдік» және «тежемілік» жүйесі өз алдына мемлекеттік биліктің тетіктеріне үлесін қосу қажет деп саралап көрсеткен.

**Кілт сөздер:** Мемлекет, заң шығарушы орган, атқарушы билік, мемлекеттік билік, Үкімет және т.б.

Заң шығару билігі Қазақстанда Парламентке тиесілі. Қазақстан Республикасының Парламентінің мәртебесі ел Конституциясымен және 16 қазан 1995 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен айқындалады. Қазақстан Республикасы Парламентінің негізгі қызметі заң шығару болып табылады. Парламенттің заң шығару қызметінің мәнін белгілі ғалым, академик М.Т. Баймаханов: «Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдай конституциялық заңмен белгіленеді. Сонымен бірге, Парламентке ауыр жұмыс жүктелген. Ол бұрын қалыптасқан белгілі бір сенімсіздікті еңсеруге ұмтылатынын, халықтың қазіргі көкейтесті міндеттерін шешуге, өзінің заң шығарушылық қызметінде қоғамның прогрессивті дамуының құқықтық базасын жасауға ынталы екендігін көрсетуі тиіс» [1, с. 17], - деп өте орынды көрсеткен. Қазақстан Республикасының Парламентінің Үкіметке билік бөлу жүйесінде ықпал ету тетігін топтастырып көрсететін болсақ, Президентке Премьер-Министрді қызметке тағайындауға келісім береді. Сонымен қатар, мәжіліс депутаттары Үкіметке сенімсіздік білдіре алады. Үкімет мүшелерінің есептерін тыңдауға мүмкіндігі бар. Осы есептің нәтижесінде Үкімет мүшесін қызметтен босату туралы Президентке өтініш жасауға хақылы. Бюджеттің атқарылу есебін тыңдау арқылы да, үкіметке ықпал етеді. Қазақстан Республикасында атқару билігін Үкімет жүзеге асырады. Мемлекеттің басқару нысанына байланысты Үкіметтің жасақталуының өзіндік ерекшеліктері бар. «Президенттік басқару нысаны жағдайында (АҚШ, Аргентина, Бразилия, Мексика, т.б.) үкімет саяси және ұйымдық тұрғыдан президент қамтитын атқарушы билік тармағына жатады да, Парламенттің қатысуымен Президент басқарады, әрі құрады, оның дербес құзіретті алқалы шешуші органы мен алқалы саяси парламенттік жауапкершілігі болмайды. Кабинет мүшелері бүкіл халық сайлаған Президент алдында дербес жауап береді (жауапқа тарту жағдайынан басқа уақытта). Үкіметтің нақты мәнділігі нақты мемлекет басшысының субъективтік пікіріне тікелей тәуелді. Саяси және экономикалық тұрғыда баяу дамыған суперпрезидент пен үкімет арасындағы функционалдық-ұйымдық байланыс едәуір болатындығы байқалады. Әлсіз Үкімет-күшті президент. Парламентарлық басқару нысаны жағдайында (Ұлыбритания, Италия, ГФР, Үндістан, Жапония, т.б. - парламентарлы монархиялар мен парламентарлық республикалар) билік жүргізу функциясы мемлекет пен үкімет басшылары (үкімет басшысы - Премьер-Министр, Федералдық Кеңесінің Төрағасы, т.б.) арасында бөлінген. Президент (монарх) тек мемлекет басшысы. Үкімет атқарушы биліктің негізгі көлемін жүзеге асырады (оның

---

төменгі палатасындағы) партиялық көпшілік негізінде құрылады және алқалық саяси жауапкершілік алады. Күшті үкімет-әлсіз президент.

Президенттік кейде (аралас деп те атайды) республика жағдайында (Франция, Португалия, Финляндия, аздап Түркияда, бұрынғы социалистік мемлекеттердің көпшілігінде) басқару нысанында президенттік және парламентарлық нысандарының негізгі сипаттары болады. Мемлекет басшысы мен үкімет басшысының лауазымдары ажыратылған. Үкімет парламентарлық жолмен құрылады, өзінің құзіреті болады және парламент алдында алқалық саяси жауапкершілік алады. Бүкіл халық сайлаған президентте шұғыл басқару болмайды, ол өзіне үкіметтің атқарушы тармақтарына басшылықты, Парламент пен Үкімет арасындағы таластарды шешу жөніндегі стратегиялық және тактикалық тұтқаларды сақтайды. Күшті үкімет-күшті президент.

Заң шығару Парламенттің негізгі қызметі болғандықтан, оны біз жетілдіре түсуіміз қажет. Осы жерде белгілі ғалым Ғ.С. Сапарғалиевтің бұл мәселе туралы мынандай ойын өте орынды деп есептейміз: «Ең алдымен депутаттардың заң шығару қызметі аясындағы құқықтарын күшейту қажет. Біз айтқандай, депутаттар заң шығарудағы құқығына ие, яғни заңдардың жобаларын өңдеуге. Бірақ, бұл артықшылықты Үкіметтің қарауына берген. Олардың құқықтарын теңестіру қажет, әрбір билік бір-біріне қарама-қайшы әрекет жасамай біртұтас, дұрыс жұмыс істейтін тетікті ұйымдастыру керек. ешқандай шығынсыз заңды жүзеге асыру мүмкін емес болып табылады», - деген [2, с. 10-11]. Осы жерде бір ескеретін жағдай заң шығару процесі өте көлемді процесс болып табылады. Оның негізінде, яғни мемлекеттік маңызды құжат, заң өмірге жолдама алатындығы бәрімізге түсінікті. Қазақстан Республикасы Парламент пен Президенттің билік бөлу мәселесіне байланысты қарым-қатынасы бір қырынан осы заң шығаруға негізделеді. «Республиканың заңдары Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Парламент қабылдаған заңдар қабылданған күнінен бастап он күннің ішінде Парламент Палаталарының әр қайсысының төрағаларының қолдарымен, сондай-ақ, егер заң жобасын Үкімет енгізсе, Премьер – Министрдің қолымен алдын-ала бекітіліп, Республика Президентінің қол қоюына ұсынылады, ол бір ай ішінде ұсынылған заңға қол қойып оны жариялайды не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайтадан талқылап, дауысқа салу үшін Парламентке қайтарады.

Осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімнің ішінде қайтарылмаған заң қол қойылды деп саналады. Егер Парламент сессиясы заңды президенттің қайыру ықтимал мерзім біткенше жабылған болса, Президент заңды Парламенттің кезекті сессиясының алғашқы күні қайтарады» [3, 15 б.]. Кейбір жағдайларда Президенттің белгілі заңдары қарсылығын тудыруы мүмкін. Осы жағдайда Президенттің вето құқығы болады. Вето құқығына сәйкес Президент ол заңның заңның қабылдануына немесе уақытына тосқауыл қоюы мүмкін. Осындай жағдайларда Парламент бұл қарсылықты еңсеруі қажет. Бұл мәселе былай шешіледі: “Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Парламенті билік бөлу аясында Үкімет пен бюджеттің атқарылуына байланысты мәселеде өзара қарым-қатынасқа түседі. Парламенттің депутаттары Үкіметтің бұл мәселеге байланысты есебін тыңдауға және әрбір лауазымды тұлғасын Парламент алдына шақырып, есеп беру мәселесін қоюға құқығы бар. Сонымен қатар, Үкіметке сенімсіздік білдіру арқылы да атқарушы билікке ықпал ете алады. Қазақстан Республикасында атқарушы биліктің өзіндік ерекшеліктері бар оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің билік бөлу принципіне

---

сәйкес конституциялық құқықтық уәкілеттігі атты зерттеу жұмысында Қ.Ө. Тлеубаев мынандай бөлімдерге бөліп, жіктеп көрсетеді:

мынандай жеңілдіктер көрсетіледі: жалақыға қосымша сыйақы беріледі, ай сайын жәрдемақы беріледі, тегін медициналық қызмет көрсетіледі, баланы бала-бақшаға, мектепке, жоғарғы оқу орнына орналастыруға көмек көрсетеді.

Қазіргі кездегі Қытайдағы демографиялық реформаның маңызы тіршілік етудің сапасын жоғарлату және әйелдердің, қарт адамдарының мәртебесін көтеруге бағытталады. Қытайда отбасыда бір баладан артық бала болмауына тыйым салатын, халықтың санын шектейтін қатаң бағдарлама бар. Қыз бала туылған отбасыға екінші бала тууға рұқсат беріледі [2].

Халық санының өсуі жағынан тағы бір лидер мемлекет Үндістан болып табылады. Үнді мемлекетінде туылымның төмендеуіне бағытталған демографиялық саясатқа ерекше көңіл бөлінеді. Үнді мемлекеті ресми мемлекеттік саясат ретінде отбасын жоспарлаудың ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруға кіріскен, дамушы елдердің арасында ең алғашқысы болып келеді. Оның басы 1951 жылдан елде халық шаруашылығы дамуының бірінші бесжылдық жоспарын орындаудан бастау алады. Айта кететін жәйт, сол уақытта отбасын жоспарлау бағдарламасы туылымның шектелуі үшін қабылданған жоқ болатын, керісінше оның басты мақсаты отбасының қоғамның негізгі тірегі ретінде әл-ауқатын әр түрлі шаралар арқылы нығайту үшін қабылданды. Уақыт өте келе ол да өзгерді. Мысалы, 1977 жылы елдің демографиялық саясатынан мәжбүрлеудің әр түрлі нысандары алынып тасталып, ана мен баланың денсаулығын қорғауға, азық-түлік мәселесіне, әйелдердің білім алуы мен құқықтарына көп көңіл бөліне бастады.

Бастапқыда демографиялық саясаттың басты мақсаты дәстүрлі көп балалы отбасыдан екі-үш балалы отбасыға өту болған. Ол мынандай ұрандармен жүргізілді: «екі немесе үш бала жетеді!», «екінші балалы болуды соза тұр, ал үшіншіден кейін тоқта!», «шағын отбасы-бақытты отбасы!» және т.б. 1981 жылғы халықтың санағы нәтижесінде тек екі балалы отбасыға көшу жөнінде отбасын жоспарлау бағдарламасы белсендетіле бастады. Ендігі ұран «тек екі балалы болыңдар - бірінші және соңғы бала болсын!», «екі бала жеткілікті!» және т.б. Осындай бағдарламалар арқылы елдің үкіметі ХХ ғасырдың аяғында халықтың саны біркелкі, тұрақтанады деп үміттенді, ал ХХІ ғасырдың алдыңғы онжылдығында халық саны тұрақтанып, оның мүлдем өспеуі туралы болжам жасады.

Үнді мемлекетінің отбасын жоспарлау саясаты әр түрлі үгіттеу, медициналық, әкімшілік-құқықтық және басқа да шараларды қарастырады. Бүкіл ел бойынша үйлестіруші-әкімшілік және биомедициналық аспектілерді қамтитын мыңдаған отбасын жоспарлау орталықтары ашылды. Олар қазіргі кезде контрацепцияның жаңа әдістерінің таралуын, әйелдің құрсағына бала біткізбейтін әдістерді қолдануын қамтамасыз етеді, сонымен қатар, стерилизация бойынша күрделі емес операцияларды жасауды және оған сәйкес ақшалай сыйақы да беруді қамтамасыз етеді. 1976 жылдан бастап елдің үкіметі еркектерді мәжбүрлі стерилизацияға жасауға көшірді. Жыл сайын Үндістанда 5 миллионға жуық еркектер мен әйелдер стерилизация жасайды, ал контрацепция әдістерін 60- 70 миллион әйелдер пайдаланады.

Үндістанның демографиялық саясатында маңызды шаралардың бірі болып-некеге тұру жасын көбейту болып табылады. Егер де ХХ ғасырдың 50-ші жылдары еркектің некеге тұру үшін жасы 22- жас болып, әйелдер үшін 15- жас болып бекітілді, 60-ші жылдары ол 23 пен 17 жасқа көтерілді, ал қазіргі кезде 25 пен 18 жастан басталады.

Үндістанның жетінші бесжылдық жоспарында (1990 ж.) отбасын жоспарлау бағдарламасының жүзеге асырылу шығыны көбейді, ал бұл бағдарламалардың өзі ана мен бала денсаулығын қорғау қызметімен тығыз байланыстырылды. 1999 жылы Үнді

---

халқының саны 1 миллиардқа жетті. 2000 жылдан бастап Үндістанда демографиялық саясаттың жаңа Ұлттық бағдарламасы әрекет етеді. Оның басты мақсаты 2010 жылына халық саны өсуінің тоқтауы, ал 2045 жылға халық санының тұрақтануы болып табылады [3].

Халықтардың өсуі мен қатар кемуі болып жатқан елдер де көпшілік. Оларға Германия, Израиль, Ресей, Украина, бірқатар Еуропа мемлекеттері де кіреді.

Халықтың кемуі жағынан алдыңғы қатарда келе жатқан Германия мемлекетінің демографиясын қарастыратын болсақ, соңғы үш онжылдықта бұл мемлекет бір ұлтты елден, күрделі этникалық құрамы бар елге айналып отыр. Неміс халқының этникалық құрамын ежелгі герман тайпалары құрайды, олар үшке бөлінген герминондық, истевондық, ингевондық тайпалар. Қазіргі кезде түпкілікті халыққа жататын ұлттық топтардың саны аз. Олар 80 мыңға жуық дат халқы, 40 мыңға жуық голландықтар және 7-8 мыңға жуық фризер. Қалған ұлттық топтар көшіп – келушілер.

XIV ғасырдың ортасынан бастап Батыс Еуропада ғылымның, техниканың және мәдениеттің Қайта өрлеу дәуірі басталды. Өндіріс пен азық-түліктің көбеюі халық санын өсірді. Бірақта Еуропаның жекелеген елдерінде 19 ғасырға дейін халықтың санының төмендеу көрсеткіштері де байқалды. Ол әр түрлі эпидемиялардың туындауына байланысты болды (1624,1639 жылдардағы чума ауруы және т.б.) 19 ғасырда Германия мемлекетінің халқы 24 миллионнан 56,5 миллионға жетті, 20 ғасырдың басында одан да көп болатын еді, бірақ 5 миллионға жуық адам басқа елге көшіп кетті. Неміс халқының өсуіне үлкен кедергі әкелген дүниежүзілік соғыстар. Соғыс 2 миллион адамды алып кетті, осы кездегі эпидемиялар 3 миллион адамды жоқ қылды. Соғыстан кейінгі кезде неміс халқының өсуі өте төмен болды. 1946-1965 жылдар аралығында 5-8% ғана өсті, одан кейін мүлдем төмендей бастады. 1972 жылдан бастап өлім деңгейі туылымды басып озды, соңғы жылдары туылым 10% құрайды (әлемдегі ең төмен көрсеткіш). 1978 жылы туылым көрсеткіші әлемнің бір елінде болмаған деңгейге түсті (1000 адамға шаққанда 9,4% туылғандар). 1985 жылы халықтың өсуі - 0,2%, өлім көрсеткіші-12% болды. 2004жылы туылым деңгейі 8,6% құрады. Халықтың құрылымы бойынша егер Қытайда, Үндістанда еркектер көп болып, әйелдер аз болса, Германияда керісінше әйелдер көп те еркектер аз.

Германия мемлекетінің демографиялық саясаты туылымның көбеюіне бағытталған. 1974 жылы Федеративтік Герман Республикасы Үкіметі контрацептивтік құралдарды пайдалануға және жүктіліктің алдыңғы үш айында аборт жасауға шектеуді алып тастады, бірақ 1975 жылы елдің Жоғары Соты медициналық көрсеткіштер мен төтенше жағдайлардан басқа кезде, өз еркімен аборт жасауды заңсыз, конституциялық емес деп танып, оған шектеу қойды.

Қазіргі кезде Германияның демографиялық саясатында өте күрделі мадақтау шаралар жүйесі бар. Ол үш топқа бөлінеді:

- отбасы жәрдемақылары мен қосымша төлемдер;
- туатын кездегі жәрдемақылар;
- тұрғын үй жеңілдіктері;

Осының нәтижесінде Германияда бір баладан көп баласы бар отбасыларға көп жеңілдіктер берілген, мысалы, отбасыда тек қана бір адам жұмыс істеу және т.б [4].

Ғаламдық проблемалар бүкіл планетаның халқын қамтып отыр. Сөйтіп олар жалпылық, яғни әркімге және әрбір мемлекетке қатысты жағдайға жетті. Сондықтан да жекелей алынған бір мемлекеттің күшімен оларды шешу мүмкін емес. Халық саны саласындағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар, соның ішінде көші-қон саласындағы мәселелерде қазіргі таңда барлық дамыған мемлекеттердің негізгі



---

мәселесі болып отыр. Бүгінгі таңда әлемдегі демографиялық жағдайдың өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар:

- Бірқатар дамыған елдерде демографиялық дағдарыс халықтың ұдайы өсуінің бұзылуына, оның санының азаюына әкеліп соқты;

- Азия, Африка және Латын Америка елдерінде халық санының тез өсуі байқалады;

- Үшінші әлем елдерінде дамыған мемлекеттерге қарағанда 3 есе көп адам өмір сүреді;

- Жағымсыз әлеуметтік-экономикалық жағдайлар орын алуда;

- Экологиялық мәселелер өсуде (экожүйенің шамасынан тыс ауыртпашылықтар орын алуда, қоршаған ортаның ластануы, шөлейтті және ормансыз жерлер көбеюде).

Халқының саны төмен мемлекеттердің қатарына Израиль мемлекеті де кіреді. Бұл мемлекеттің Орталық статистикалық бюросының мәліметіне сәйкес 2008 жылдың басына халық саны 7 миллион 241 мың адамды құрады. Оның ішінде 75,6% (5 миллион 472 000 адам) - еврейлер, 20% (1 миллион 449 000 адам) – арабтар және 4,4% (320 000) басқа ұлт өкілдері. 2007 жылға қарағанда халық саны 1,7% өскен. Израильге 18 мың жаңа репатрианттар келген және 149 мың бала туылған.

Израиль мемлекетіндегі еврей халқының саясатын жоспарлау Институтының мәліметтеріне сәйкес еврей халқының көпшілігі әлемнің қолайлы дамыған бай мемлекеттерінде тұрады екен. Әлемде 13 миллионнан сәл аздау еврейлер бар екен. Соның ішінде 5,4 миллионы Израильде тұрады. Қалғаны Аргентинада 187 мың еврей, Венгрияда 50 мың еврей, АҚШ-да 5,3 миллион еврей, Австралияда 100 мың еврей, Канадада 371 мың еврей, Францияда 500 мың еврей және т.б. тұрады.

Жылдан жылға Израильде еврейлерге қарағанда арабтардың саны өсіп бара жатыр. Израиль халқының басым көпшілігі 75 жастан жоғары адамдарды құрайды, ал еңбекке қабілетті адамдардың саны аз. Ал балалар санына келсек 14 жасқа дейінгі балалар саны еврейлер арасында 26% құрайды, ал арабтардың арасында 41% құрап отыр. Еврейлерге қарағанда арабтардың арасында бала туылымның көрсеткіші 1,6 есе көп.

Израиль мемлекеті балалар мен қарттар санының көп болуынан идеалды мемлекет деп есептеледі. Еңбекке қабілетсіз азаматтарды қамтамасыз ету нәтижесінде мемлекеттік салықтың мөлшері үлкен және бүкіл халықтың тіршілік ету деңгейі төмен болып келеді.

1993 жылы Норвегия келісімі қабылданғаннан кейін Иудеиден, Самариядан және Газадан Израильге 140 мың араб көшіп келді. Оған қоса тұра осындай көрсеткіште заңсыз көшіп келушілер де болды. Израиль мемлекетінің ІО жыл сайын азаматтық алу және тұрғылықты орын беруге мыңдаған өтініштер қарайды. Оның ішінде көбісі Шығыс Иерусалимнен және Бәер-Шевадан келеді.

Еврейлердің азаюі мен арабтардың көбеюу туралы халық арасында елдің иммиграциялық заңнамаларына қатаң тәртіп енгізу туралы, Израильден арабтардың көшіп кетуіне сыйақы беру туралы да ұсыныстар айтылғаны, болғаны туралы мәліметтер де бар [5].

Біріккен Ұлттар Ұйымының алдыңғы 10 жылға жасаған болжамы бойынша Ресей мемлекетінің халқы азаяды деген тұжырымдама жасады. Күні бүгінде Ресей Федерациясы халқының өсуі жағынан ең төменгі мемлекеттер қатарына жатқызылады. 2008 жылға оның саны 141,9 миллион адамды құрап отыр. Дүниежүзілік Банктің бағалауына сәйкес шамамен 20 жылдан кейін Ресей халқы 12% немесе 17 миллион адамға қысқаруы туралы мәлімет жасады. Туылымның төмендеуі нәтижесінде халық қартайып бара жатыр. Дүниежүзілік Банктің есебі бойынша 2025 жылға қарай әрбір бесінші ресейлік азаматтың жасы 65 болады, ал ол өз кезегінде

---

экономикалық дамудың қысқаруына әкеп соғады. Ресейлік статистика органдарының есебі бойынша 2051 жылға қарай Ресейде 123,2 миллион адам болады деген болжам жасайды [6].

Табиғи өлім жасына жетпеген ресейлік азаматтар статистика бойынша өмірден араққа және есірткіге құмарлыққа салыну нәтижесінде, қылмыстылық, өндірістік, көліктік және тұрмыстық жәбір алу нәтижесінде кетеді. Мұндай проблемалардың шешілуі мемлекеттің жасаған жеңілдіктеріне байланысты емес.

Ресей Федерациясының демографиялық саясаты отбасыдағы бірінші және екінші бала туылымы көрсеткіштерін көбейту мақсатында жәрдемақылар беруді, көші-қон үрдісін қолдауды, алкогольді өнімнің, темекінің айналымда жүруін қатаң бақылау нәтижесінде өлімнің азаюын қадағалауды жүзеге асырып жатыр. Ресей үкіметі орыстармен, орыс тілді халықтардың мүддесін қорғауды өз Конституциясында бекітіп, олардың ата-мекеніне көшіп келуіне барлық мүмкіндіктер жасауда. Ресейдің демографиялық саясатының бір қыры болып бала асырап алғандарға бала туылуына байланысты берілетін жәрдемақының мөлшері мен бірдей жәрдемақы беріледі. Ана мен баланың денсаулығына көп көңіл бөлінеді. Елдегі медициналық қызмет көрсету құны төмендетілген. Әйелдерге сапалы медициналық қызмет көрсетудің тетіктері жүзеге асырылады. Сонымен қатар Ресей мемлекетінде екінші баланы туған әйелдерге үлкен материалдық көмек көрсетіледі [7].

Африка мемлекеттерінде ЖҚТБ мен әр түрлі эпидемиялардың өсуіне қарамастан, халқының саны өсуде. Иордания мемлекетінде туылымды азайту саясаты бойынша әйелге бала туу арасын алшақтату көзделіп отыр.

Вьетнам мен Сингапурда отбасын жоспарлау бағдарламалары бойынша туылымды азайтуға шаралар қолданып жатыр, соның нәтижесінде әйелдердің әлеуметтік мәртебесін өзгертуге үгіт насихат жүргізу арқылы, оның мүлкітік жағдайын көтермелеуге және білімділігін арттыруға іс-шаралар атқарылып жатыр [8].

Осыған байланысты әлем мемлекеттерін бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

*Бірінші топқа* халқы саны өсімінің жоғарлауымен ерекшеленіп отырған мемлекеттер жатады. Олар: Қытай, Үндістан, Оңтүстік Африка, Вьетнам, Сингапур, Иордания мемлекеттері және т.б.

*Екінші топқа* халқы саны төмендеуімен ерекшеленіп отырған мемлекеттер жатады. Олар: Германия, Израиль, Польша, Ресей, Әзірбайжан, Қырғызстан, Украина, Белоруссия және т.б. Осы топқа біздің мемлекетте кіреді.

Германия, Израиль және Польша сияқты бірқатар елдер халықтың ұлттық этникалық құрамын сақтап қалу мақсатында арнайы этно-тарихи көші-қон саясатын жүргізеді, сондай-ақ Греция, Түркия да сырт елдердегі өз диаспорасын ата жұртына кедергісіз келуіне жағдай жасауда. Түркияда туылымды көбейту, отбасын жоспарлау идеологиясы мәселесі конституциялық деңгейде бекітілген (Түркия Конституциясының 41 бабы).

*Үшінші топқа* халықтың саны өз темпімен баяу өсіп келе жатқан мемлекеттерді жатқызуға болады. Олар: АҚШ, Канада, Австралия, Өзбекстан, Түркменстан және т.б. АҚШ, Канада, Австралия және т.б. бірқатар еуропалық елдер де келіп жатқан шетел азаматтарына қатысты иммиграциялық саясаттың сұрыпталған ерекше түрін жүргізуде.

Шетел мемлекеттерінің көбісі өз демографиялық саясатына көп көңіл бөледі, сонымен қатар, ғылыми жетістіктерді де пайдаланады. Оның айқын көрінісі Белоруссия мемлекетінде демографиялық қауіпсіздік мәселесі алдыңғы қатардан орын алып, демографиялық сараптама туралы заңмен реттеледі.

---

Көші-қон жылдамдығын немесе тездігін екі әдіспен бағалауға болады. Біріншіден, адамдардың аймақтар бойынша қозғалысын белгілі бір кезеңдерде, яғни жаппай көші-қон басталған және аяқталған уақыт аралығындағы кезеңді ала отырып қарастыруға болады. Екіншіден, мигрантқа өз туған жерінен кетіп, оған баспана берген жаңа мемлекетке орналасуы үшін қажет уақыт керектігімен. Бұл жерде негізгі айырмашылық көлік технологиясында болған өзгерістер екені айқын.

Көші-қонға байланысты көптеген еңбектер еңбек қозғалысының мәселелеріне арналған. Жұмысшылардың табыс іздеу мақсатындағы қозғалысы, нарық күшінің өзгермелілігін, сұраныс пен ұсыныстың айырмасының көрінісі болғанымен де, әлем бойынша адамдардың жаппай көші-қонының жалғыз аспектісі болып табылады. Сонымен бірге, көші-қон үрдісі саяси, әскери мәдени құрылымдарының бір бөлігі ретінде олардың әрекеттерімен үйлесіп отырады [9, 336 б].

Қазіргі кезде ғаламдық және өңірлік көші-қон салдары ұлттық және егеменді мемлекеттерге бірқатар факторлар арқылы әсер етеді. Біріншіден, заңсыз және құжаттары жоқ мигранттардың ағымы ұлттық мемлекеттердің өз шекараларын қорғауға мүмкіншіліктердің аз болуымен қақтығысады. Екіншіден, өз шекараларын бақылауға алған елдерде заңсыз көші-қон ағымдарын тоқтата алмаған кездер де болған. Үшіншіден, көші-қон саласында әртүрлі мемлекеттік саясаттың бақылау мен жүзеге асыру мақсатында дамып келетін халықаралық ынтымақтастық осы салада мемлекеттік егемендікті тануды белгілейді. Төртіншіден, экономикалық және мәдени саясат салаларында көші-қон өзінің ішкі саяси ортасын қалыптастырды. Сонымен, көші-қон мемлекеттегі бар саясаттың түрін өзгертуге, сонымен қатар сол саясатқа байланысты шығындар мен пайдалардың ара қатынасын өзгертті [9, 379 б].

Демографиялық жаһандану – ол жаңа үрдіс емес. Қазіргі кезде көріп жатқан үрдістер ежелгі дүниеде де орта ғасыр кезеңінде де болған. Ол кездері адамзаттың көптеген бөліктері жерде еркін көшіп – қонып жүре берген. Демографиялық жаһандану үрдісі ұлт, мемлекеттер-аумақтар және мемлекеттер-ұлттар пайда болу нәтижесінде тоқтай бастады. Адамдар, жұмыс күші, адамзат капиталы әрқашанда көшіп жүрген, ал қаржылай капитал, технология, тауар әлеміндегі көш әлемге енді таралып көше бастады.

#### **Список литературы:**

- 1 Ковалев В. Глобализация и будущее // Независимая газета.– 2000. – 18 августа.
- 2 Демографическая политика Китая // <http://e-lib.gasu.ru/eposobia/minaev>
- 3 Максаковский В.П. Демографический взрыв и демографическая политика в Индии // <http://geo.1september.ru/articlef.php>
- 4 Марголин Я. Поддержка семьи как выход из кризиса рождаемости // <http://www.ng.ru/health/2007-11-09/9podderjka.html>
- 5 Йорам Этингер ... об израильской концепции «демографической опасности». Миф об угрозе арабской демографии: прогнозы, факты, последствия // Курсор, Израиль. – 2009. – 25 марта. Опубликовано на ИноСМИ.Ru // <http://demoscope.ru/weekly/2009/0371/gazeta04.php>
- 6 Синельников А. Типы семей и демографическая политика в России // [http://www.demographia.ru/articles\\_N/index.html?idR=5&idArt=418](http://www.demographia.ru/articles_N/index.html?idR=5&idArt=418)

---

7 Концепция демографической политики Российской Федерации // [http://www.intelros.ru/2007/10/26/Koncepcija\\_demograficheskoy\\_politiki\\_rossijskoj\\_federacii\\_na\\_period\\_do\\_2015\\_goda.html](http://www.intelros.ru/2007/10/26/Koncepcija_demograficheskoy_politiki_rossijskoj_federacii_na_period_do_2015_goda.html)

8 Максаковский В.П. Демографическая политика // <http://geo.1september.ru/articlef.php>

9 Хелд Д. Глобальные трансформации: Политика, экономика, культура / Пер. с англ. В.В. Сапова и др. – М.: Практикс, 2004. – 576 с.

### Резюме

Раскрывая и рассматривая данную статью, автор дает понятие, что для регулирования демографических процессов в период глобализации, государства должны объединиться с мировым сообществом. Глобальные демографические проблемы превратились в мировые проблемы. Международные организации занимают особое место при регулировании демографических проблем, составляющих содержание внутренних и внешних функции государства.

### Summary

The author in article opening and considering gives a concept that for regulation demographic the processor during globalization, the states should integrate with the international community. Global demographic problems turned into world problems. The international organizations hold a specific place at regulation of the demographic problems making the contents internal and external functions of the state.

УДК№ 342.53(574)

**Жумагулова Ә.О.  
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының магистранты  
Ғылыми жетекші:  
з.ғ.к., аға оқытушы Ш.А.Сұлтанхан**

## ПАРЛАМЕНТТІҢ БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІ МЕН МАҢЫЗЫ

Бұл мақалада парламенттің бақылау функциясының негізі мен маңызы бір-неше критерилар бойынша жан-жақты қарастырылып, қорытынды жасалды.

**Кілт сөздер:** мемлекет, қоғам, билік, заң, парламент, палата, субъект, лауазымды тұлға, бақылау, форма, функция.

Парламенттік бақылаудың формалары сандық және сапалық көрсеткіштері тұрғысынан алғанда әр мемлекетте әр түрлі. Бұлай болуы заңды құбылыс, себебі мемлекеттің түрпаты, әлеуметтік-мәдени және экономикалық дамуындағы ерекшеліктер парламенттік процедураларға тікелей әсер етеді. Керісінше аталған жәйттердегі ұқсастықтар парламенттік бақылаудың формалары туралы ұғымды жинақтауға, жүйелеуге, сұрыптауға мүмкіндік береді және мұндай логикалық операциялардың практикалық маңызы жоғары. Себебі бақылаудың кез-келген формасы процедуралық ерекшеліктерден тұрады және бақылау функциясы ретінде

---

іске асқанда ғана көрініс табады. Ал мұның қозғаушы күштері мен мазмұндық жүйесі қоғамның даму деңгейімен анықталады.

Парламенттік бақылауды келесі негіздер бойынша жіктеу жүргізуге болады:

1. Субъектісі бойынша:

1) парламенттік (бірлескен отырыс формасында ұйымдастырылады не парламент атынан төменгі палата өкілдік етеді);

2) парламент құрамына кіретін органдар мен лауазымды тұлғалар (парламент палаталары, комитеттер мен комиссиялар, депутаттар, депутаттық топтар және т.б.);

3) парламент құрамына кірмейтін құзырлы органдар мен тұлғалар (Есеп палатасы (комитеті), Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Ғылыми ақпараттық қызмет және т.б.).

Бақылауды субъектілері бойынша жіктегенде келесідей ерекшеліктерге назар аударылуы қажет. Біріншіден аталған субъектілерді бақыланатын объектіге әсер ету сипаты бойынша екі топқа бөліп қарастырған жөн. Бақылауды:

1) тікелей және

2) жанама түрде жүзеге асырушы субъектілер деп бөлеміз және бұлай бөліп көрсетудің тәжірибелік маңызы жоғары. Тікелей бақылауды жүзеге асырушы субъектіге парламент, оның палаталары, палаталардың бірлескен отырыстары, тұрақты (уақытша) комитеттер мен комиссиялар, депутаттар, депутаттық топтар жатады. Аталған субъектілер бақылау функциясын жүзеге асырғанда тек соларға ғана тән әрі конституциялық құқықтық актілермен танылған бақылау формаларын ғана қолданады (мәселен, сенімсіздік білдіру, депутаттық сауал және т.б.) және арнайы парламенттік процедурамен рәсімделеді. Ал бақылау функциясын жүзеге асыратын жанама субъектілерге мұндай парламенттік процедура талап етілмейді, көп жағдайда олардың әрекеттері жалпыға бірдей әкімшілік процедурамен рәсімделеді. Парламенттің бақылау функциясын жүзеге асырушы жанама субъектілерге парламентпен толықтай не ішінара құрылатын бақылау құзыретіне ие институттар кіреді: Есеп палатасы (комитеті), Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (омбудсмен), Ғылыми ақпараттық қызмет және т.б.

2. Мазмұндық бағыты бойынша:

1) қаржылық-бюджеттік бақылау;

2) адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына қатысты бақылау;

3) қоршаған ортаны қорғауға қатысты бақылау;

4) мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласындағы бақылау;

5) ақпараттық саладағы бақылау.

Парламенттік бақылауды іске асу салаларын анықтау және толық тізімін түгендеу билік бөлінісі қағидасының айқындылығына және саяси тұрақтылыққа оң ықпал етері сөзсіз. Дегенмен көптеген ұлттық парламенттердің заңда анықталғаннан тыс «көрінбейтін өкілеттіліктері» бар және бұл әр түрлі факторлерге тәуелді (парламент лидерінің саяси ықпалы, қалыптасқан саяси немесе конституциялық дәстүр және т.б.) екендігін ескергеніміз жөн. Сондықтанда әлем парламенттеріне ортақ әрі тек маңызды салалардағы бақылау функциясын анықтаумен шектелу – бақылау функциясының негізгі мәнінен ауытқымауымызға мүмкіндік береді.

3. Парламент бақылауын іске асыратын мерзімі бойынша:

1) алдын-ала жасалатын бақылау, яғни заңсыз және/немесе тиімсіз атқарушылық қызметтің орын алмауын бақылайды (парламенттің өзімен, көмекші органдары және қызметтерімен жүзеге асырылады). Мәселен, Есеп комитетінің бюджеттің

---

орындалуын бақылауы заңсыздықтардың орын алмауына және бюджеттің ысырап етілмеуіне жағдай туғызады;

2) ағымдағы (жедел) бақылау қабылданған барлық заңдардың нақтылай іске асуы барысында бақылауға алады (мәселен, ҚР «Атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңының іске асуы барысында депутаттық сауалдар мен сұрақтар ықпалды болды және т.б.);

3) кейінгі бақылау – нақтылы орын алған жағдайларға қатысты заңның орындалуымен қатар жауапты тұлғалардың іс-әрекеттерін тексеруге және сәйкесінше тиісті қорытынды әзірлеуге бағытталады (тергеу комиссияларының жұмысын жатқызуға болады).

4. Парламенттік бақылау әсерлілігі мемлекеттің басқару нысанына тәуелді. Мемлекеттің басқару нысанына байланысты республикада, сондай-ақ монархиялы мемлекеттерде де парламенттің бақылау функциялары кездеседі. Республикалық басқару нысанындағы мемлекеттердегі парламенттің бақылау функциясы келесі түрлерге бөлінеді:

1) президенттік республикадағы;

2) парламенттік республикадағы;

3) жартылай президенттік республикадағы, мұның өзі:

а) президенттік-парламенттік республикадағы және

б) парламенттік-президенттік республикадағы парламенттік бақылау деп

тарқатылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бап, 1-тармағы «Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет» деп бекітеді және бұл нормаға Конституцияның 91-бабының 2-тармағы келесідей заңи кепілдік орнатқан: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің біртұтастығын және аумақтық тұтастығын, Республиканы басқару нысанын өзгертуге болмайды». Конституцияда бекітілуі бойынша Қазақстан – президенттік республика болып табылады. Президенттік республика жағдайында кәсіби және нәтижелі жұмыс істейтін парламент пен жүйелі түрде орныққан президенттік билік маңызды элемент болып табылады [1].

Парламенттік бақылау конституциялық монархияларда (Ұлыбританияда) орын алады. Абсолютті монархияларда бүкіл мемлекеттік билік монархтың қолында шоғырлануы себепті бақылау функциясы теориялық тұрғыдан болуы мүмкін емес.

5. Парламенттегі саяси күштердің арасалмағына қарай екіге бөлінеді:

1) парламенттік көпшіліктің бақылауы;

2) парламенттік азшылықтың (оппозицияның) бақылауы.

Парламенттік көпшілік заңи тұрғыдан әлемдік тәжірибеде де және Қазақстанда да парламентке тиесілі көптеген сұрақтарды шешуде маңызды роль атқарады.

Қазақстанда тұтастай алғанда қоғамдағы саяси жүйені, жекелей алғанда мемлекеттік механизм институттарын ұйымдастыруда партиялық жүйенің жетілмеуі Парламент Регламенттерінен анық байқалады.

6. Отандық авторлардың бір тобы атқарушы билікті бақылаудың мазмұнына қарай парламенттің бақылау функциясын екіге бөліп қарастыруды жөн көреді:

1) құрылтайшы (мемлекеттік органдарды құру, қайта құру және тарату, лауазымды тұлғаларды тағайындау және міндетінен босату; сондай-ақ парламент депутаттарының өкілеттілігін тану, тоқтату және депутаттық имунитеттен айыру мәселесін шешу);

2) ағымдағы (сессиялық және сессияаралық бақылау). Бұған сессия отырыстарындағы парламент, парламенттің комиссиялары мен өзгеде жұмыс

---

органдары және арнайы органдар сипатындағы субъектілердің бақылаушылық қызметтері жатады.

7. Рәсімделуіне байланысты:

- 1) жария (ашық);
- 2) жария емес (жабық).

8. Негізі бойынша:

- 1) заңи (заң бұзушылық орын алуы тиіс);
- 2) саяси (үкіметтің жүргізіп отырған саясаты үшін жауаптылығы).

9. Ресейлік зерттеуші Е.В. Коврякова парламенттік бақылаудың әрекет ету және көріну сипатына қарай оларды *ақпараттық (консультациялық), санкциялаушы (ұсыныс немесе шешім түрінде) және бюджеттік-қаржылық* деп бөліп көрсетеді [2, 23 б.].

10. Парламенттің бақылау функциясының іске асу формаларына байланысты келесідей негізгі түрлері бар:

1. Парламенттік тыңдау.
2. Үкімет мүшелерінің есебін тыңдау.
3. Сенім және сенімсіздік білдіру (вотумы).
4. Интерпелляция. Депутаттық сауал салу және сұрақ қою.
5. Парламенттік тергеу.
6. Импичмент.

1. Парламенттік тыңдау. Қазақстан Республикасы Конституциясының 57-бап, 5-тармағына сәйкес Парламент Палаталары «өз құзіретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді» делінген. Парламенттік тыңдауларды Палаталар Бюроларының шешімдері бойынша Палаталардың тұрақты комитеттері өткізеді әрі олар ашық және жабық нысанда өткізілуі мүмкін. Парламенттік тыңдаулар Парламент палаталары қызметінің ұйымдық нысаны болып табылады. Бұл қызметтің мақсаты болып заң жобаларының тұжырымдамаларын алдын ала талқылау, заңдардың іске асырылу, Үкімет, министрліктер мен ведомстволар қызметінің әртүрлі бағыттары бойынша жалпыұлттық және өңірлік бағдарламалардың орындалу барысы туралы жан-жақты және объективті ақпарат алу, сондай-ақ мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының түйінді мәселелеріне терең талдау жасау табылады. Парламенттік тыңдау әдетте аптаның жұма күндері өткізіледі. Тыңдаудың тақырыбы қоғамда өзекті мәселе тудырып отырған сұрақтарды қамтиды және үкімет мүшелері мен қатар арнайы шақырылған адамдар (ғалымдар, мамандар, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және т.б.) қатысады. Мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзгеде құпия мәліметтерді жария етпеу жағдайларын қоспағанда, парламенттік тыңдау көп ретте ашық әрі жариялы тәртіпте болады. Қазақстанда парламенттік тыңдаудың қорытындылары бойынша қатысушы депутаттың көпшілік даусымен міндеттеуші күші жоқ ұсыныстар қабылданады және қандайда бір саяси не құқықтық жауаптылық тудырмайды.

2. Үкімет мүшелерінің есебін тыңдау.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 57-бап, 6-тармағына сәйкес Парламенттің әр палатасы дербес, басқа палатаның қатысуынсыз «Палата депутаттарының жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Республика Үкіметі мүшелерінің өз қызметі мәселелері жөніндегі есептерін тыңдауға хақылы». Тыңдау нәтижелері бойынша Мәжіліс депутаттары тек заңдардың орындалмауы (құқықтық жауапкершілік) себепті ғана көпшілік даусымен орнынан кетіру туралы Президент алдына мәселе қоя алады. Қазақстан тәжірибесінде үкімет

---

мүшесін орнынан кетіру туралы мәселе көтерілуі өте сирек құбылыс. Тіпті көтерілген күннің өзінде ол қажетті дауысқа ие болмай, сұрақ аяқсыз қалады. Кей елдерде Президент мұндай жағдайда Парламентті таратып, сайлаудың күнін белгілей алады. Ал Қазақстанда Президент Парламент Палатасы депутаттарының өтінішін қабылдамаса, алты айдан кейін көпшілік дауыспен қайталап қоя алады және бұл кезде Президент Үкімет мүшесін қызметінен босатады. Үкімет мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы Үкіметі туралы 18-желтоқсан 1995ж. № 2688 заңының 3-бап, 4-тармағына сәйкес «Республиканың Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және де Республиканың өзге де лауазымды адамдары» танылады.

### 3. Сенім және сенімсіздік білдіру (вотумы).

Үкіметтің парламент алдындағы саяси жауапкершілігі рәсімдік ерекшеліктерге орай екіге бөлінеді:

- 1) сенім білдіру және
- 2) сенімсіздік білдіру (вотумы).

Сенім білдірудің негізгі ерекшелігі, ол тікелей Үкіметтің белсенді әрекетінен туындайды. Қазақстан Республикасында сенім білдіру туралы сұрақты әдетте Үкімет келесі жағдайларда қояды:

Партиялық жүйе жақсы жолға қойылған деп есептелетін дамыған мемлекеттердің өзінде сенімсіздік білдіру бастамашылығын көтеру рәсімі неғұрлым жеңілдетілген формаға ие. Мәселен Испанияның 1978ж. қабылданған Конституциясының 112-113-бб. Конгресс депутаттарының оннан бір бөлігімен сенімсіздік вотумы туралы бастама көтеруі және үкімет төрағасының орнына келетін үміткерді ұсыну жүзеге асырылады [3]. Сондай-ақ сенімсіздік білдірумен қатар Үкіметтің тұрақтылығын қамтамасыз ету және негізсіз саяси дағдарыс туындамас үшін көптеген мемлекеттерде конструктивті вотум рәсімі қабат қолданылады, яғни жұмыс істеп жатқан үкіметті орнынан кетіру үшін алдын-ала жасақталған өз үкіметін ұсынуы тиіс. XX ғ. екінші жартысында қабылданған көптеген елдердің негізгі заңдарында бұл талап кең қолданысқа ене бастады. Мәселен ГФР-ның 1949 ж. қабылданған негізгі заңында (67-бап) орын алған.

### 4. Интерпелляция. Депутаттық сұрау салу және сұрақ беру.

Интерпелляция (латынша «interpellation - «прерывание речи» - «сөзін бұзу») негізінен шектелген монархиялы және парламенттік республикаларда кездеседі, сондай-ақ жартылай президенттік мемлекеттерде де (парламенттік-президенттік республикаларда) орын алатын бақылаудың пәрменді нысаны. Үкімет мүшелеріне депутаттық сауал салудың қорытындысы бойынша үкімет мүшесінің жауабын жалпы отырыста дауысқа салу және баға беру арқылы жауаптылыққа тарту интерпелляция рәсімі болып табылады. Жауаптылыққа тартудың формалары тұтастай Үкіметке не оның оның мүшесіне сенімсіздік білдіруден, сондай-ақ парламенттік тергеуден көрініс табады.

### 5. Парламенттік тергеу. Импичмент.

Парламенттік тергеудің объектісіне жария және жеке корпорациялардың қызметтері, сондай-ақ жария қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік бірлестіктердің (палаталар) жұмыстары және т.б. жатады.

Парламент не оның палаталары тергеу комиссияларын құру арқылы қажет деп тапқан жағдайда кез-келген лауазымды тұлғадан не азаматтан жауап алуға, құпия және құпия болып табылмайтын барлық құжаттарға кедергісіз қол жеткізуге және бас тартқан не қарсылық білдіргендерді жауапқа тартуға хақылы. Парламенттік тергеу саяси және құқықтық салдарға алып келуі мүмкін. Парламенттік және жартылай президенттік басқару нысанындағы мемлекеттерде Үкімет және оның мүшесі орнынан кетірілуі (саяси) мүмкін. Сондай-ақ лауазымды тұлғалардың үстінен



---

қылмыстық істер қозғалуы мүмкін. Мәселен баспасөзде «Уотергейт» аталатын атышулы істің аяғы 1974 ж. АҚШ президенті Р.Никсонның орнынан кетірілуіне алып келді немесе «Иран – Контрас» (1979ж) ісі бойынша 1984ж. АҚШ президенті Р.Рейган Конгрестен сөгіс алды және т.б. 1992 жылы Бразилия Президенті, 1993 жылы Венесуела Президенті импичмент рәсімімен жауаптылыққа тартылды [4, 91 б.].

Көптеген елдердің конституцияларында, тіпті Парламент регламенттерінде парламенттік тергеуге қатысты арнайы нормалар орын алмаған және бұл жайт парламенттік тергеуді жоқ деп есептеуге негіз болмайды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз (23.03.2019 № 238-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.)

2 Коврякова Е.В. Парламентский контроль в зарубежных странах: дисс. ...канд. юрид. наук: 12.00.02. – М., 2002. – 216 с.

3 Испания. Конституция и законодательные акты / под ред. Н.Н. Разумовича. – М.: «Прогресс», 1982. – 352 с.

4 Малиновский В. Глава государства суверенного Казахстана. – Алматы: ВШП «Әділет», 1998. – 242 с.

#### **Резюме**

В данной статье были рассмотрены основные пункты, сущность и функции парламентского надзора несколькими различными способами, и были сделаны выводы.

#### **Summary**

In this article, the main points and the essence of the parliamentary oversight function were examined in several different ways, and conclusions were drawn.

343.34(075)

**Жаукенова Д.Н.**  
магистрантка ЕЮА им.Д.А.Кунаева  
**Научный руководитель:**  
к.ю.н., доцент Терликбаев К.Т.

### **ОСОБЕННОСТИ ОПОЗНАНИЯ И РЕКОМЕНДАЦИИ ПО СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ РЕГУЛИРОВАНИЯ СЛЕДСТВЕННОГО ДЕЙСТВИЯ И ОПЕРАТИВНО-РОЗЫСКНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Статья посвящена особенностям опознания и совершенствованию регулирования следственного действия и оперативно-розыскной деятельности в РК.

**Ключевые слова:** опознание, оперативно-розыскные мероприятия, следственные действия, преступление, прокурорский надзор.

---

К числу актуальных задач, направленных на укрепление Казахстана и развитие демократического общества, относятся не только совершенствование законодательства, но и улучшение деятельности следственных органов, прокуратуры и судов, об этом сообщил первый Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в послании народу Казахстана 30 ноября 2015 года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие».

Елбасы обозначил 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ в послании. Вторая реформа подразумевает переход от пятиступенчатой системы правосудия (первая, апелляционная, кассационная, надзорная и повторная надзорная) к трехуровневой (первая, апелляционная, кассационная). Уделял внимание проблемам совершенствования и развития судебной системы страны[1]. Так же Президент в числе основных приоритетных задач в послании «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» назвал укрепление национальной безопасности и борьбу с преступностью, как отмечает Глава государства: «Острая необходимость в их эффективном реагировании закономерно возникает из нынешнего нестабильного экономического положения страны и сопутствующего ему постоянного увеличения темпа прироста преступлений. Само общество также постоянно высказывает требования о необходимости повышения эффективности деятельности правоохранительных органов в этой области при сопутствующем строжайшем соблюдении законов.»[2].

Законом Республики Казахстан от 15 сентября 1994 года «Об оперативно-розыскной деятельности» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.11.2014 г.) регламентирован, в частности, перечень общих и специальных оперативно-розыскных мероприятий, что создает прочную основу для эффективного решения задач, стоящих перед оперативными аппаратами и следствием[3].

В настоящее время в криминалистике актуальной задачей является изучение проблем, которые связаны с процессом собирания, исследования доказательств. Из процессуальных действий, совершаемых следователем, органом дознания или судом для выяснения обстоятельств, подлежащих установлению по делу, нередко существенное значение имеет предъявление для опознания. В некоторых случаях опознание объекта является важнейшим доказательством на пути к установлению истины. Однако регулируемое действующим уголовно-процессуальным законодательством предъявление для опознания – лишь одна из форм использования способности человека опознавать ранее воспринятые объекты для установления доказательств.

Вообще надо иметь в виду, что предъявление для опознания известно в течении тысячелетий, оно существовало в уголовно-процессуальных системах всех времен и народов. Итак, в уголовно-процессуальном законодательстве Казахстана появились соответствующие статьи, регламентирующие предъявление для опознания, но сохранившие идею о том, что это всего лишь разновидность (особая процессуальная форма) допроса. Потребовались еще десятилетия для научного обоснования самостоятельности предъявления для опознания в системе следственных действий. В настоящее время предъявление для опознания – это самостоятельное процессуальное действие, заключающееся в установлении тождества (идентичности) предъявляемого объекта путем сравнения его признаков с мысленным образом объекта, ранее наблюдавшимся опознающим.

Таким образом, целью предъявления для опознания является установление тождества между объектом, который опознающий наблюдал ранее и объектом,

---

который предоставляется опознающему для опознания, в связи с фактами, относящимися к расследуемому делу.

Необходимость проведения этого следственного действия возникает при расследовании многих видов преступлений, например, бандитизм, убийство, разбой, вымогательство и т.д. Объясняется это целым рядом причин. Материальные следы преступления и преступника возникают всегда (это закономерность), но не всегда могут быть обнаружены, а обнаружение не всегда могут быть использованы для отождествления, так как не отразили признаки необходимые для индивидуализации объекта.

В других случаях даже отождествление объекта по материальным следам не раскрывает картины преступления, тогда приходится дополнять материальные следы идеальными – «отпечатками» в памяти человека, которые иногда являются вообще единственными следами события.

Данное следственное действие является одним из сложных, так как результат его проведения сопряжен со значительными трудностями и требует учета многочисленных факторов, которые в свою очередь влияют на положительный результат. К данным факторам относятся: процессуальное положение опознающего; его отношение к опознаваемому объекту, а при опознании личности – и опознаваемого к опознающему; условия, в которых воспринимался опознаваемый объект в момент, интересующий следствие; психологическое и физическое состояние опознающего в обоих случаях; состояние его памяти, выраженность индивидуальных признаков объекта опознания.

Опознание существует не только в следственной практике, но и в оперативно-розыскной. С развитием науки, с учетом потребности практики при разработке проблем криминалистики учитываются возможности оперативно-розыскной деятельности, определяемые ее теорией. В ходе оперативно-розыскных мероприятий возникает необходимость вне процессуального опознания. Целью такого опознания также является психологический акт узнавания. Число авторов разделяют мнение о том, что оперативно-розыскное опознание относится к доказыванию с точки зрения ориентирующей информации. Например, указание на возможные объекты и субъекты опознания, их местонахождение или сведения, позволяющие правильно оценить результаты предъявления для опознания и оперативного опознания для дальнейшего принятия решений. Поэтому в данной работе затронуты вопросы оперативно-розыскного опознания как одного из средств получения интересующей информации и возможности ее использования в качестве доказательства.

Таким образом, назрела необходимость изучения опознания в оперативно-розыскной и следственной практике. В связи с этим в данной работе излагаются научно-обоснованные тактические приемы и методы процессуального и оперативного опознания.

Одной из проблем реализации оперативно-розыскной деятельности на практике непосредственно является несовершенство законодательства об оперативно-розыскной деятельности.

Реформирование оперативно-розыскного законодательства необходимо начать с Закона РК «Об оперативно-розыскной деятельности», как нормативно-правового акта, определяющего содержание оперативно-розыскной деятельности.

Следует отдельно остановиться на 3 разделе Закона РК «Об оперативно-розыскной деятельности»: Проведение оперативно-розыскных мероприятий[3]. Так в ст. 11 приводится определение и перечень общих и специальных оперативно-розыскных мероприятий. Очень трудно согласиться с законодателем в некоторых аспектах. Так, например, такое мероприятие как внедрение сотрудника таможенного

---

органа в преступную среду не возможно представить без применения этим сотрудником модели поведения, имитирующей преступную деятельность, так как если внедрение не будет сопровождаться имитацией преступной деятельности оно, как правило, будет неэффективным, то есть с его помощью трудно будет получить информацию представляющую оперативный интерес. Следует объединить эти два мероприятия под следующим названием: внедрение сотрудников в преступную среду, с применением модели имитирующей преступную деятельность[4]. Кроме того, данное оперативно-розыскное мероприятие следует отнести к специальным. То же самое касается таких мероприятий, как создание конспиративных предприятий и организаций, обнаружение, негласная фиксация и изъятие следов противоправных деяний, их предварительное обследование. Их также следует отнести к специальным оперативно-розыскным мероприятиям[5].

Что касается таких оперативно-розыскных мероприятий, как: осуществление оперативного контроля поставок и контрольные закупки, то здесь законодателю, видимо, следует определиться, как более точно назвать эти мероприятия. Рассматривая специальные оперативно-розыскные мероприятия, можно обнаружить, что законодатель предусмотрел два почти идентичных мероприятия: снятие информации с технических каналов связи и снятия информации с технических каналов связи, компьютерных систем и иных технических средств. Хотя второе мероприятие полностью охватывает первое[6].

Рекомендации по совершенствованию деятельности оперативных аппаратов по предупреждению и раскрытию преступлений:

- обосновать социально-правовую значимость оперативно-розыскной деятельности в современных условиях, наличие объективных политических и социальных предпосылок изменения правовой идеологии оперативно-розыскной деятельности в части ее принципов;

- изучить правовые основы принципов оперативно-розыскной деятельности и дать их характеристику и классификацию;

- на основе действующего законодательства РК, новых направлений теории и практики оперативно-розыскной деятельности определить основные направления развития принципов;

- проанализировать правовые, организационно-процессуальные особенности, обеспечивающие гарантии соблюдения прав и свобод человека и гражданина при осуществлении оперативно-розыскной деятельности;

- изучить роль прокурорского надзора за соблюдением законности при осуществлении оперативно-розыскной деятельности;

- исследовать вопросы организации оперативной работы в органах внутренних дел, в соответствии с принципами оперативно-розыскной деятельности, и ее влияние на эффективность в борьбе с преступностью;

- сформулировать предложения по совершенствованию оперативно-розыскного законодательства.

#### **Список литературы:**

1 Послание первого президента народу Казахстана от 30 ноября 2015 года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие» 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ. газета "Казахстанская правда", №231, г.Астана, 2015

---

2 Закон Республики Казахстан от 15 сентября 1994 года № 154-ХІІІ Об оперативно-розыскной деятельности (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.11.2014 г.)

3 Конституция Республики Казахстан, 1995 г., –Алматы: Жеті жарғы, 2011

4 Уголовный процессуальный кодекс РК от 4 июля 2014 года, № 231-V

5 Уголовный кодекс РК от 3 июля 2014 года № 226-V

6 Базарбаев А.С. Роль оперативно-розыскной деятельности в борьбе с преступностью [Текст] / А.С. Базарбаев. // Юридический журнал «Пробелы в Российском законодательстве». - Москва , 2011. - №1. - С. 174-176.

### **Түйіндеме**

Бұл мақалада тануды тергеу әрекеттері мен жедел іздестіру қызметінде қолданылу ерекшеліктері қарастырылады.

### **Summary**

The article is devoted to the peculiarities of identification and improvement of the regulation of investigative actions and operational search activity in the Republic of Kazakhstan.

УДК 341.24:342 (574)

**Зарғали Д.А.**  
**магистрант 1 курса**  
**ЕЮА им. Д.А.Кунаева**  
**Научный руководитель:**  
**д.ю.н., профессор Дуйсенов Э. Э.**

## **ПРОБЛЕМЫ ИМПЛЕМЕНТАЦИИ НОРМ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА В КОНСТИТУЦИОННОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Данная статья посвящена анализу имплементации норм международного права в конституционное законодательство, раскрытию ее сущности, механизму и проблем реализации

**Ключевые слова:** международное право; общепризнанные нормы; общепризнанные принципы; правоприменительная практика; Республика Казахстан; конституция; закон; конвенция; декларация.

В настоящее время важным фактором развития национального законодательства служит анализ природы, особенностей, источников международного права.

Согласно широко распространенной точке зрения природа международного права имеет согласительный характер, что означает особый способ создания международно-правовых норм. Таким способом создания норм является соглашение государств, в основе которого лежит согласование волей сторон. Достижение подобного согласования нередко связано с компромиссом, соразмерными уступками государств друг другу по определенным вопросам, что позволяет заключить

---

международный договор. Следовательно, соглашение выступает как способ создания норм международного права. Согласование позиций позволяет субъектам международного права осуществлять взаимодействие на международной арене и олицетворяет единство государств, заключивших международный договор, в решении совместных проблемами задач.

В ст. 6 Венской конвенции о праве международных договоров 1969 г. закреплён принцип добровольного выполнения международных обязательств (*pacta sunt servanda*), основные положения которого состоят в том, что «каждый действующий договор обязателен для его участников и должен ими добросовестно выполняться». Ст. 27 Венской конвенции о праве международных договоров закрепляет, что государство «не может ссылаться на положения своего внутреннего права в качестве оправдания для невыполнения им договора» [1]. Э.М. Аместистов считал, что, присоединяясь к тем или иным международным договорам, соглашениям, конвенциям, государства-участники берут тем самым на себя обязательство принять меры по имплементации сформулированных в них норм во внутреннее законодательство [2, с.28]. По мнению Г. Трипеля, «для того, чтобы международное право смогло выполнить свою задачу, оно постоянно должно обращаться за помощью к внутреннему праву. Без него оно во многих отношениях является совсем бессильным» [3, с.10]. Подобного мнения придерживается и известный итальянский юрист-международник А. Кассезе, который отмечает, что «поскольку международное право регулирует поведение не индивидов, а государств, то оно не является самодостаточной правовой системой. Государства не имеют ни души, ни способности формировать и выразить самостоятельную волю; они являются “абстрактными” структурами, действующими через индивидов. Индивиды являются субъектами национальных правовых систем, самостоятельно определяющими процедуры избрания или назначения чиновников и автономно устанавливающими круг их деятельности и полномочий. В этой сфере международное право должно подчиниться внутренним властям. Поэтому международное право не может функционировать без постоянной помощи, содействия и поддержки со стороны национальных правовых систем» [4, с.20].

Термин «имплементация» буквально означает «претворение в жизнь в соответствии с определенной процедурой», «обеспечение практического результата и фактического выполнения конкретными средствами». Термин имплементация был разработан в международном праве и получил широкое распространение в многочисленных резолюциях Генеральной Ассамблеи ООН, во многих международных конвенциях и договорах. В самом широком смысле слова имплементация норм международного права есть не что иное, как процесс, в ходе которого соответствующие субъекты, которым адресована норма, действуют в соответствии с ее положениями. Нередко со стороны государств требуется принятие дополнительных правовых и организационных мер для всестороннего и полного осуществления норм международного права. В современной юридической литературе для обозначения способов имплементации используются различные термины, в частности, такие как трансформация, адаптация, инкорпорация, рецепция, отсылка, но при этом нет единого мнения о сущности и понятии каждого отдельного способа имплементации.

Важнейшими элементами национального имплементационного механизма являются организационные средства, применяемые на внутригосударственном уровне для обеспечения имплементации международного права. По своему содержанию они представляют собой не связанные с дополнительным внутригосударственным правотворчеством меры организационно-распорядительного

---

характера, которые принимаются государственными органами, юридическими и физическими лицами государства-участника международного договора с целью выполнения его положений. Такие меры могут предусматриваться как самим международным договором, так и определяться на внутригосударственном уровне.

Имплементационные механизмы, применяемые государствами, зависят от того, к приятию какой из теорий о соотношении международного и национального права предрасположено их право. Регламентация соотношения международного и национального права стала неотъемлемым элементом современного конституционного законодательства.

Если попытаться классифицировать имплементационные механизмы различных государств, то в зависимости от используемых критериев можно выделить следующие способы реализации норм международного права, базируясь на положениях конституций:

In this article some questions of realization of the rights of the parties in claim production on protection of the rights and legitimate interests of an uncertain circle of people are considered.

УДК 343.359.2(574)

Камбарова Ф.Ж.  
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының магистрант,  
з.ғ.к., доцент Терликбаев Қ.Т.

## АЗАМАТТАР МЕН ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ САЛЫҚТАН ЖАЛТАРУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТАР ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ

Мақала қылмыстық құқықтағы елдің экономикасын дамытуға ықпалын тигізетін салық жүйесінің қалыпты қызметін қамтамасыз етуге бағытталған қылмыстық заңдарды және салық саласындағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелерін кешенді түрде зерттеуге арналған.

**Кілт сөздер:** нарықтық экономика, реформалау, салықтық құқықбұзушылықтар, акциздік алым маркасы, бюджет,

Салықтық қылмыстармен күрес мәселесін жалпы теориялық, практикалық аспектілерін қылмыстық-құқықтық және криминологиялық тұрғыда зерттеуге негізінен алғанда өткен ғасырдың 60-70 жылдары баса назар аударған. Салық мемлекеттік бюджеттің негізгі қайнар көзі болғандықтан, салықтың бюджетке тұрақты, толық көлемде аударылуын қамтамасыз ету шараларына арнап қалам тарқандардың қатарында ресейлік ғалымдар Склярук, С. А., Нудель С.Л., Р.Ю. Потехин, О.Г. Соловьев, В. Ларичев, И. Кучеров, Р.А. Сабитов, В.Г. Пищулин, Е.Ю. Сабитова еңбектерін атауға болады.

Қазіргі кезеңдегі заң ғылымы мен құқық қорғау тәжірибесіне қойылатын талаптардың даму деңгейіне сай, тиісті түрде теориялық және іс жүзіндегі барлық қолданылып жүрген қылмыстық жазалар шарасы базасымен қамтамасыз етілумен шартталған. Өйткені, жаза тиімділігін арттыру арқылы республикада жүргізіліп жатқан қылмыстық, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқару саясатының тиімділігі мен мақсаттары шешіледі.

Тәжірибеде салық төлеуден жалтару қылмысы жиі кездесетін құбылыс. Дегенмен, көп жағдайда олардың латенттілігі мен есептілік деңгейіне дейін жетпей қалуы олардың дәл әрі нақты санын көрсетуге кедергі келтіруде. Бұл жағынан алғанда кез келген зерттеу қандай да бір дәрежеде жағымсыз құбылыстардың алдын алуға әсер етеді, азаматтардың санасындағы құқықтық білім жағынан кем-кетік тұстарды ақпаратпен қамтамасыз етеді және толықтырады деп қарастыруға болады. Магистрлік жұмыста берілген материалдар азаматтардың құқықтық мәдениетін, одан

---

әрі олардың құрған заңды тұлғалардың заңдарды сыйлауы мен оның талаптарының міндеттілігін көтеру бағытында қызмет көрсете алады, адам және азаматтың салық төлеу жөніндегі міндетін сақтау кезінде еріктілік элементтерінің көрініс алуын арттыра алады деп ойлаймыз.

Адамзат тарихында құқық пен мемлекет қалыптаспай тұрып салық салу міндеті болған. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдар бір-біріне көмектесуге, бір тайпа екінші тайпаға тапқан табысын бөліп беруге мәжбүрлі саналған. Ол кезде ол салық деп емес, көмек көрсету делінген. Тіпті, өндіріс революциясы тұсында ағылшындық Адам Смит салық жүйесінің тиімділігіне баға беруге алғаш қадам жасаған. Кезінде салықтарды жинаудың икемді тәсілдерін қолданудың қажеттілігі жөнінде Әмір Темір өзінің «Халықтан кірістер мен контрибуциялар жинау жөнінде» Қаулысында: «Алым-салықтарды жинау кезінде мүмкіндігінше халыққа ауыртпалық түсірмеу керек және аумақтардағы елді мекендерге салмақ салуды азайту қажет. өйткені халықтың кедейленуі мемлекеттің қазынасының тапшылығына әкеледі. Ал мемлекеттік мұқтаждықтарды өтеуге қажетті қаражаттың болмауы әскери және басқа да күштердің ыдырап кетуіне әкеліп соқтырады, ал жеткілікті, мықты әскердің болмауы мемлекеттік үкімет билігін, мемлекетті әлсіретеді» деген болатын [4, 9 б.].

Салықты халық өздігінен төлей қоюға құштар болмаса да, оны төлеуден ешкімнің қашып құтыла қоймайтыны кім-кімге де белгілі. Десек те салық жеңілдеген сайын экономикада өсім қалыптасады, халық тұрмысының жақсаруы айқын көрінеді. Керісінше, салық көтерілген сайын экономикалық даму тежеліп, халық тұрмысы жүдеушідікке тап болады.

Еліміздегі қабылданған 2010-2011 жылдарға арналған Салық Кодексі іске қосыла бастады. Бұл салық кодексінде Қазақстан Республикасында қолданылатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, атап айтқанда 13 салық, 13 алым, 9 төлем, 1 мемлекеттік баж, 4 кедендік алым белгіленді.

Осы аталған салық жүйесінің құрылымының жан-жақты толық қандықызмет етуінің негізі Салық комитетінің қызметтері мен атқаратын шаралары негізінде жүргізіліп, іске асып отырады. Бүгінгі таңда Қазақстанның Салық комитеті Қаржы министрлігі негізінде өзінің қызметтерін атқаруды жылдан-жылға жетілдіру барысында.

Қазақстанның салық жүйесінің негізін корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық және жеке табыс салығы құрайды. Осы салық түрлерін және салық ставкаларын төмендетуіне байланысты Жаңа Салық Кодексі экономикамызды жаңғырту мен әртараптандыруға, еліміз үшін тиімді салаларды дамытуға, халықтың түрлі топтарының арасындағы табыс айырмашылығын азайтуға, қазба байлықтарын игеретін компанияларға жер мен ел мүддесіне бетбұрыс жасатуға бағытталуы керек. Ең бастысы, Салық кодексі әлеуметтік әділеттілікті орнықтыруы тиіс.

Жалпы алғанда, біздің ойымызша, салық жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарын қарастыра келе, келесідей **ұсыныстар** жасауға болады:

- салық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- салық жүйесін максималды жеңілдету, заңдардан және біркелкі емес түсіндірмесі бар нормалардың нұсқауларынан шығарып тастау;
- салықтық күштемені салық ставкаларын төмендету жолымен жеңілдету, салық алудың орынды деңгейін қамтамасыз ету;



---

- тікелей және тікелей емес салықтардың оптималды үйлесімі. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде соңғы жылдары тікелей салыққа көңіл аударылады, ал тікелей емес салықтарға сүйену салықтық әкімшіліктердің тікелей салықтарды жинаудың нәтижелі салықтық бақылауын ұйымдастыра алмайтынын көрсетеді;

- аймақтық және жергілікті салықтардың жоғары шектерін орнату;

- салықты есептеу мен төлеу тәртібіне қалайда тиісті заңдардың салық заңнамасымен сәйкестігін іске асыру;

- шаруалық субъектілердің олардың өндірістік қызметімен байланысты нақты ұсталымдарына салық салуды максималды есепке алу;

- жеке тұлғаларға жеке табыстың салық салуды жетілдіру, инфляциялық процесті ескеріп, салық салудың иілгіш шкаласын іңдеу;

- салықты төлеудегі еріктілік принципін дамыту, оның ажырамас бөлігі салық заңнамасының өзгерістері жайлы салық төлеушіні уақытында хабардар ету, салықты есептеу мен төлеуде кеңестік қызмет көрсету.

Осылайша Қазақстан Республикасы салық жүйесін ұзақ перспективада дамытудың негізгі мақсаты экономикалық өсуді белсендететін және бюджеттік жүйенің қажетті табыс деңгейін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті салық жүйесін қалыптастыру.

Дегенмен, идеалды жүйе болмайды. Оны барлық уақытта дәлелдеудің қажеті шамалы. Өйткені, құқық бар жерде оны бұзу бар. Заң осы бұзушылықтарды болдырмаудың белгілі бір жолдарын бекітіп, оны қандай да бір дәрежеде төмендетуге, алдын алуға бағытталған шаралар кешенін қамтамасыз етіп отыруға ұмтылады.

Салықтық қылмыстылықтың ұғымын ашу үшін криминология ғылымындағы «қылмыстылық» ұғымының мазмұнын аша кеткен тиімді.

Криминология оқулықтарының бірінің авторлары қылмыстылықты тиісті бір қоғамда белгілі бір кезеңде жасалған қылмыстардың жай қосындысы емес, қылмыстардың жиынтығынан қалыптасатын жаппай әлеуметтік құбылыс деп түсіндіреді [12, 55-57 б.].

Қазақстанның салық жүйесі қалыптасқаннан бері тіркелген қылмыстардың саны басқа экономикалық қылмыстармен салыстырғанда аса көп емес. Мемлекет салық төлеуден жалтарудың нәтижесінде жыл сайын бюджетке түсетін түсімдердің жартысы шамасында тиісті түсімдерді алмаған.

Бізге белгілі «экономика» - деген ұғым еліміздің экономикалық өмірінің дамуын және онда болып жатқан құбылыстарды қамтиды. Ал, осы экономикалық қатынастарға қылмыстық қол сұғушылықтың көлемі мен мінездемесін қылмыстық-құқылық негізге сәйкес, «экономикалық қылмыс»-деген ұғым беруімізге болады. Осы ұғым Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 7-тарауында «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар»-деген атпен бекітілген. Бұл тараудың басты мақсаты- Қылмыстық кодекстің бөлімінде көрсетілген, экономикалық қылмыстардың ұғымы мен жүйесін анықтау, ғылыми моделі мен тұжырымын жасау.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың ұғымын қарастыру кезінде, осы саладағы анықталған қылмыстар топтарын криминологиялық және қылмысты-құқылық көзқарас бойынша бағалау кезінде әртүрлі айырмашылықтарға кезігеміз.

---

Ғылыми әдебиеттерде қылмыстардың әртүрлі криминологиялық түрлері көрсетілген, яғни пайдақорлық, зорлық, пайдақорлық-зорлау, әйел қылмыстары, жасөспірім қылмыстары және т.б. жатады. Міне осылардың қатарына экономика саласындағы қылмыстар тобын жатқызуға болады. [11]

Экономикалық қылмыстарды жүйелеу кезінде мынадай маңызды жағдайларды ескеруіміз қажет:

1. *Нарықтық қатынас пен меншіктің әртүрлі нысанына байланысты еліміздің экономикалық қатынастарын реформалау негізінде, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың жауапкершілігі жайлы қылмыстық заңдарға да өзгерістер енгізу қажет.*

2. *Құқықтық нормалар көмегімен экономикалық құқбұзушылықтың болуына жол бермеу шараларын қолдану қажет. Осы құқбұзушылықпен күресудің шепжуші шарасы-экономикалық жауапкершілік, экономикалық, санкция болмақ. Айта кететін жәйт нарықтық, жағдайда бүгінгі көптеген экономиканың көлеңке жақтарының әсерінен әсіресе экономикалық қылмыстар өсуде.*

3. *Экономикалық қатынастың өзгеруіне байланысты жаңа қылмыстық-құқылық нормаларды қабылдауға мәжбүрміз. А.Э.Жалинский былай дейді: «Жан-жақты талдау негізінде және экономика мен қылмыстық заңның ара қатынасының арқасында экономикалық қылмыс тобымен қылмыстың нормаларын анықтауға болады.*

4. Нарықтық экономика жағдайында белгіленген экономикалық шектеулер құқбұзушылықтың болуына жағдай жасайды. Осыған орай, оның алдын алу үшін қылмыстық жазалау қолданылады. Экономикалық құқбұзушылықпен күресуде азаматтық-құқылық, қаржылық, әкімшілік санкциялар жеткіліксіз. Экономикалық қылмыстар мен күресуде жауапкершілік (қылмыстық құқық нормалары) белгілеу өте тиімді.

Қылмыстардың алдын алу – күрделі, көп жақты және кешенді мәселе. Алдын алу – бұл қылмыстылықпен күрестің негізі. Бұл мәселе біздің қоғамымыздағы барлық звенолардың, әлеуметтік алдын-алушы көптеген субъектілердің күшін біріктіргенде ғана шешімін табуы мүмкін. Жалпыға танымал пікір бойынша қылмысы үшін жазаланғанша, қылмыстың алдын-алу тиімдірек. Әдебиеттерде, басылымдарда, арнайы заң әдебиеттерінде қылмыстың «алдын-алу», «тойтару», «сақтандыру», «профилактикасы», «ізін кесу» деген терминдер көптеген жылдар шамасында жиі кездесіп келеді [51, 64 б.]. Бұл терминдерді құқық қорғау органдарының қызметкерлері, қоғамдық өкілдер, жоғарғы және орта оқу орындарының лекторлары және де қатардағы азаматтар жиі қолданады.

Криминологиялық әдебиеттерде қылмыстылықтың алдын алу жөнінде көптеген пікір-таластар бар, бірақ олардың ешқайсысы әлі бұл түсініктің жалпыға танымал анықтамасын берген жоқ. Бірақ соңғы кездері «қылмыстылықтың алдын алу» түсінігіне тоқтам жасап жүргендер бар.

Оның үстіне, бұл мәселе жөніндегі даулар ең соңғы шығып жатқан еңбектерде де толастаған жоқ. Шынымен де, бұл мәселе бірқырлы емес болуы керек, өйткені бұл сұрақ төңірегінде әртүрлі, тіпті бір-біріне қарама қайшы пікірлер де айтылуда.

Қылмыстардың алдын алудың жалпы түсінігі оларды топтастыру мәселесімен тығыз байланысты.

Ең алдымен, қылмыстардың алдын алу шаралары оны жүзеге асыру мерзіміне (уақытына) қарай топтастырылады. Көбінесе қылмыстылықтың алдын алудың жалпыға танымал үш түрі бар деп есептеледі:

- Қылмыстың бастапқы профилактикасы (ранее профилактика);

- 
- Тікелей алдын алу (профилактиканың тура мағынасында);
  - Қылмыстың қайталануының алдын алу.

Біздің пікірімізше, бастапқы (ертерек) алдын алу кезеңі қылмыстың алдын-алуға емес, тек құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастырумен ұштасады. Ол негізінен, қоғамдағы мінез-құлықтың әлеуметтік құқықтың нормаларына қарсы теріс қылықтармен күресуінен тұрады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, салық қылмыстылықғы экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар қатарына жататындықтан, мұндай қылмыстардың алдын алу мен күресу мәселесін экономикалық қылмыстылықтан ажырата алмаймыз. Сондықтан, әрі қарай осы жағына назар аударамыз. Экономикалық қылмыстың алдын алу жүйесін қалыптастырудың әдіснамалық негізін осы қылмысты туындатушы процесстер мен әртүрлі әлеуметтік құбылыстардың өзара байланыстарын зерттеу құрайды. Ең алдымен, жүйелік тәсіл негізінде нарықтық реформалар кезеңіндегі экономикалық қылмыстың динамикасы мен жағдайын терең әрі жан-жақты бағалау қажет. Экономика саласындағы қылмыстың алдын алу әлеуметтік басқарудың ажырамас бөлігі болып саналады және қылмыс жасауға ықпал ететін факторлардың әсерін азайту мен құқық бұзушы тұлғаны түзетуге бағытталған тәрбиелеуші, құқықтық, техникалық, ұйымдастыру-өндірістік, экономикалық шаралар жүйесін жасауды дұрыс деп табады. Экономика саласындағы қылмысты болдырмау шараларының мәні мен маңызын сезіне отырып, әлеуметтік процесстерге әсер етуші факторлар туралы қазір ата қою қиын екенін ескерген жөн. Бұл жағдайда экономикалық қылмыстың алдын алуға арналған арнайы криминологиялық шаралар айрықша мәнге ие болады. Бұл шаралар экономикалық қатынастарға кіретін азаматтар мен кәсіпорындарға қатысты жалпы криминологиялық шараларды жүзеге асыруға, қылмыс себептерін жоюға тікелей бағытталған. Аталған шараларды қылмыстың алдын алуға қатысып, оны жүзеге асырушы субъектілер қабылдайды.

Айтылғандардың есебімен қарастырылып отырған қылмыс түрінің алдын алу үшін жалпы әлеуметтік шаралар маңызды мәнге ие. Олар тұлғаның жүзеге асыруға бағытталған. Жалпы алдын алу шараларының мәні – өзін-өзі қаржыландыру, өзін-өзі басқару негізінде экономикалық процесстердің өздігінен реттелуінің демократиялық қағидаларын енгізуде жатыр. Экономикалық қылмыстың алдын алу тұрғысында маңызды мәнге өнеркәсіпті техникалық қаруландыру, кемелденген техника мен технологияны қолдана отырып, қарқынды даму жолына өту, ескірген жабдықтарды ауыстыру және автоматтандырылған кәсіпорындарды көбейту шаралары ие болуда. Экономикалық қылмыстың алдын алу субъектілері ретінде мемлекеттік, аудиторлық және ішкі шаруашылық бақылаулардың өкілдері, шаруашылық басқару органдары еңбек ұжымдары, акционерлік қоғамдар, кәсіпорындардың жауапты қызметкерлері мен жетекшілері рөл атқарады. Қазіргі жағдайларда табиғи ресурстарды пайдалану мен кәсіпорынның кешенді даму мәселесін шешіп беретін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының профилактикалық әрекеттері айрықша мәнге ие. Басқа да құқық қорғау және бақылау органдары секілді ішкі істер органдарының да әрекеттері әлеуметтік, экономикалық, саяси сипаттағы факторларды ескерсе ғана табысты болмақ.

Жауаптылықтан туындайтын жазаның орындалмай қалмау қағидасын жүзеге асыру мен оны қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттің қылмысқа қарсы күрес саясатын жүргізуді әрі қарай ізгілендіру және ымырашылдық жасау мақсатында, қылмыстық құқықтық қудалау шараларын үнемді қолдану негізінде және жасалған қылмыс үшін жауаптылықпен жазаны жекешелендіру мен дұрыс оқшаулаудан

---

туындайды. Осы мақсатта қылмыспен күрес тиімділігін арттыру үшін мәселелердің тап осылай қойылуының өзі, қылмыстылықты зерттейтін ілімдер теориясы мен практикасының дамуы және оның жетілдіруіне байланысты үйлесімді ұйымдастыру шараларын қылмысқа қарсы күреске ықпал етуімен тығыз байланысты болады. Елдегі қылмыстық саясатты дұрыс жүргізудегі кең көлемді мәселелерді шешу шарттарының негізі деп, қылмысқа қарсы күрес пәрменділігін арттыруға баса назар аудару айтылады. Өз кезегінде, қылмысқа қарсы күрес тиімділігін арттыру міндетінің оңды шешілуі біздің елімізде қылмыспен күрес тиімділігін қамтамасыз ету барысында сенімді теориялық негізді жасауды алға қояды.

Құқық бұзушылықтың көбейіп, оның жазасыз қалуы, ешқандай демократияның, өркениетті нарыққа, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына жеткізбейтініне мән берілмейді. Қылмысқа қарсы тиімді күрес жүргізу және демократиялық қағидалармен қабылданған нақты заңдардың болуы үшін кейбір ішкі және сыртқы күштердің (билікте, саясатта, бизнесте, БАҚ және құқық қорғау органдары жүйесінде) бұл туралы ойланбайтыны бүгінде анық байқалды», - дейді [57, 106 б.].

Профессор В. В. Луневтің Ресейдегі қылмыспен күресті ұйымдастыру туралы келтірген сипаттамасы, КСРО-ның күйреуінен кейінгі біздің егеменді мемлекетіміздегі жағдайдың да көпшілік жағдайларда Ресейде қалыптасқан жағдаймен ұқсас болып келді.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Қазақстандағы қылмыстардың саны күрт өсіп, олардың ресми тіркеуге алынғандарының саны 1993 жылы 206 мыңнан асып кетті. Соның салдарынан республикадағы құқық қорғау орындары әбден әбігерге түскенін білеміз.

Қылмыстың күрт өсуі халықтың заңды наразылығы мен ашу-ызасын туғызды. Осы кезде мемлекеттік органдар тарапынан қалыптасқан криминогендік жағдайға бақылау орнатуға ұмтылу, қылмысқа қарсы қатаң шаралар қолдану, «кері жүру» деп бағаланған. Бұл демократизм мен еркіндіктен кері кету, қоғамдағы әртарапты ойлардың өмір сүру қағидасының бұзылуы деп есептелінді. Ақыр соңында елде болып жатқан мұндай элеуметтік-психологиялық хал-ахуал, қылмысқа қарсы күрестің хал-жағдайын, оның белсенділігін нашарлатты, сөйтіп оның тиімділігін түсіруге жағдай жасады Сондықтан да мемлекеттің бастамасымен қабылданған қылмысқа қарсы күресті күшейтудің шұғыл шаралары 1990 жылдардың ортасында-ақ біраз нәтижелерге жеткізді.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілгендей қылмыспен күрес тиімділігін арттыру мәселелері біздің елдімізде түбегейлі шешілмегені былай тұрсын, сонымен қатар осы мәселеге байланысты теориялық зерттеулердің жоқтығы сезіледі.

Құқық салаларын, оның ішінде қылмыстық заңды әрі қарай реформалау жалғасқан жағдайда, құқық қорғау органдарының заң нормаларын қолдану барысындағы қызметтерін сапалы заңмен қамтамасыз ету үшін құқық нормаларының тиімділігін қалыптастыруға бағытталған алғы шарттарды немесе құралдарды дайындау қажет.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың алдын алу үшін кешенді түрде келесі шараларды қолдану қажет.

1. Экономикалық шаралар – экономикалық саясаттың жекелеген бағыттары бойынша жасалған арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен нарыққа өтудің жалпы концепциясына енеді. Олардың қатарына: жер реформасы, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы, мемлекеттік кәсіпорындарды жеке меншіктеу бағдарламасы, банк жүйесін реформалау, көтерме сауданы өндіріс құралдарымен қалыптастыру, бағалы қағаздар нарығын құру, тауар өндірушілердің ақпараттық жемісін құру жатады.

---

Алдын алудың айрықша бағыттағы шаралары болып нарықта доминанттық жағдай орнатушы кәсіпорындардың бағаны ұстап тұруы туралы бәсекелестердің келісіміне тыйым салатын жағдайлар табылады.

2. Ұйымдастырушылық шаралар – мұнда жіберілген өнім сапасын, бағасын сақтауға арналған мамандандырылған бақылау, қаржылық бақылау органдарының кадрларын кәсіби дайындау мен іріктеу шаралары жатады. Сондай-ақ, тұтынушылар құқығын қорғау қоғамы секілді қоғамдық қалыптастыруларды функцияландыруға арналған сенімді жағдайлар туғызу шаралары да жатады.

Бақылау органдарын жұмыстарының тиімділігі барынша дамыған бақылау әдістерін тәжірибеге енгізу шараларына байланысты. Экономикалық қылмыстың алдын алу мақсаттары ретінде өндірістік емес шығындарды есептеу, әлемдік экономикалық байланыстарға кіруге бағытталған, экономикалық қатынастардың нарықтық тәртіп талаптарына жауап беретін тауарлы-материалды құндылықтарды бақылау мен есептеу әдістерін кемелдендіру шаралары қызмет етеді. Сыртқы экономикалық зардаптардың алдын алу мен экономикалық қауіпсіздікті қорғау мақсатында банк, кеден және қаржы органдарының ұйымдасқан өзара әрекетіне негізделген сыртқы кеден-валюталық бақылаудың жаңа механизмін құру керек.

3. Техникалық шаралар – экономикалық қылмыстық алдын алуға арналған техникалық шаралар тауар, шикізат тасымалдаудың барынша дамыған құралдарын жасауға, айрықша құнды шикізат және тауар ресурстарын сақтау орындарында сенімді құрылғылар орнатуға, тауарлар мен басқа да байлықтарды жымқыруға, ұрлауға мүмкіндік беретін жалған құжаттарды қолға түсіру әдістерін құқық қорғау және бақылау органдары тәжірибесіне ендіруге бағытталған.

4. Құқықтық шаралар – экономикадағы қылмыстық әрекеттің алдын алуда, әсіресе қазіргі таңда айтарлықтай рөл атқарады, демек, құқықтық қамтамасыз ету механизмі шаруашылық тәжірибеден қалып барады.

Экономикалық қатынастарды реттеудің заңдық сипатын дамыту үшін:

– Барлық шаруашылық субъектілер үшін нарықта жалпыға бірдей өзін-өзі ұстау ережелерін жасау қажет;

– Тұтынушылардың талап-тілектеріне зиян келтіретін, шаруашылық заңдарды бұзатын тұлғаларға материалдық санкция жүйесін жасау;

– Қоғамдық қызығушылыққа қол сұғатын, шаруашылық әрекеттің жалпыға міндетті ережелерін орындамау жағдайында әртүрлі қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартуды ендіру қажет.

Құнды қағаздармен жұмыс істеу ережелерін бұзу, кірісті жасырып қалу мақсатында бухгалтерлік есепті шатастыру, басқа шаруашылық субъектілер мен кәсіпорындарды тіркеу кезінде мәліметтерді қасақана бұрмалау т.б. секілді экономикалық әрекеттің қауіпті формалары үшін қылмыстық және әкімшілік жауапқа тартуды енгізу зор мәнге ие.

Экономикалық қылмыстың алдын алу міндеттерін шешуде маңызды мәнге заңды қорғамауға бет алған әрекетті болдырмай, оның ерте кезеңінде тиісті шара қолдануда сот пен прокуратура ие болды.

5. Тәрбиелік шаралар. Кәсіпкерлік экономикалық әрекеттің айрықша түрі және әлеуметтік құбылыс ретінде белгілі бір тарихи және әлеуметтік ортада туындайды. Халықтың едәуір бөлігінде жеке табыс идеологиясы біздің қоғамның ұжымдық табиғатынан кем емес екендігімен санаспай кетуге болмайды, сонда экономикамен айналысатын адамдардың әрекеттері қалайша моральға жат болуы мүмкін.

Адамдарға жақсы өмір сүруге жағдай туғызуға және жақсы қоғамда өмір сүретіндігін мақтаныш тұтуға мүмкіндік бере алатын, оларға жақсы өмір сыйлауға

---

кабілетті, тиімділігі жоғары қоғам құрудың тәрбиелік мәні болуының себебі міне осында.

Экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани сипаттағы шараларды біртіндеп, ешқандай «төтеншесіз», кешенді, мұқият ойластырып қолдану керек. Төтенше шаралар қылмыстық құрамалардың қатардағы мүшелерін және олардың әрекеттерін қалайда қамтиды, ал басшылары «әліптің аяғын» күтіп шет елде немесе басқа бір ыңғайлы жерде жүреді, жағдайды ол кейін өз пайдасына айналдыруы да мүмкін.

Нарықтық қатынастарды реттеу, құқықтық нормаларды дамыту туралы криминолог ғалымдардың да ұсыныстарының жаны бар. Қорыта айтқанда, экономикалық қылмыстың криминологиялық алдын алуды басқарудың ұйымдасқан негізін дамытуды ғылыми тұрғыда ойластыру қажет.

Осылайша, экономикалық қылмыстың алдын алудың әдіснамалық жүйесін қалптастырудың жүйелі тәсілі – әлеуметтік-экономикалық процестерге тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін экономикалық қылмыс профилактикасының жаңа зманғы жүйесін жасауға жол ашып береді.

Экономика саласында жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін төмендегідей арнайы мәселелердің, кешенді түрде шешілуі қажет деп санаймыз:

- қылмыстылықпен күрес саласындағы негізгі халықаралық шарттарға қосылу;

Қазақстан құқық қорғау органдарының ТМД мемлекеттер- қатысушыларымен және басқа да шекаралас мемлекеттермен практикалық серіктестің күшеюі;

- қылмыстылықпен және оның жеке түрлерімен күреспен нақты және қаржыландырылған бағдарламаларды әзірлеу үшін БҰҰ, Европа Кеңесінің және басқа халықаралық ұйымдардың мамандарын және эксперттерін шақыру.

Қорыта келгенде, жалпы жоғарыда айтылғандардың барлығы, яғни салықтармен салық жүйесінің дамуы, еліміздің бюджет жүйесінің тұрақтылығына және орнықтылығына оңды әсерін тигізеді, еліміздегі қылмыстылықтың санының азаюына ықпалын тигізеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Найманбаев С.М. Салықтық құқық. -Алматы, 1996 ж. -356 б.
- 2 Статистические данные о состоянии, динамике и структуре экономической преступности в Республике Казахстан (1997-2009 г. г.). ДТС МВД РК. – Астана, 2015. – 65 с.
- 3 Зейнельгабдин А.Б. Финансовая система: экономическое содержание и механизм использования. –Алматы, Қаржы-қаражат, 1995. -24с.
- 4 Гуреев В.И. Налоговое право. –М., Экономика и право, 1995.-281б.
- 5 Криминология. / Под ред. А.А. Герцензон., И.И. Карпец., В.И. Кудрявцев. – М., 1965.
- 6 Кузнецова Н.Ф. Преступление и преступность.-М., 1969.
- 7 Криминология. Под ред. Долговой А.И. –М., 1997.
- 8 Пономорев П.Г. Преступность и правовое регулирование борьбы с ней. –М., Криминологическая ассоциация, 1996.-28с.
- 9 Панкратов В.В., Гусева Т.А.. Ответственность за налоговые правонарушения, содержащие признаки состава преступления // «Гражданин и право» № 5, май, 2001 г. С.31-41.
- 10 Таций В.Я. Объект и предмет преступления в советском уголовном праве. - Харьков, 1988. С.14.

---

11 Уголовное право Российской Федерации. Общая часть (Под ред. проф. Б.Г.Здравомыслова). -Москва, 1999. С.106.

12 Уголовное право Российской Федерации. Общая часть (Под ред. проф. Б.Г.Здравомыслова). -Москва, 1999. С.106.

13 Середа И. Понятие уголовно наказуемого уклонения от уплаты налога. / «Уголовное право», 2002, № 4.

14 Макарев Д.Г. Проблемы и пути криминализации явлений, сведанных с уклонением от уплаты налогов. //Юридический мир, 2002. № 2.

15 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экономика және қаржы. / Жалпы редакциясын басқарған: А.Қ. Құсаинов. –Алматы, «Мектеп» баспасы, ЖАҚ, 2003.-304б.

16 Панов Н.И. Способ совершения преступления и уголовная ответственность. – Харьков, 1982. -161с.

17 Кучеров Н.И. Налоговые преступления. –М., ЮрИНфор, 1997. -145с.

18 Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі. 1997 жыл 16 шілде. Өзгерістер мен толықтыруларымен бірге.

19 Потапов С.Н. Налоговая преступность как угроза экономической безопасности России // Актуальные проблемы борьбы с преступностью на современном этапе: Сборник материалов Всероссийской научно-практической конференции, 8 - 9 апреля 2003 г. - Воронеж; Изд-во Воронеж. ин-та МВД России, 2003. - с.127-128.

20 Ной И.С. Вопросы теории наказания в советском уголовном праве. - Саратов, 1962. -155 с.

### **Резюме**

Статья посвящена проблеме в сфере налоговой системы, о развитии экономики за счет налоговых поступлений и исследованию вопросов уголовных правонарушений в данной сфере.

### **Summary**

The article is devoted to the problem in the field of the tax system, as well as in the field of criminal offenses in this area.

**Касымжан Раманказы**  
**Магистрант 2-го года обучения**  
**Евразийской юридической академии имени Д. А.**  
**Кунаева**  
**Научный руководитель**  
**д.ю.н., профессор**  
**Жайлин Г.А.**

## **О ПРАВОВОЙ ПРИРОДЕ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ ОХРАНЫ ПРАВ НА ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНУЮ СОБСТВЕННОСТЬ**

Статья посвящена одному из наиболее актуальных проблем современного общества – изучению природы правовой охраны интеллектуальной собственности с целью совершенствования действующего законодательства и обеспечения надлежащей защиты нарушенных прав и охраняемых законом интересов субъектов интеллектуальной собственности.

В Республике Казахстан заинтересованы в развитии интеллектуальной собственности - двигателе экономики страны. Развитие информационных технологий требует создания надлежащих условий для интеллектуального потенциала.

В статье представлена общая характеристика действующего законодательства в области гражданско-правовой охраны интеллектуальной собственности.

Автором раскрываются понятия в области интеллектуальной собственности, проблемы, требующие дальнейшего правового разрешения.

Опираясь на действующее законодательство в области интеллектуальной собственности, автор поддерживает мнение ученых правоведов о том, что оно требует дальнейшего совершенствования.

**Ключевые слова:** интеллектуальная собственность, авторское право, смежные права субъекты интеллектуальной собственности, исключительное право, гражданско-правовая ответственность.

Республика Казахстан переживает период роста информационных технологий, что говорит о становлении в нашей стране информационного общества, все большее значение в экономике страны приобретают результаты интеллектуальной деятельности, которые вовлекаются в хозяйственный оборот. Происходит коммерциализация результатов интеллектуальной собственности.

Активно развиваются медиа индустрия, кино-видео индустрия, музыкальная индустрия, полиграфическая индустрия, цифровые коммуникации. Наряду с этим развивается торговля лицензиями на объекты промышленной собственности, имеющие патенты. Получили развитие компании, производящие программное обеспечение.

История развития интеллектуальной собственности показывает, что в промышленно развитых странах активно развивается защита интеллектуальной собственности, ибо ряд изобретений позволил некоторым странам, фирмам, производителям, объединившимся в корпорации, ассоциации, стать мировыми лидерами в производстве той или иной продукции.

Видный советский и российский политический деятель Е.М. Примаков в качестве неперемennого условия и предпосылки перехода страны на инновационный



---

путь развития выделял наличие эффективных механизмов защиты интеллектуальной собственности.[1]

Вхождение Казахстана в мировой рынок требовало активизирования законотворческой деятельности в области интеллектуальной собственности.

В Республике Казахстан приняты основополагающие правовые акты в области интеллектуальной собственности.

Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принятый Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года в статье 125 предусматривает, что признается исключительное право гражданина или юридического лица на результаты интеллектуальной творческой деятельности и приравненные к ним средства индивидуализации юридического лица, продукции физического или юридического лица, выполняемых ими работ или услуг (фирменное наименование, товарный знак, знак обслуживания и т.п.).

10 июня 1996 года в РК был принят Закон №6-І «Об авторском праве и смежных правах», регулирующий отношения в области интеллектуальной собственности, возникающие в связи с созданием и использованием произведений науки, литературы и искусства (авторское право), постановок, исполнений, фонограмм, передач организаций эфирного и кабельного вещания (смежные права).[2]

Особенная часть Гражданского кодекса Республики Казахстан от 1 июля 1999 года № 409-І содержит раздел №5 «Интеллектуальная собственность», в котором 10 глав регламентируют правоотношения в области интеллектуальной собственности.

13 июля 1999 года принят Закон № 422-І «Об охране селекционных достижений», определяющий правовые, экономические и организационные основы деятельности в области охраны селекционных достижений, регулирующий имущественные, а также связанные с ними личные неимущественные отношения, возникающие в связи с созданием, выявлением, выведением, правовой охраной и использованием селекционных достижений: новых сортов растений, новых пород животных, являющихся результатом творческой деятельности человека.[3]

Закон Республики Казахстан от 16 июля 1999 года № 427-І «Патентный закон Республики Казахстан» регулирует имущественные, а также связанные с ними личные неимущественные отношения, возникающие в связи с созданием, правовой охраной и использованием объектов промышленной собственности: изобретений, полезной модели, промышленного образца.[4]

Закон Республики Казахстан от 26 июля 1999 года № 456-І «О товарных знаках, знаках обслуживания и наименованиях мест происхождения товаров» регулирует отношения, возникающие в связи с регистрацией, правовой охраной и использованием товарных знаков, знаков обслуживания и наименований мест происхождения товаров в Республике Казахстан.[5]

Имущественные, а также связанные с ними личные неимущественные отношения, возникающие в связи с созданием, правовой охраной и использованием топологий регулирует Закон РК от 29 июня 2001 года №217-ІІ «О правовой охране топологий интегральных микросхем».[6]

С принятием нормативных актов в области интеллектуальной собственности получил свое развитие механизм правового регулирования в области права интеллектуальной собственности.

Объекты интеллектуальной собственности предоставляют правообладателям интеллектуальной собственности исключительные права, что и определяет место права интеллектуальной собственности в системе субъективных гражданских прав.

Действующее законодательство наделяет правообладателя исключительными правами, которым присуще такие качества: никто не может совершать действия,

---

ущемляющие права собственника; результаты интеллектуальной собственности могут использоваться третьими лицами только с согласия правообладателя.

Нарушение данного правила влечет гражданско-правовую, уголовную и административную ответственность.

Поскольку интеллектуальная собственность имеет свои особенности, объекты интеллектуальной собственности очень уязвимы, то защита исключительных прав не ограничивается способами, предусмотренными статьей 9 ГК РК. Наряду со способами, перечисленными в данной норме права, законодатель в статье 970 ГК РК указывает на защиту исключительных прав также путем:

1) изъятия материальных объектов, с использованием которых нарушены исключительные права, и материальных объектов, созданных в результате такого нарушения;

2) обязательной публикации о допущенном нарушении, с включением в нее сведений о том, кому принадлежит нарушенное право;

3) иными способами, предусмотренными законодательными актами.

При нарушении договоров об использовании результатов интеллектуальной творческой деятельности и средств индивидуализации применяются общие правила об ответственности за нарушение обязательств, предусмотренный главой 20 ГК РК.

Законодатель провел большую работу по совершенствованию законодательства в области интеллектуальной собственности, что отразилось и на развитии юридической науки, поскольку развитие законодательства шло рука об руку с наукой. Происходит активное изучение интеллектуальной собственности, ученые всего мирового сообщества работают над формированием единого подхода к вопросам интеллектуальной собственности, над определением и уяснением содержания термина «интеллектуальная собственность», так как в отличие от других отраслей гражданского права, еще не сформировано понятие интеллектуальной собственности.

Интеллектуальная собственность является предметом изучения юристов, а также экономистов, инженеров, специалистов в области естественных и точных наук, практиков.

Развитие рыночных отношений требует пристального внимания к объектам интеллектуальной собственности, к надлежащей охране и защиты от любого посягательства на нее.

Для Республики Казахстан является важной и актуальной борьба с нарушением прав на интеллектуальную собственность, пресечение на корню любого посягательства на охраняемые законом права и интересы субъектов интеллектуальной собственности.

Развитие интеллектуального потенциала требует от государства обеспечения надлежащей охраны прав правообладателей, так как объекты интеллектуальной собственности выступают в качестве товара. Развитие интеллектуального потенциала положительно сказывается на экономике страны, а обеспечение надлежащей охраны и защиты нарушенных прав субъектов интеллектуальной собственности способствует дальнейшему развитию и наращиванию самого интеллектуального потенциала.

Наряду с изложенным повышается международный авторитет нашего государства, как надежного партнера, обеспечивающего надлежащую охрану прав субъектов интеллектуальной собственности.

Как правильно отмечают К. С. Мауленов и Е. У. Ихсанов, перспективы становления Республики Казахстан как полноправного участника мирового сообщества во многом определяются уровнем гарантированности защиты

---

субъективных прав. Культурный и научный потенциал государства зависят и от того, какие меры это государство предпринимает для защиты прав создателей культурных ценностей и научных достижений. И, наконец, становление рыночной экономики требует, во-первых, вовлечения в экономический оборот произведений науки, литературы и искусства, других результатов творческой интеллектуальной деятельности, и, во-вторых, повышения уровня защиты прав на эти результаты как одного из условий улучшения инвестиционного климата.[7]

#### **Список литературы:**

1 Из речи Президента ТПП РФ Е.М. Примакова на проходившей 13 ноября 2003 г. в г. Москве Международной научно-практической конференции «Контрафактная продукция - проблемы и пути их решения» : [Электронный ресурс] // [http : // www.intel-com.ru / events.php?view=article&item=221](http://www.intel-com.ru/events.php?view=article&item=221).

2 Статья 1 Закона Республики Казахстан от 10 июля 1996 года №6-І «Об авторском праве и смежных правах».

3 Статья 1 Закона Республики Казахстан от 13 июля 1999 года № 422-І «Об охране селекционных достижений».

4 Статья 2 Закона Республики Казахстан от 16 июля 1999 года № 427-І «Патентный закон Республики Казахстан»

5 Статья 1 Закона Республики Казахстан от 26 июля 1999 года № 456-І «О товарных знаках, знаках обслуживания и наименованиях мест происхождения товаров»

6 Статья 2 Закона РК от 29 июня 2001 года №217-ІІ «О правовой охране топологий интегральных микросхем»

7 <http://naukarus.com/nauka-prava-intellektualnoy-sobstvennosti-v-kazahstane>

#### **Түйіндеме**

Мақала заманауи қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі - қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және бұзылған құқықтарды және зияткерлік меншік объектілерінің заңмен қорғалатын мүдделерін тиісті түрде қорғауды қамтамасыз ету мақсатында зияткерлік меншікті құқықтық қорғау сипатын зерттеуге арналған.

Қазақстан Республикасында зияткерлік меншікті - елдің экономикасының қозғалтқышын дамытуға мүдделі. Ақпараттық технологияларды дамыту интеллектуалдық әлеуетке қажетті жағдай жасауды талап етеді

Мақалада зияткерлік меншіктің азаматтық қорғаныс саласындағы қолданыстағы заңнаманың жалпы сипаттамасы берілген.

Автор зияткерлік меншік саласындағы тұжырымдамаларды, әрі қарай құқықтық шешімді қажет ететін мәселелерді ашып көрсетеді

Зияткерлік меншік саласында қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып автор ғалымдардың пікірін қолдайды, ол одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

#### **Summary**

The article is devoted to one of the most pressing problems of modern society - the study of the nature of the legal protection of intellectual property in order to improve current legislation and ensure proper protection of violated rights and legally protected interests of intellectual property subjects.

In the Republic of Kazakhstan are interested in the development of intellectual property - the engine of the country's economy. The development of information technology requires the creation of appropriate conditions for intellectual potential.

---

The article presents a general description of the current legislation in the field of civil protection of intellectual property.

The author reveals concepts in the field of intellectual property, problems that require further legal resolution.

Based on the current legislation in the field of intellectual property, the author supports the opinion of scholars of law that it needs further improvement.

343.123(574)

**Керімбек Ш.  
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң  
академиясының магистранты**

### **ҚЫЛМЫС ОҚИҒАСЫНЫҢ МӘН-ЖАЙЛАРЫН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада оқиға болған жерді тергеушінің қарап- тексеруі кезінде, қылмыс механизмдерін тануға арналған барлық әдістерді қолдану тактикасы сипатталады. Қайта жаңғыртуды материалдық іске асырылушы тұрғыдан алатын болсақ, тергеу жағдайында басты орынды иеленетіндігі көрсетіледі. Күрделі жағдайларда оқиғаның жекелеген мән-жайларын, жай-жапсарларын қайта жаңғырту кейбір заттай дәлелдемелерді қайта жаңалауды, жай-жапсар элементтерін қайта құрастыруды, үлгі жасауды, макет жасауды, олармен эксперимент жүргізуді талап етеді.

**Кілт сөздер.** Қылмыс; тергеуші; тергеуді ұйымдастыру; оқиғаны қарап-тексеру; эксперимент; қайта жаңғырту.

Тергеу эксперименттерін тәжірибелік әрекеттерге ғана, айғақты тексеруді - оқиға болған жерде бұрын алынған айғақтардың жай ғана қайталануына әкеліп тіреудің орнына жоқ деген қисынды мәселе туындайды. Тергеу әрекеттердің, жай-жапсары және тәжірибелік әрекеттердің жаңғыруынан ғана емес, ал танымдық қызметтердің тәсілдерін біріктіруден, дер кезінде және кәсіби түрде оларды кемінде пайдаланудан құралуы тиіс деген заңды мәселе бой көтереді. Әрине «жаңғырту» түсінігі «айғақты тексеру», «тергеу эксперименті» деген түсініктерден кең, біздің ойымызша, ол танымның әдісіне, тәсіліне жатыстыра отырып айғақты тексеру мен «тәжірибелік әдістердің көмегімен алынған мәліметтердің маңыздылығын барынша толық бейнелейді».

М.В. Салтевский мен В.П. Лукашевич, тергеу әрекеттерінің жіктеу проблемаларын қарастыра келе, жай-жапсары мен оқиға мән-жайларын жаңғырту ақпаратын күрделі қайнар көздерден алу барысында мүмкін екендігін негіздей отырып көрсетті. әрі қарай олар күрделі қайнар көз — бұл тергеу әрекеттерінің танымдылық процесінде бір мезгілде пайдаланылатын мінсіз және материалдық бейнелердің жиынтығы. Мінсіз бейне қылмыстың қабылданған оқиғасының салдары болып табылады. Осының салдарынан олардың заттай бейнеге түсетін кескін түрі «Субъективті түрін» немесе оның тәжірибелік жаңғыруын көрсетуге келіп тіреледі.

Тұлға жай-жапсары мен заттарды жаңғырту арқылы бейнелеп көрсетеді, ал тергеуші мен куәгерлер бұрын алынған айғақтармен салыстырады және тұлғаның орны туралы дұрыс бағдарлап, өзінің болжамдарын растап тұрғанына көздерін жеткізеді.

---

Бұл көзқарасты А.П. Филиппов пен Ю.Г. Коруховтар қолдады. Олар осы түсінікті егжей-тегжейлеп, оны мынадай түрде түсіндіреді: айғақты тексеру – алдын ала жауап алынған адамның зерттеліп отырған оқиғамен байланысты орын мен объектілерді айғақтарды бірге ұсына отырып көрсетуін қарастыратын тергеу әрекеті. Бұл іс әрекет кейде басқа тергеу әрекеттерімен ұқсас сипаттарға да ие бола алады, бірақ оларды ешқашан шатастыруға болмайды. Айғақтарды тексеру танудан негізгі тактикалық ерекшелігімен айрықшаланады, атап айтсақ, тану барысында тұлғаға объектіні таңдау мүмкіндігі беріледі, айғақтарды тексеру барысында белсенді әрекеттер орындай отырып ол өзі объектіге көрсетеді, немесе тұлға өз сөздерін оқиға болған жерде іс-әрекеттерді көрсете отырып растайды.

«Тергеу эксперименті» түсінігін басқа тергеу әрекеттерінен айқынырақ бөліп қарастыру қажет. Кейбір тергеу әрекеттерінің ұқсастығына қатысты айтсақ, оларды жалпы таным әдістері біріктіреді. Тексеру маңызына қарай заттардың өзіндік қасиетін анықтайтын жекелеген тәжірибелік әрекеттермен байланысты болу мүмкін. Олар айтарлықтай бақылауды толықтырады және қылмысқа байланысты жекелеген көріністерді жаңғыртуға зерттелетін объектілерді тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Бірақ, тексеру оқиғаның болған жағдайларының материалдық сипатын жасанды жаңғыртумен байланысты емес. Егер зерттеліп отырған оқиғаның шарттары мен жағдайларын жасанды материалдық жаңғырту керек болса, тексеру кешенді сипатта болады және арнайы тергеу әрекеттерін, тергеу экспериментін өткізу қажеттілігі туындайды.

Материалдық іске асырылушы жаңғырту мәселесі бойынша қылмыс оқиғасы үзінділерін, оның жекелеген мән-жайларын, қылмыскердің белсенді емес іс-әрекеті жай-жапсарларын, сонынан бұл әрекеттердің қауіпті деп танылуын және басқа да қылмыс оқиғасын құрайтын әрекеттерді қайта жаңғырту туралы айтуға болады.

Оқиға болған жерді тергеушінің тексеруі кезінде, қылмыс механизмдерін тануға арналған барлық әдістер үйлеседі. Егер қайта жаңғыртуды материалдық-іске асырылушы түрғыдан алатын болсақ, тергеу жағдайы басты орынды иеленеді. Күрделі жағдайларда оқиғаның жекелеген мән-жайларын, жай-жапсарларын қайта жаңғырту кейбір заттай дәлелдемелерді қайта жаңалауды, жай-жапсар элементтерін қайта құрастыруды, үлгі жасауды, макет жасауды, олармен эксперимент жүргізуді талап етеді. Ал мұның өзі тергеу эксперименті шеңберінде ғана мүмкін болады, яғни бұл тергеу әрекеті материалдық-іске асырылушы аспектіде қайта жаңғыртудың процессуалдық формасы болып табылады.

Көрсетілген екі тергеу әрекетінде оқиға болған жердің жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғырту әдісі басым келеді және олардың әрқайсысының шеңберінде әдіс өзінің іске асырылу ерекшелігімен сипатталады деп пікір білдірген криминалистердің ойларын дұрыс деп санаймыз.

ҚР ҚПК-нің 257-бабында мақсаты (айғақтардың сенімділігін айқындау мақсатында) және оны іске асыру жолы тікелей көрсетілген. Ол таным әдісі ретінде қайта жаңғыртудың болуын қарастырады, яғни заңда былай деп көрсетіледі, «бұрын жауап алынған адам зерттелінуші оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғыртады», олай болса болған оқиғаның жай-жапсары мен жағдайларын тәжірибелік әрекеттер жасамай-ақ, қайта жаңғыртуға болады [1].

Айғақтарды тексеру жағдайы белгіленген ҚПК-нің 257-бабын тергеу экспериментімен және ҚПК-нің 258-бабының редакциясымен салыстырып көрейік. Олардың арасындағы айырмашылықтар мазмұнына қарай анықталады:

- айғақтарды тексеру барысында осы тексерілу жүргізіліп отырған адамның (бұл жағдайда жауап алынған адамның) қатысуы қажетті. Тергеу эксперименті кезінде мұның онша қажеті жоқ;

---

- тергеу экспериментін жүргізу барысында тергеуші қайта жаңғыртылған жағдайларда тәжірибе жасайды, оны бірнеше рет қайталайды, жай-жапсарын өзгертеді. Айғақтарды тексеру кезінде қылмысты жасау уақытында өз әрекеттерін жай ғана бейнелеп көрсетуге болады;

- тергеу экспериментерін өткізу жағдайлары оның нәтижесіне маңызды түрде әсер етеді, ал айғақтарды тексеру үшін олар мұндай маңызға ие болмайды;

- қылмыс жасалған орын айғақтарға тексеру жүргізу орны ретінде танылады, ал тергеу эксперименті тәжірибелік әрекеттердің мақсаты мен мазмұнына орай кез-келген орында өткізіле береді;

- айғақтарды тексеру бір ғана адаммен (сезіктімен, айыпталушымен, жәбірленушімен, куәлармен) жүргізіледі, ал тергеу эксперименті оның түрі мен қойған мақсатына қарай басқа да адамдардың қатысуымен жүргізіле береді. Айғақтарды тексерудің мақсаты ҚР ҚПК-нің 257-бабында айқын анықталған. Тактикалық жағынан алғанда, ол жан-жақты негізделген (тәжірибелік әрекеттерден айырмашылығы) және егжей-тегжей қарастыруды қажет етпейді [2, 33 б.].

Егер тергеу эксперименті мен айғақтарды тексеру мақсатын салыстыратын болсақ, олардың өзара сәйкес келетіндігін көре аламыз:

- басты ортақ мақсат - іс үшін маңызы бар деректерді тексеру мен нақтылау;
- жаңа дәлелдемелерді айқындау;
- версияларды тексеру;

Логикалық тұрғыдан тексеру экспериментін тәжірибелік әрекеттерге, ал айғақтарды тексеруді бұрын алынған дәлелдемелерді оқиға болған жерде жай ғана қайталауға жатқызуға болмайды деген мәселе туындайды. Тергеу әрекеті жай-жапсарды, әрекетті немесе тәжірибелік әрекеттерді қайталаудан ғана құралуы тиіс емес [2, 98 б.]. Мұнда танымдық қызмет тәсілдерін біріктіру, оларды өз уақытында әрі кәсіби тұрғыдан пайдалану қажет деген мәселе заңды түрде пайда болады. Әрине «қайта жаңғырту» ұғымы «айғақтарды тексеру», «тергеу эксперименті» ұғымдарынан әлдеқайда ауқымды келеді. Біздің пікіріміз бойынша, ол таным әдісіне жата отырып, айғақтарды тексеру мен «тәжірибелік әрекеттер» арқылы алынған деректерді тексерудің маңызын толық бейнелейді.

Тергеу әрекеттерінің ұғымы мен маңызын жеке-жеке қарастыру керек. Осы ұғымдарды анықтап алу үшін, тергеу әрекеттерінің мақсатын, міндеттері мен маңызын түсіне білу қажет.

Айғақтарды тексерудің маңызы, - деп атап өтеді Васильев В.Л. - қылмыс жасалған жерде адамның қабылданған субъективті түрін ашып көрсетуден құралады. Адам жай-жапсар мен заттарды қайта жаңғырту арқылы бұрын өзі болған мән-жайларды көрсетеді, ал тергеуші мен куәгерлер мұны бұрын алған куаландырулармен салыстырып, адамның оқиға болған жерді бағдарлама алуына көздерін жеткізеді, өз айғақтарын растайды [3, 42 б.].

Оқиға болған жердің жай-жапсары мен мән-жайларын қайта жаңғырту түрлері барлық криминалистік дерек көздерінде айғақтарды тексеру мен тергеу

эксперименті шегінде қарастырылады. Міндеттердің шешілуіне орай, тергеу әрекетін жүргізу барысында олардың түрлері анықталды.

Тергеу әрекетінің мақсаты мен мазмұнына Васильев В.Л. барынша егжей-тегжейлі анықтама береді «эксперимент-бұл мақсатқа ұмтылу қызметі, оның негізін арнайы құрылған жағдайларда танылушы құбылыстарды, оқиғаны, заттарды тәжірибелік тұрғыдан қайта құрастыру құрайды. Тергеу эксперименті-бұл арнайы тәжірибе жүргізу кезінде жекелеген (тексерілетін) нысандарға, немесе олардың

---

көшірмелеріне мақсатты түрде әсер ету арқылы тексеру мен дәлелдеме алу үшін орындалатын тергеу әрекеті» [3, 45 б.] .

Осыған орай тергеу эксперименті тергеу әрекеті ретінде анықталады, оның мақсаты сезіктінің, айыпталушының, жәбірленуші немесе куәлардың айғақтарын ғана емес, сондай-ақ қылмыстың жасалу механизмі, зерттелінуші

құбылыстар мен фактілердің туындауы туралы тергеу болжамдарын тексеру болып табылады.

«Тергеу эксперименті» ұғымын басқа тергеу әрекеттерінен айқын ажырата білу қажет.

Кейбір тергеу әрекеттерінің ұқсастығына қарай, олар жалпы танымдық әдістерге бірігеді. Тексеру заттардың қасиеттерін айқындайтын жекелей тәжірибелік әрекеттермен байланысты болуы мүмкін. Олар бақылауды маңызды түрде толықтырып, зерттелінуші нысандармен терең танысуға, қылмыспен байланысты жекелеген үзінділерді қайта құрастыруға мүмкіндік береді. Алайда, тексеру болған оқиғаның мән-жайларын және жағдайларын жасанды материалдық тұрғыдан қайта жаңғыртумен байланысты емес. Егер зерттелінуші оқиғаның мән-жайлары мен жағдайларын жасанды материалдық тұрғыдан қайта жаңғырту қажет болса, онда тексеру кешенді сипатта болады және арнайы тергеу әрекеті-тергеу экспериментін жүргізу қажеттілігі туындайды.

Тергеу эксперименті сараптама өткізу жағдайында эксперименттік әдіске ұқсас келеді. Себебі олардың арасында тікелей бақылау және тәжірибе жүргізу барысында өзара тығыз байланыс болады (бұл тек сыртқы көрініс).

Олардың арасында мынадай маңызды айырмашылықтар бар;

- тергеу экспериментінің нәтижелері істегі дәлелдеме болып табылады, ал тергеу эксперименті сенімді деректер алу кезінде жай ғана аралық кезең болады. Осы себепті ол және оның нәтижелері дәлел бола алмайды;

- тергеу экспериментін тергеуді жүргізетін адам немесе тергеушінің тапсырмасы бойынша басқалар жүргізе алады, ал сараптамалық тәжірибені тергеушінің қаулысымен арнайы білімі бар адам ғана жүргізе алады.

1 О некоторых вопросах квалификации уголовных правонарушений в сфере экономической деятельности // Нормативное постановление Верховного суда Республики Казахстан от 18 июня 2004 года № 2

2 Гаухман Л.Д., Максимов С.В. Преступления в сфере экономической деятельности. – М., 2004.

3 Волженкин Б.В. Экономические преступления. СПб., 1999. – 312 с.

4 Сейткасимов Г.С. Банковское дело. – Алматы: Издательство Қаржы-қаражат, 1998

5 Уголовное право Казахстана (Особенная часть): уч. для ВУЗов / под ред. д.ю.н., проф. И.И. Рогова и к.ю.н., проф. С.М.Рахметова - Алматы: ТОО «Баспа», 2001

6 Рахметова М.А. Криминологические аспекты борьбы с экономической преступностью // Вестник КазНУ, 2013

---

7 Справка Генеральной прокуратуры Республики Казахстан по результатам проведённой комплексной проверки коммерческих банков и других финансово-кредитных учреждений за 2005 год.

8 Зубкова В.И. Курс уголовного права в пяти томах. Том 4. Особенная часть. Учебник для вузов. Зубкова В.И., В.С. Комиссаров, И.М. Тяжкова. – М., 2002. – 672 с.

### **Түйіндеме**

Бұл мақала қылмыстық құқықты және экономикалық қылмыстың криминологиялық мәселелерін кешенді зерттеуге арналған.

### **Summary**

This article is devoted to conducting a comprehensive study of criminal law and criminological issue of economic crime.

УДК 342.7

**Мұратов А. Р.**  
**Сулейман Демирель**  
**Университетінің магистранты**  
**Ғылыми жетекшісі:**  
**з.ғ.к, ассоц. профессор Адилова К.А.**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ**

Бұл баяндамада Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның конституциялық құқықтық мәртебесі оның ішінде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы тақырыбына жазылған. Мұнда Қазақстан Республикасының Конституциясында, Президентінің Жарлықтарында, халықаралық құқық пен басқа да құжаттарда көрсетілген тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының және оның қорғалуы мәселесі және мәртебесі туралы көрініс тапқан.

**Кілт сөздер:** Тұлғаның мәртебесі, құқықтары мен бостандықтары, адам және азамат, Қазақстан Республикасындағы тұлға құқығы, құқықтың қорғалуы.

Ата заң – ел қазығы демекші, еліміздің ең басты құжаты – Конституция. Бұл Заңның қабылдануы конституциялық құрылыстың құқықтық негізін қалады, мемлекеттік тетік және қоғамдық, саяси жүйенің негізгі принциптерін айқындап, баршамыздың, яғни, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгілейді.

Адамның табиғи ажырамас абсолюттік құқықтары мен бостандықтарының идеялары осы Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің жыл сайынғы

Қазақстан халқына жолдаған жолдауларында адам мен азамат құқығын сақтау, Қазақстанды одан әрі жаңғырту мен демократияландыру ең өзекті мәселердің қатарына қояды. «Егер біз соңғы жылдары осындайлық өркендеп, осындайлық бағаға ие болсақ, онда біз өзіміз өмір сүріп, дамып отырған Конституциямызға алғыс айтуға тиіспіз», - деп ел басымыз Конституция жайлы айтқан болатын. Сондықтан да,

---

еліміздің әрбір азаматы Конституциямызды сыйлап, осыған орай заңдарының бұзылуына жол бермей, оның қатаң сақтауы тиіс.

ҚР Конституциясының 12 бабына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс, - деп адам құқықтары мен бостандықтарының көрінісі адам және азаматқа арналған тарауында айқындалған. [1]

Қазіргі заманғы халықаралық құқықта адам құқына қатысты тұтастай құқықтық актілер кешені қалыптасты. Халықаралық құқық нормалары нақты мемлекеттегі адам құқын тікелей реттемейді. БҰҰ Жарғысы (1-баптың 3-тармағы) мемлекеттерді олардың аумағында тұратын барлық адамдардың, қандай да болмасын кемсітуге жол берместен негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. БҰҰ шеңберінде осы мәселе бойынша: «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» (1948ж.), «Әйелдердің саяси құқы туралы конвенция» (1954ж.), «Балалар құқы декларациясы» (1959ж.), «Адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары туралы», «Адамдардың азаматтық және саяси құқықтары туралы» (1966ж.) және басқа бірқатар құжаттар қабылданды. [2]

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы жаңа Конституциясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайта отырып, халықаралық актілердің нормалары мен принциптеріне сүйенеді. Аталған және басқа халықаралық актілер мынадай негізгі құқықтар мен бостандықтарды жариялайды: кез-келген адам өмір сүруге, бостандыққа және жеке басына қол сұғылмауына құқылы; ешкім де азапталмауы қадір-қасиетін кемсітетіндей көз алартушылыққа және жазаға ұшырамауы тиіс; барлық адамдар заң алдында тең, заңмен тең дәрежеде қорғалуы құқылы; кез-келген адам тұратын орнын мемлекет шегінде еркін алмастыруға және таңдауға құқылы; кез-келген адам өзінің, отбасының және басқаларының денсаулығын және тұрмыс жағдайын қолдауға қажетті өмірлік деңгейде еңбек етуге, білім алуға, дем алуға құқылы. Халықаралық құқықтық құжаттар адам құқық мен бостандығын ең жоғары құндылық деп таниды.

Қазақстан Республикасында адамдар мен азаматтардың Конституция мен заңдарда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен жүзеге асыруды қамтамасыз етуі тиіс мемлекеттік институттар құралады және жұмыс істейді.

Адам құқықтарының жай-күйі әр мемлекетте адам және мемлекет қарым-қатынасы қағидасының сақталуына байланысты, әлемдік қатынастарда танылған бұл қағидаларды ұлттық заңнамаларға енгізу, құқықтарды қорғаудың механизмін қалыптастыру құқықтық жүйенің жай-күйіне тығыз байланысты десек қателеспес едік. Адам құқықтарын қорғау механизмі мынадай шараларды қамтиды:

- Конституциялық бақылау;
- Соттық қорғау;

- 
- Қорғаудың әкімшілік-құқықтық формалары;
  - Үкіметтік емес құқық қорғау органдарының қызметі.

Жоғарыда аталған адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмі әр түрлі дәрежеде біздің елімізде де қолданылады.[3]

Адамның құқығы мен бостандығын қорғау және қамтамасыз ету жөніндегі маңызды мемлекеттік институттардың бірі Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады. Президенттің тиісті өкілеттігінің заңдық негізі Конституцияда, сондай-ақ Президенттің «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығында бекітілген.

ҚР Конституциясының 40-бабының 2-тармағында Қазақстан Республикасының Президенті – адам мен азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі деп жазылған. Президенттің қызметіне кірісер сәтінде халыққа беретін антында мынадай сөздер бар: «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге салтанатты түрде ант етемін» (42-бап, 1-тармақ). Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі мәселелер бойынша Парламент Мәжілісіне қарауға Үкімет енгізетін құқық қорғаушылық заң жобаларына

Президенттің бастамашылығы Президенттің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде қызметінің басты бағыттарының бірі болып табылады. Үкімет арқылы Президент бастамашы болған кейбір заңдарды айтсақ та жетеді.

Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы Заң, Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы Заң, Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайында және жасының ұлғаюына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеу туралы Заң, және т.б. Сонымен бірге Президент өз өкілеттігі шегінде нормативтік құқықтық актілер сияқты, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету үшін жеке сипаттағы актілер де шығарылады.

Ол Президенттің тиісті Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызмет принциптерінен айқын көрінеді. Президенттің Жарлығы бойынша: а) мемлекеттің мүддесі алдында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының және заңды мүдделерінің басымдылығы; ә) жалпыға ортақтық, яғни мемлекеттік қызметке кіруге барлық азаматтардың тең құқылығы; б) қоғамдық пікірді ескеру мен жариялылық мемлекеттік қызметтің маңызды принциптері болып табылады. Жоғарыда көрсетілгендей, мұнда мемлекеттік органдар қызметінің азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асыруды және қорғауды көздейтіндей принциптер қарастырылған. Бұл принциптер Президенттің құқық қорғау органдарының қызметіне сәйкес мәртебесін бергілейтін жарлықтарында нақтыланады. Мысалы, Президенттің «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Жарлығында, бұл органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстық және өзге әрекеттердің алдын-алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратындығы жазылған.

Президент, сондай-ақ адам мен азаматтың саяси, әлеуметтік-экономикалық және жеке құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды көздейтін жеке құқықтық актілер шығарады. Атап айтқанда, Президент Республика азаматтығын, саяси баспана беру мәселелерін шешеді, Республиканың мемлекеттік наградаларын, құрметті және өзге де атақтар береді. Президент ауыр қылмысы үшін сотталғандарғы кешірім жасайды.

---

Президент тыйым салуды, сондай-ақ Парламенттің азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзатын заңдар қабылдамауы үшін пайдаланады. Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, азаматтардың қауыпсіздігіне ерекше қатер төнген жағдайды Президент қалыптасқан жағдайға орай шаралар қабылдауға құқылы. Атап айтқанда, Президент Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген аймақтарында төтенше жағдай енгізіп, Қарулы күшті қолдана алады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанында консультативті-кеңесші орган ретінде адам құқығын қорғау жөніндегі комиссия құрылды. Комиссияның басты міндеті Президенттің конституциялық мәртебесі – оның адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау тетігін жеңілдетуді жүзеге асыруына ықпал ету болып табылады. Комиссия бұл міндеттерді орындау мақсатында мемлекет басшысының және комиссияның атына адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары бойынша жолдаған өтініштерін қарайды, адам құқығының сақталуы туралы жыл сайын баяндамалар жасайды, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету механизмін жетілдіру туралы ұсыныстар және т.б. әзірлейді. [5]

Парламент те адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мен қорғауға кепілдік беретін маңызды мемлекеттік институттардың бірі.

Парламент мұны, негізделген, заң шығару қызметі арқылы жүзеге асырады, онда парламенттің конституциялық өкілеттігі айқын көрінген. Парламент жеке тұлғалардың құқықтық субъектілігіне, азаматтық құқықтар мен бостандықтарға, жеке тұлғалардың жауаптылығына қатысты негізгі принциптер мен нормаларды; жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру мен қызметінің негіздерін белгілейтін маңызды қоғамдық қатынастарды реттеуші заңдар шығарады. Тиісінше, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылатын қоғамдық қатынастардың негізгі салалары Парламент қабылдайтын заңдар арқылы реттеледі.

Сот, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ұйымдастыру мен қорғауға ықпал ететін органдар болып табылады. [6]

Қазіргі кезеңде Қазақстанда Омбудсмен институтын енгізу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Омбудсмен – адам құқықтарын қорғау, арыз, өтініштерді қарау, құқықтар бұзылған жағдайда қалпына келтіру қызметімен айналысатын өкіл. Омбудсмен институты біздің елімізде адам құқықтарын қамтамасыз етудің бірін-бір тетігі болуы мүмкін. Классикалық тұрғыда, омбудсмен дегеніміз – мемлекеттік шенеуніктердің заңсыз әрекеттері нәтижесінде бұзылған құқықтар жөніндегі арыз-шағымдарды қарап, тексеріп заңдық күші жоқ ұсыныстар беретін тәуелсіз лауазымды тұлға. Біздің мемлекетімізде бұрын соңды бұндай институт болған емес. Ал ол адам құқықтарын қорғау, қамтамасыз ету және қалпына келтіруде жаңа тәсілдер мен әдістер енгізуге қуатты серпін бере алады. Бұндай қажеттілікті қазіргі таңда жұртшылықтың барлығы да мойындап отыр. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық құрылым, үшінші мыңжылдықтың басында Омбудсмен институты қызметін қолдану құқықтық мемлекет құрудағы нық қадамдардың бірі болар еді. [3]

Адамның құқықтары мен бостандықтарын бекітуге, оларға кепілдік беру және жүзеге асыруға ұмтылыстың артуы құқықтық мемлекеттің сипаты мен тегіне, оған тән басқару, реттеу және ықпал жасаудың құқықтық құралдарының басымдылықтарына, онда байқалып отырған гуманистік бастаулардың,

---

демократияландырудың күшеюіне, мемлекеттік құрылымдардың халық бұқарасы үшін ашықтығына байланысты.

Адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы ғасырлар мен ғұмырлар бойына созылған, адамның лайықты өмір сүріп, жақсы тұрмыс кешуіне апаратын асыл мұрат. Әр адамның бостандығы оның құқығы «табиғи» берілген, оған мемлекет және қоғам міндетті түрде көңіл аударып, оларды қамтамасыз етіп, қорғауы керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы № 254- III Заңымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ресми мәтін. – Конституция Республики Казахстан: официальный текст с изменениями и дополнениями от 21 мая 2007 года № 254-III Закона Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы, 2007 – 136 бет.

2 Права человека. Сборник международных документов. М., МГУ. 1986

3 Президенттің «Қазақстан Республикасы Президентінің актілер туралы» Жарлығында жарлықтар мен адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданатындығы белгіленген //Қазақстан Республикасы Президентінің актілер жинағы, 1994ж, №44. 469-бет

4 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы адам құқығы жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // «Казахстанская правда», 1997. 25 сәуір

5 Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. Өнд., толықт., 3-бас., - Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 536 бет

6 Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы (Оқу құралы). – Өнд., толықт. 2-бас.- Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 бет.

#### **Резюме**

В настоящей статье описывается конституционно-правовой статус физических лиц в Республике Казахстан, включая защиту прав и свобод человека. Рассматривается состояние и статус прав и свобод человека и их защита, что отражено в Конституции Республики Казахстан, Указах Президента Республики Казахстан, международном праве и других документах.

#### **Summary**

This report describes the constitutional and legal status of individuals in the Republic of Kazakhstan, including the protection of human rights and freedoms. It reflects the state and status of human rights and freedoms and their protection, which is reflected in the Constitution of the Republic of Kazakhstan, Decrees of the President of the Republic of Kazakhstan, international law and other documents.

**Мусина А.К.**  
**магистрант Евразийской юридической**  
**академии имени Д.А.Кунаева**

## **К ВОПРОСУ О МЕРАХ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ИСКА**

Обеспечение исков – важная часть защиты прав и законных интересов кредиторов в гражданском процессе. Применение данного института позволяет истцу быть уверенным, что в случае положительного разрешения гражданско-правового спора, должник исполнит все требования судебного решения. Статья посвящена особенностям обеспечения исков и его значению, проблем правоприменительной практики.

**Ключевые слова:** стороны арбитражного разбирательства, расходы, иск, стадии судопроизводства.

Институт обеспечения иска имеет важное значение в гражданском судопроизводстве, и позволяет истцу быть уверенным, что в случае положительного разрешения гражданско-правового спора, должник исполнит все требования судебного решения.

Обеспечение иска является значимой частью стадий гражданского судопроизводства, ибо от принятия данных мер зависит дальнейшее исполнение судебного акта, а именно, конечный итог судебных тяжб, сможет ли должник нести имущественную ответственность. Ведь ситуации, когда должник, узнав о том, что кредитор собирается обратиться в суд, пытается спрятать имущество, перевести деньги на чужие счета, переписать квартиру и машину на родственников или знакомых, с целью скрыть имущество от возможного взыскания, возникают практически постоянно.

Данная проблема усиливается, когда существует необходимость наложить меры по обеспечению иска на территории иностранного государства. При изучении норм международного гражданского процессуального права перед нами встает вопрос о возможности применения мер обеспечения иска. По нашему мнению, данный вопрос является спорным не только в международном гражданском процессуальном праве, но и в гражданском процессуальном праве РК.

Для восполнения пробелов законодательства РК необходимо изучить институт обеспечения исков, разработать механизм наложения обеспечения иска в иностранном государстве.

Все условия, при которых происходит предъявление иска, имеют процессуально-правовой порядок, поэтому иск является исключительно процессуальным действием.

Также этой точки зрения также придерживается и Г. Махашева, которая утверждает, что меры обеспечения иска являются по своей природе не материально-правовыми, а процессуально-правовыми, отражающими один из способов защиты нарушенных материально-правовых прав и законных интересов истца, защищаемых в судебном порядке [1].

Процессуальная сущность иска отражена в ГПК РК и регулируется принципами, изложенными в главе 14 и 15.

Обеспечение иска - это определенные принудительные меры, налагаемые судом по просьбе истца и заключающиеся в ограничении права распоряжения ответчиком материальным предметом спора. Они принимаются на случай затруднений или

---

невозможности исполнения решения суда ввиду уничтожения либо иного исчезновения предмета спора или сумм денежного возмещения [1].

Под обеспечением иска понимается принятие мер, по своему содержанию исключающих уклонение ответчика от исполнения будущего решения суда, положительного для истца [2].

Основания для обеспечения исков предусмотрены нормами ГПК РК Гл.15 и Законами РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей», «О банках и банковской деятельности», «О реабилитации и банкротстве».

В соответствии со статьей 156 ГПК РК мерами по обеспечению иска признаются:

1) наложение ареста на имущество, принадлежащее ответчику и находящееся у него или у других лиц...;

2) запрещение ответчику совершать определенные действия;

3) запрещение другим лицам передавать имущество ответчику по обязательствам, срок исполнения которых наступил, или выполнять по отношению к ответчику иные обязательства, предусмотренные законом или договором;

4) приостановление реализации имущества в случаях предъявления иска об освобождении имущества от ареста и (или) оспаривания результатов оценки имущества должника;

5) приостановление действия оспариваемого правового акта государственного органа, органа местного самоуправления;

6) приостановление взыскания по исполнительному документу, оспариваемому должником в судебном порядке;

7) приостановление торгов по внесудебной реализации предмета залога;

8) приостановление оспариваемых актов и действий судебного исполнителя, связанных с обращением взыскания на имущество, совершаемых в исполнительном производстве [3].

Кроме того, п.2 ст. 156 ГПК РК предусмотрено, что в необходимых случаях судом могут быть приняты **иные меры** по обеспечению иска, которые отвечают целям, указанным в части первой статьи 155 ГПК, а именно, «. По заявлению лиц, участвующих в деле, сторон арбитражного разбирательства суд может принять меры к обеспечению иска во всяком положении дела, если непринятие таких мер может затруднить или сделать невозможным исполнение решения суда.

Анализ ст. 156 ГПК РК позволяет сделать вывод о достаточно широких возможностях судьи, ведь правовые нормы законодательства РК предоставляют такую возможность и оставляет простор для действий, для понимания и толкования обеспечительных мер. В правоприменительной деятельности можно констатировать, что такая свобода выбора ведет к определенным сложностям для истца, ведь до окончания судебного разбирательства недобросовестный должник может вывести все свое имущество из-под своего владения.

Безусловно, наложение мер по обеспечению иска создает негативные последствия для ответчика, и конечно вследствие этого Бизнес будет серьезно страдать от обеспечительных мер (это в особенности касается определений судов о наложении ареста на имущество ответчика), в частности, наложить меры достаточно легко, а вот трудности возникают именно при их снятии, поскольку это производится на стадии исполнительного производства.

Сложным бывает определение фактов при злоупотреблении стороны договора, когда необходимо доказывать недобросовестность участников гражданского процесса. При этом недобросовестными могут выступать как истец, так и ответчик, поэтому суду всегда необходимо объективно подойти к наложению мер по обеспечению иска, всесторонне изучив представленные доказательства.



---

Целью судебного доказывания является установление обстоятельств гражданского дела, т.е. выявление с помощью доказательств наличия или отсутствия юридических фактов, с которыми закон связывает наступление определенных правовых последствий для сторон (заявителя), а также других обстоятельств, имеющих значение для дела [4]

В целом обеспечительные меры выполняют функцию защиты прав участников гражданского процесса и имеют целевую направленность, которая заключается в том, что меры обеспечения иска четко реализуют гарантии реализации имущественных прав и интересов, и не могут быть применимы в случаях отсутствия факта нарушения прав и законных интересов истца. Меры обеспечения иска используются как гарантия обеспечения иска по спорам имущественного характера, а также применимы в случаях, когда ответчик является должником истца старается избежать возмещения ущерба или возврата долга, мотивируя различными причинами, включая недостаточность средств и имущества и др.

В этой связи, судам действительно необходимо пристальное внимание уделить вопросу о наложении мер по обеспечению иска путем тщательного исследования доказательств того, что ответчик воспользуется временем и избавиться от своего имущества, способного обеспечить исполнение судебного решения.

Для разрешения этой ситуации Б.А. Тукулов предлагает следующие рекомендации к реформированию института обеспечительных мер:

(1) Несомненно, обеспечительные меры должны быть неожиданными для ответчика, и возможность их принятия без ведома ответчика должна быть сохранена. Однако обеспечительные меры не должны действовать больше определенного фиксированного срока (например, не больше двух недель);

(2) Затем, в рамках указанного срока (например, две недели) суд проводит судебное заседание с участием обеих сторон для 1 Ответчик вправе требовать возмещения расходов на представителя пропорционально той части иска, в удовлетворении которой было отказано. Однако, во-первых, расходы на представителя ограничены 10% суммы иска. Во-вторых, даже если расходы на представителя не превышают 10% суммы иска, суды, как правило, снижают их размер до пределов, которые суд посчитает разумными, что далеко не всегда отражает действительные расходы ответчика. И самое главное, нет прямой корреляции между суммой возмещения расходов на представителя и возможными убытками ответчика. Такие убытки, вне всякого сомнения, есть, но на практике их трудно доказать. разрешения вопроса о продлении действия обеспечительных мер. Суд изучает обоснованность продления обеспечительных мер, изучает доводы возражений ответчика в отношении обоснованности/необоснованности обеспечительных мер;

(3) Полагаем, что для обеспечения баланса интересов истца и ответчика при принятии обеспечительных мер необходимо обеспечить реализацию на практике ч. 1 ст. 162 ГПК (обеспечение возможных для ответчика убытков). Поэтому, в рамках судебного заседания о продлении обеспечительных мер ключевым условием такого продления должно быть предоставление истцом обеспечения возможных у ответчика убытков. Такое обеспечение не обязательно должно быть в сумме заявленных истцом исковых требований. Но во избежание злоупотреблений со стороны истцов, можно было бы условно установить, что сумма обеспечения возможных для ответчика убытков не должна быть менее X% суммы иска. В итоге, если истец такое обеспечение возможных убытков не предоставит, обеспечительные меры подлежат отмене. Подобная мера, по мнению автора, позволила бы исключить у

---

недобросовестных истцов желание заявлять иски с целью необоснованного получения обеспечительных мер [5].

С отдельными предложениями автора конечно можно согласиться. Вместе с тем, считаем, что двухнедельный срок достаточно краткий, поскольку само судебное разбирательство может длиться дольше, и снова ответчику станет возможным реализовать свое имущество в целях невозможности исполнения судебного решения. В целом судам действительно следует дать время, чтобы разобраться в правильности применения мер по обеспечению иска, и самое главное нельзя допускать превышений, ведь уроном для бизнеса действительно может стать ситуация, когда арест может налагаться на все счета, а сумма требования гораздо меньше.

Таким образом, судам действительно необходимо пристальное внимание уделить вопросу о наложении мер по обеспечению иска путем тщательного исследования доказательств того, что ответчик воспользуется временем и избавиться от своего имущества, способного обеспечить исполнение судебного решения.

#### Список литературы:

1 Махашева Г. Принимаются только по заявлению истца // <https://www.zakon.kz/4865128-prinimajutsja-tolko-po-zajavleniju.html>.

2 Сейпенова Г.Ш. Обеспечительные меры - как способ защиты гражданских прав // <https://www.zakon.kz/191492-obespechitelnye-mery-kak-sposob.html>.

3 Кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V «Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан» // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=34329053#pos=2259;-50](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34329053#pos=2259;-50).

4 Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: в двух томах. Учебник. – Алматы: КазГЮА, 2001.

5 Тукулов Б.А. Обзор некоторых проблемных аспектов Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан и сопутствующих законов, которые требуют внимания // [http://www.gratanet.com/up\\_files/reforms%20to%20CPC-revised.pdf](http://www.gratanet.com/up_files/reforms%20to%20CPC-revised.pdf).

#### Түйіндеме

Талап арызды қамтамасыз ету азаматтық істердегі кредиторлардың құқықтарын қорғауда маңызды бөлім болып табылады. Бұл институтты пайдалану азаматтық құқықтық даулардың оң шешілуіне, талапкердің сенімді болуына жағдай жасаса, сонымен қатар, борышкер соттың шешімінің барлық талаптарын орындайды. Мақала құқыққолданудың маңызды мәселелеріне және талап арызды қамтамасыз етудің ерекшелігіне арналған.

#### Summary

Securing claims is an important part of protecting the rights and legitimate interests of creditors in civil proceedings. The use of this institution allows the plaintiff to be sure that in the case of a positive resolution of the civil dispute, the debtor will fulfill all the requirements of the judgment. The article is devoted to the peculiarities of securing claims and its meaning, the problems of law enforcement practice.

Нургалиев А.  
Д.А. Қонаев атындағы  
Еуразиялық заң академиясының  
магистранты  
ғылыми жетекшісі:  
з.ғ.к., доцент Тагаев А.У.

## ҚАЗАҚ ӘДЕТ ҚҰҚЫҒЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

Автор мақалада, қазақ әдет құқығындағы әйелдің құқықтық мәртебесінің құқықтық-нормативтік табиғаты мен астарына кеңінен тоқталып кеткен.

**Кілт сөздер:** қазақ әдет құқығы, дәстүр, әйел құқығы, құқықтық мәртебесі, жүйе.

Адам өміріндегі ең бір қызықты да ұмытылмас белең, оның үйленіп жеке отау тігуі. Бұл орайда қазақ елінің ұлын үйлендіріп, қызын ұзатуда ғасырлар бойғы сақталып келе жатқан өзінің салт-дәстүрлері бар.

Қазақ халқында "Бірінші байлық - денсаулық, екінші байлық - ақжаулық, үшінші байлық - он саулық" деген үш тармақты, бір бүтін аталы сөздің бар екені мәлім. Халықтың өсіп-өнетін жан ұясы - жас жұбайлардың шаңырағы. Қыз бен жігіттің бас қосып үйленуі сырт қарағанда олардың жеке өз істері сияқты көрінгенімен бұл бүкіл халық мүддесімен, оның болашағымен ұштасып жатқан қоғам өмірінің өзектес құбылысы. Сондықтан да ежелден ата-аналар балаларын кезінде үйлендіріп, жақсы келін түсіруді мұрат тұтып, мұны тікелей өз қолдарына алып отырған.

Айттыру - балалардың әке-шешелері тарапынан іске асырылатын әрекет. Кәмілетке толған баласына өздеріне ұнаған, көңілдері түскен үйдің ата-аналарымен қызын беру туралы сөз салады. Айттыру әр түрлі нәтижемен аяқталып отырған, нәтижесіз болғаны да көп кездесіп отырған. Себебі қыздарының дәулетті, текті жерге баруын қалаған ата-аналары бұрын етене таныс емес адамдарға қыздарын беруге онша ниеттері болмаған. Мұны талай аңыз, ауыз әдебиеті дәлелдейді. Өз еркімен, яғни ата-аналарының ақ батасын алмай қосылған болса ел арасында үлкен дау туып отырған. Мұнда айттырылып қойған қызды алып қашқан жігіт те, онымен бірге қашқан қыз да айыпты деп танылып, оларға өлім жазасын кесуге дейін барған [1, 33-34 бб.].

Қазақ салтында құдаласудың түрлері көп. Әкелердің көңілі табысқан достығынан да құдаласу қатынасы орнайды. Алайда ең көп тарағаны - серілікпен табысқан қыз тандау тәсілі. Салт бойынша қыз тандау - жігіттің міндеті. Қыз тандау тек бет-жүзіне, шырай-ажарына ғана қарап шешім қабылдау емес. Соған қоса жігіт өзі таңдап, қалаған қыздың мінезін, білігін, бойына сіңірген үлгі-өнегесін де пайымдайды. Қандай жағдайда болса да ыңғайын тауып, ауызба-ауыз сөйлеседі.

Күйеудің әкесі қалың малын төлеуге қандай міндетті болса, қалыңдықтың әкесі қызына жасау беруге сондай борышты. Жасаудың көлемі жайында ешқандай келісім-шарт болмайды. Қазақ халқындағы жасау дегеніміз – құдалар ара-сындағы біртуыстық, теңтаразылық қатынастардың екі басы. Барлық қыздардың жасауы бірдей бола бермейді. Қалай болған күнде де ұяты бар, ауқатты қазақтардың жасауға беретіні оның алған қалың малынан және күйеудің берген кәделерінен кем болмайды. Жасау қызының келешек үй жұмысының керегі үшін емес, ата-аналарының өз даңқы үшін берілген. Егер келін өз жасауынсыз тек малға ғана келген болса, ол шынында малға сатылғаны және оның жаңа ортаға қалыптасуы мен жәй-

---

күйі жалтақ, жалынышты болған болар еді. Ал егер жас келіннің бағасы жағынан қалың малға сәйкес келетін өзімен бірге келген жасауы болса, онда оның келген жеріндегі өзін-өзі сезінуі, оның "көңіл терезесінің" жанұяның басқа мүшелерімен тең болары да ақиқат. Яғни жас келін тек өзінің жеке басының зерделік, психологиялық, имандылық ерекшеліктерімен ғана шектеліп қоймайды, оның өзімен келген мал-мүлікке деген сүйенішімен де анықталады.

Қалыңдықтың әкесі қалың малдың ауқымына қарай жасау әзірлетеді. Орташа тұрмысты және жарлы адамдар көбіне қалың малдан кем жасау береді, өйткені олар үшін қызын күйеуге беру жағдайын түзеп, тұрмысын бүтіндеудің бір жолы. Ал енді 77 бастан артық қалың мал алған бай адамдар қызының жасауын қалың малынан асырып жасамаса, кем жасамайды.

Тұтас жасау мынандай: ат, түйе, отау, үй, ер, шылбыр, үзенгі, өмілдірік, құйысқан, жүген, жәмші, қамшы; ыдыстан: қазан, таған, аяқ-табақ, шөміш, қасық, құмған, төсек, ағаш, кебеже, жүк аяқ, әбдіре; киімнен: сәукеле, желек, көйлек, дамбал, етік, тон, ішек, белбеу; төсек-орын: көрпе, жастық, шымылдық, киіз, түс киіз, кілем, алаша, сырмақ.

Осы аталған заттардың ішінде сәукеле мен желек арнайы тойға тіктіріледі. Желек көбіне қызыл матадан тігіледі, қалыңдық оны тойдан кейін бір жыл бойы басынан тастамайды. Сәукелені қалыңдық күйеу жігіттің аулына келін боп түскенде киеді. Құда түсіп қалың малын төлеген соң жігіт жағы қыздың жасауының жасалып бітуін күтеді. Ол бір жылға немесе одан да көбірек уақытқа созылуы мүмкін. Бұл аралықта күйеу жігіт қалыңдығына ұрын келіп тұрады. Күйеудің некеге дейін жасырын баруын қазақтар ұрын барған не ұрын той дейді. Егер қалың мал тұтасқа жуық өтпесе күйеу балаға бұл кеңшілік жоқ. Бірақ бұл аралықта күйеу бала бармағанмен, екі жақ араласып жатады. Қалыңдық пен күйеудің туған-туыстары қыз ұзатылмай тұрғанда екі жағы бір-біріне араласып қарым-қатынас жасаудың бастамасы "ірге-көрер" деген кәдемен басталады. Алдымен күйеудің әкесі, содан соң қыздың әкесі барып ірге көреді. Екі жақтың құдасы да ірге көруге барғанда шамасына қарай бір қарадан үш қараға дейін жетектетіп барады. Қалыңдық жақтан балалар келсе тай мініп, үлкендері сыбағаларын жеп, арақайшыласып жатады. ұрын келудің екі жастың болашақ тағдыры үшін маңызы үлкен. Өйткені бірін-бірі тұңғыш көріп тілдескен жастардың өзара көңілі толып тіл табысуы, не көңілдері жараспай қалса құдалықтың бұзылуы да мүмкін. Күйеу жігіт қалыңдығына ұрын барғанда болашақ қайын енесі мен атасының көзіне түспеуі керек. Қалыңдығын әкетуге барғанда ғана қайын атасымен жүздесіп танысады. Әйткенмен алғашқы ұрын келудің жүгі ауыр, күйеу де, оның жолдастары да тіс қаққан, жөн-жобаны жақсы білетін, өнерпаз, қолынан да, тілінен де келетін адамдар болады. Өйткені олар қалыңдық ауылында қазақтың жоралғысына орай көп сыннан өтеді. ұрын тойға келген күйеудің қасқайып жарықта келуіне рұқсат жоқ. Бүйту бір жағынан - әдепсіздік, екінші жағынан - баса көктеп көргенсіздікке барғаны. Сондықтан қас қарая күйеу келді делінетін уақытта келуі керек. Күйеуді баса көктетпей, өстіп келтірудің өзінде үлкен мән бар. Ата-ананы, үлкенді сыйлау, қайын жұртты құрметтеу, бұған қалыптасу жастар үшін аса қажет. Айдаладан тауып алған алтыннан гөрі, алты қабат тау астынан қазып алған алтынның қадірлі болатынындай, қалыңдықтың да зарықтырып көрінгені жақсы, қымбат. Ләйлі мен Мәжнүн де бірін-бірі көре алмай, бірге бола алмай зарыққаны үшін әлемге әйгілі болған ғой. Біздің қазақ ұлы мен қызын Ләйлі мен Мәжнүн құсатып жібермесе де, олардан үлгі алғызуды атам заманнан-ақ білген.

Алғашқы ұрын келген күйеу тарту-таралғыдан аянбай, бар тәуірін, бағалысын тартады. Зейін аударып қарасақ күйеу жігіт келгенде қыздың ауылында жасалатын ертеден келе жатқан дәстүрлік ғұрып жолдарын орындау адамгершілік деп санаған,

---

атап айтар болсақ, ол мыналар: Қалыңдықтың "қол ұстату" рәсімі, "ит ырылдатар" ырымы, кемпір өлді (күлдіру үшін жасалған жол), босаға аттату немесе есік ашу әдебі, "есенсің бе" (амандасу) рәсімі, сөйлестіру (жеңгелерді сырластыру) жоралғылары.

Мұнша ырым мен жол-жоралғылардың көптігін фальклор зерттеушілер мен этнографтар былай түсіндіреді:

1. Болашақ күйеудің алдында қыздың бағасын арттырып, беделін көтеру, қиындық пен бөгесінді жеңу барысында құштарлық, ынтығуды арттыру үшін жасалады.
2. Адам істе, әрекетте сыналатын болса, жігітті сыннан көру.
3. Қыз бен жігіттің шашбауын көтеріп, мадақтап, абыройын арттырып, айналасындағы адамдардың көңілін көтеріп, шаттыққа кенелту.

Барлық қазақтардағы ұрын тойлардың ежелгі мақсаты- күйеудің келісімі және қалың малды толық төлеу туралы мақұлдасу, қалың малдың қалғанын төлеуге уәде еткен күйеуге сеніп қызын ұрын тойда ұзататындар да ұшырасады. Осылайша салтанатты той жасаудан құтылады.

XIX ғ. басында қалыңдықтың күнәлілігіне байланысты мұндай жазаға бару өте сирек кездесетін. Күйеу тарапынан наразылық туған күннің өзінде қыз әкесі оған кісі салып кешірім сұрап, айып төлейтіндігін білдіреді. Бұған келіспеген жағдайда, қалың малын қайтарғысы келмесе, басы бос басқа қызын беруге де келісімін білдіреді. Екі жақ бір-бірімен өз бетінше келісе алмаса, би алдына жүгінеді.

Билер екі жақтың шығынын, кінәсін есептей келе қалың малдың белгілі мөлшерін ғана қайтартқызады. Мұндай мүмкіндіктер болмаған жағдайда қалың малды қайтаруға келісімін береді. Қызының абыройсыздығы үшін оның әкесі күйеуге бұрын үш тоғызға дейін айып төлесе, XIX ғ. соңында ат-тонға дейін төмендеген. Жалпы, бұл мәселе аяқсыз қалдырылмайтын.

Бұдан шығатын қорытынды: ата-бабаларымыз үйлену тойына айрықша мән беріп, оны халықтың тәрбие мектебі деп білген. Ол құр әшейін ғана жеңіл ойын-күлкі, қисапсыз тыраштанып текке мал шашу емес, адам өмірінде бір-ақ рет қана берілетін ұлы қуаныш, үлкен асу, тіршілік өзегі. Осылай деп түсінген аталарымыз балаларының жолына барын шашып, тойдың мәнді де, сәнді өтуіне елден ерек көңіл бөлген. Ал ата-ананың ол сенімін ақтау жастардың перзенттік борышы, азаматтық ақ парызы саналған.

Үйлену тойының негізгі дайындығы мен негізгі шарттары біткен кезде тойдың басталуынан бірер күн бұрын маңайдағы елдерге тойға шақырушылар жіберіледі. ұзату тойына маңайдағы ауылдарды қыз жеңгесі басына қалыңдықтың жаңа сәукелесін киіп, мойнына қоңырау тағылған күміс ертоқымды жорғамен жүріп шақыратын болған. Ауыл адамдары түгелімен бірнеше күнге созылатын үлкен тойды дұрыс өткізу қамында болатын. Бәйге, күрес, көкпар сияқты ойындарды ұйымдастырушылар белгіленеді. Жалпы, тойдың бір ғана жанашыр басқарушысы болады.

Тойға келушілерді олардың жас, жыныс ерекшеліктеріне қарай әр үйге түсіріп, тамақ береді. Кешке таман түрлі өнердің тиегі ағытылады. Жастар таң атқанша ойын-сауық құрады. Таң қылаң бере той тарқайды. ұзату тойы аяқталып, күйме сән-салтанатымен жөнелтілер сәтте үй сыртынан өз жұртымен қоштасқан қыздың елжіреген жүрегін, қайғылы көңілін басқысы келген, салт атқа мінген өнерлі жігіттердің бірі жұбаныш жырын қозғайды. Оған басқа жігіттер қосылады. М. Әуезов айтқандай: "... жүзге ауыр тимейтін 'жар' деген сөзбен, әнмен жаңа өмірге келгендігін естіртеді. Соны құлағына сіңіру үшін, соған көндіру үшін қайта-қайта 'жар' атын айтады". Алайда, қалыңдық еркелі еркіндігін тидырып, біреумен қосақтаған

---

беймәлім тағдырына үрке, үрейлене қарап, жұбаныш сөзге тоқтай қоймайды. Үй-ішіндегі қыз-келіншектердің көтермелеуімен бүкіл көңілінің әлі де өз жұртында екендігін айтып, сазды, сағынышты үн созады. "Жар" деген сөздің өзін ауызға алғысы келмей, біресе "сылқым-ау", біресе "жұртым-ау" деп қайырмалап отырады. Бірақ ұрын келіп, қалыңдық ойнаған күйеу жігіт жағы ақырында басым түседі де, тағдырына бас иген қыз құлын-тайдай тебісіп бірге өскен құрбыларымен қимай қоштасса, жігіттер жағы "үлгілі, әдепті бол, қайын атаңды сыйла, туған ауылыңа сөз келтірме",-деп наздарын айтады [2, 51 б.].

Сырт қарағанда жар-жар қалыңдықпен ауыл жігіттерінің айтысы тәрізді. Ал, шын мазмұнына үңілсек, бір ауылда бірге өскен қыз-бозбалалардың бірі-бірімен қоштасуы және бөтен елге кетіп бара жатқан қызды ауыл жігіттері онда да қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын, қайынбике, қайын сіңлілер бөтен емес, өз туысыңнан кем болмайды, үйренесің деп жұбату айтады. Жат жерде әдепті болып көргенділікпен көзге түссең сыйлы боласың, шыққан ордаңа сөз келтірмейсің деп ақыл-кенес береді. Егер қалыңдық баратын жеріне, болашақ күйеуіне көңілі толмаса, әкесіне, ел-жұртына жар-жар айту сылтауымен өзінің наразылығын да айтып салады. Бірақ бұл есепке алынбайды.

Жар-жар айтылып болған соң қалыңдық пен күйеуді қоршаған жастар ән салып, күй тартады, сыртқа шығып ақ сүйек, айгөлек сияқты ойындарды ойнайды, түн ортасы ауа тарасады. Ертеңіне қалыңдықты аттандыру қамына кіріседі. Ол үшін қалыңдық үйді-үйге кіріп ел-жұртымен қоштасады, молда жастардың некесін қияды, қызға берілетін жасауды бас құда мен күйеудің серіктеріне көрсетіп оларды жолға дайындайды. Мұның бәрі бір-ақ күнде бітпей, кейде екі-үш күнге созылады.

Төркіндеу - жас келіншектің тәжірибе алмасу, тәлімдік түсініктерін пысықтау мектебі іспетті, өз шаруасын тезге салып, реттей түсуге көзін жеткізіп, өзін-өзі терең танып, меңгерген тәлім нәтижелерін жүзеге асыру жолындағы сынақтан өтудің бір амалы. Сондықтан да қазақ халқында "өзгеріп қалыпсың, төркіндеп келгеннен саусың ба?" деген аталы сөз тегін айтылмаған. Байырғы тұрмыстағы әдет-ғұрыптық рәсім-дәстүр бүгінде көмескіленіп, ұмытыла бастағанымен, кейбірі жол-жоралғылары, жас отаудың шаңырағын бекітуде үлкен мәні болған халықтық тәрбие, тәлім.

Сөйтіп, ұзатылған қыздың төркіндеу дәстүрімен құда түсу арқылы қыз алып, қыз беру ісі аяқталады да, өмір көші күнделікті ретімен созыла береді. Құдалар арасындағы қатынас, күйеу мен қайын жұрт, қыз бен төркін, келін мен қайын жұрт (түскен жері), жиен мен нағашы жұртының арасындағы қарым-қатынас әрдайым болып тұрады. Осы қарым-қатынастарға сай құдаға жамбас, күйеуге төс, қызға асық жілік сияқты сыбаға тарту дәстүрі ежелден бері осы уақытқа дейін үзілмей келе жатқан ұнамды әдеттің бірі.

Қыз айттырудан басталып ұзатылған қыздың төркіндеп келуіне дейінгі толып жатқан әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің ішінде көне заман сілімі де, көне діни сенімдерге байланыстылары да, таптық мүддеге сай қалыптасқаны да, көрші халықтар ықпалымен пайда болған жергілікті ғана мәні бар әдеттер де немесе бүкіл халыққа тән ортақ дәстүрлер де бар. Сондықтан олардың некелесу мәселесіндегі орны да әр түрлі. Қоғамдағы өндіруші күштердің даму барысында, халықтың сана-сезімінің оянуына қарай ескілік атаулы біртіндеп әлсірей береді де, жаңа қатынастар, жаңа әдет-ғұрып, дәстүрлер халықтың әлеуметтік жігіне қарай дамып, өзгеріп, әлдене түсетіндігі жоғарыда баяндалған революцияға дейінгі өмір шындығынан да анық көрінеді.

Тәуке ханның "Жеті Жарғысында" некелік қатынастарда бір жүйеге салынып, "Есім ханның ескі жолы", "Қасым ханның қасқа жолы" заңдарының негізін одан әрі

---

қарай дамытып, әлеуметтік өмірдің жаңа талаптарына сай арнайы нормалар енгізілді. Тәуке ханның заңдарында некеге тұрудың шарты ретінде 13 жас белгіленді. "Он үште отау иесі" деген сөз сол заманнан қалған көрінеді.

Қазақ арасында жастай некелестіру ежелден келе жатқан дәстүр. Кей уақытта қыздарды 13-14 жасында ұзатса, ер балаларды 15-16 жасында балағатқа толды деп үйлендіре берген. Осыған ұқсас, Ташкент қазылары құрастырған шариат заңдарынан біз мынаны оқимыз, оны сөзбе-сөз келтірейік: "Совершеннолетними считаются мальчики от 12 лет, а девочки в 9 лет, при условии физической зрелости" [3].

Осы некеге қатысты ежелден келе жатқан, қазір де сақталатын бір шарттың барын айта кеткен жөн. Бүгінгі күн талаптарымен ұштасып жатқан мәселелердің бірі-экзогамиялық табу, яғни жеті атаға дейін қыз алыспау мәселесі. "Жеті Жарғы" нормаларда жеті атаға дейін неке қиылатын бұл сан күйеуі мен қалыңдығы өлім жазасына кесіледі. Ата-бабаларымыз аса көрегенділік танытып, сол заманның өзінде-ақ тұқым сала-уаттығына ерекше назар аударған. Тарих тәжірибесіне жүгінетін болсақ, туыстар арасында неке қиюдың негізінде, қанның араласуы ұрпақсыз ақыл-ой, жалпы естілік қабылеттілігінің қалыптасуына кері әсерін тигізген және бірнеше атадан кейін де оның жағымсыз қасиеттері қайталанып отырғанын аңғарамыз. Кезінде Л. Морганның өзі осы мәселеге ерекше көңіл бөліп былай деп атап көрсеткен еді: "Қаны бір туыс емес ру мүшелерінің арасындағы некелесу дене құрылысы жағынан да, ақыл-ой жағынан да анағұрлым мықты нәсіл жасады; алға басып бара жатқан екі тайпа бір-бірімен араласты, сөйтіп жаңа ұрпақтардың бас сүйегі мен миы екі тайпаның екеуінің де қасиеттеріне сай келетіндей болып табиғи түрде зорая берді" [4, 51 б.].

Ал қазіргі генетика ғылымы және медицина қандас туыстар арасында неке қиюдың нәтижесінде сәбидің жалпы денсаулығы, ой-өрісі мен дене бітімінің кемтар, әлсіз, дәрмені жоқ болып қалыптасатынын дәлелдеп отыр. Кейбір зерттеулердің нәтижесіне көз салсақ, қандас адамдардың бір-бірімен некеге тұруы тұқым қуалайтын аурудың жүз есе ұлғаюына себепкер болатынын аңғартады. Қазақ халқы сол дәуірде "Жеті Жарғыда" арнайы баппен қандас туыстар арасында неке қиюға тыйым салуы аса көрегенділіктің белгісі. Қазіргі Қазақстан республикасының неке және отбасы кодексінің 17-бабында "Жеті Жарғының" осы талаптары мына мағынада берілген: "...некеге отыруға мынандай жағдайда жол берілмейді: ...бір атадан, бір анадан тараған туыстардың, бір әке шешеден туған әкесі не шешесі бөлек бауырлардың ...бір-бірімен некеге отыруына". Әдет-ғұрып құқығының неке және отбасы саласын реттеуге бағытталған нормалары мен институттарының негізгі және басты принципі жеті атаға дейін қыз алыспау деп аталды. Яғни, жақын туысқандар арасында қан араластыруға жол бермеу неке және отбасы қатынасын реттеуге арналған әдет-ғұрып құқығы нормаларының басты мақсаты және мәні еді. Бұл принцип неке саласындағы әдет-ғұрып құқығының басты қағидасы болып есептелді. Сондықтан осы саладағы өзге құқықтық институттар мен нормалар соған сүйенетін, соны негізгі арқау етіп алатын, соның талабына бағынатын [5, 28 б.].

Неке ісіндегі барлық мәселені ата-анамен ру басылары шешеді, күйеу жігіт пен қалыңдық тек солардың айтқамына құлақ асуға тиіс. Даңқты қазақтар әрқашан өзінің баласына басқа бір рудан, тайпадан барып, өзіндей даңқты адамдардың қызын айттыруға тырысады, қазір де солай.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Өзбекұлы С. Тәуке хан Жеті Жарғы. – Алматы, 1994. - 233 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. - 181 б.

---

3 Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. - М.: Восточная литература РАН, 2002. - 752 с.

4 Ф. Энгельс. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. - Алматы, 1967. - 251 б.

5 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет: (теориялық мәселелері, тарихи тағлымы). - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 192 б.

### Резюме

Автор в статье рассматривает нормативно-правовой статус женщины в обычном праве.

### Summary

The author in article considers standard legal status of the woman in common law.

УДК 341.64

Самсыбаева А.

Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының магистранты

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ ЖАЛПЫ ТАНЫЛҒАН ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН НОРМАЛАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫН АНЫҚТАУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мақалада автор Халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларының арақатынасын анықтаудағы кейбір мәселелерді қарастырған.

**Кілт сөздер:** халықаралық, құқық, қағидаттар, нормалар, бостандық, императивті.

ҚР Конституциясының 12-бабының 1-бөлігінде көзделгендей Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары танылады және кепілдік беріледі. Ал адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларда Қазақстан Республикасының аумағында тікелей қолданылады. Халықаралық шарттармен бірге олар Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін қалыптастырады (ҚР Конституциясының 4-бабының 1-бөлігі) [1]. Барлық жалпыға бірдей танылған нормалар мен халықаралық шарттар Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің бір бөлігі болып табылатынын, барлық халықаралық шарттар ҚР заңдарына қарағанда және т.б. басымдыққа ие деп әрқашан сөзсіз бекітуге болмайды. Бұл мәселелер Конституция қабылданған уақыттан бастап пікірталас тудыруда. Халықаралық шарттарды, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің бір бөлігі ретінде Конституциялық тану отандық заң шығарушысы мен құқық қолданушысының алдына ғылыми және практикалық тұрғыдан қарапайым емес мәселелер қояды.

Жоғарыда айтылғандай, ҚР Конституциясының 4-бабының 1-бөлігінің редакциясында көрсетілгендей халықаралық құқық пен халықаралық келісім-шарт



---

қағидалары мен нормалары ұлттық құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады, яғни Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей қолданылатын нормаларға айналады [1]. Сондықтан, халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде жалпыға бірдей танылу призмасы арқылы түсіндіруге мәжбүрлейді.

«Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары» және «халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары» ұғымдарының арақатынасын зерделеу біріншісі көлемі бойынша екіншісінен кең ұғым екендігі туралы қорытындыға әкеледі. Халықаралық құқықтың кез келген жалпыға бірдей танылған принципі жалпыға бірдей танылған норма болып табылады, бірақ халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормасы жалпыға бірдей танылған қағида болып табылмайды [2, 42-46 бб.]. Жалпы танылған принциптер мен жалпы танылған нормалар арасындағы айырмашылықты М. А. Амирова қағидаттардан ауытқуға жол берілмеуден және нормалардан ауытқуға жол берілетіндігінен көреді [3, 8 б.]. Біздің ойымызша, мұндай түсіндірумен келісу қиын, өйткені құқық нормасы, міндетті мінез-құлық ережесі бола отырып, егер бұл белгіленген ерекшелік болмаса, оны сақтамаған жағдайда орын алатын өзгерісті көздемейді. С. В. Калашниковтың анықтамасы дұрыс, ол жалпыға танылған қағидаттар болып табылмайтын жалпыға танылған халықаралық нормаларды қолданудың міндетті еместігі туралы емес, олардың диспозитивтілігі туралы айту қажет деп санайды. Осы тұрғыда халықаралық құқық субъектілеріне диспозитивтік норманы қолдануды алып тастау не келісімде көзделген нормадан ерекшеленетін шартты белгілеу мүмкіндігі беріледі. Әйтпесе, халықаралық құқық нормасы үнсіз қолданыла береді [4, 31-48 бб.].

О.А. Кузнецова, норма-принциптердің айырмашылықтарын классикалық құрылым (гипотезалар, диспозициялар, санкциялар) және олар практикада іске асырылатын жалпы танылған заңдық императивтердің қағидаттарындағы мазмұнның болмауынан көреді. Автор мысал ретінде, мынадай императивке ие, бұзылған құқықтарды соттық қорғаудың жалпыға танылған принципін келтіреді: сот төрелігінен бас тартуға тыйым салу, дауды тәуелсіз және әділ соттың қарауы, сот талқылауының әділдігі, тараптардың процестегі іс жүргізу жағдайының теңдігі, сарапшылар мен сараптамаларды тәуелсіз және заңды тағайындау, дәлелдемелерді алу заңдылығы, сот шешімінің уәжділігі және оны орындау қажеттілігі, сотта тыңдалу құқығын қамтамасыз ету, сот талқылауының ақылға қонымды мерзімдері және оның ашықтығы, сот шешімін жария ету. Өз құрылымының ерекшелігіне байланысты нормалар-принциптер сот шешімдерінде заңды императив арқылы объективтеледі, ал адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенцияның императивін анықтаудағы маңызды рөлді адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот атқарады [5, 3 б.].

С.В. Калашниковтың пікірінше, жалпыға танылған принциптердің халықаралық нормадан тағы бір айырмашылығы принциптердің жалпы сипатына және нақты құқықтық шекаралардың жоқтығына байланысты, құқықтық норманың гипотезасы мен санкциясында нақтылаусыз өзін-өзі орындау мүмкін еместігі [4, 31-37 бб.].

ҚР Конституциясында халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларының анықтамасы жоқ. Мұндай белгісіздік, атап айтқанда, халықаралық құқықтың қандай нормаларын жалпыға танылған деп санауға болатын, бірқатар мәселелердің туындауына әкеп соқтырды.

Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларының түсінігімен және әрекетімен байланысты осыған да, басқа да мәселелерге соңғы онжылдықтарда көптеген ғалымдар назар аударады [3, 7-11 бб.], алайда бұл мәселе өзекті және көп жағдайда шешілмеген болып қала береді.

---

Құқықтанушылар халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормаларының мазмұнын түсінуге тырысты. Мәселен, А.Н. Талалаев жалпыға танылған нормалар деп барлық немесе барлық мемлекеттердің әлеуметтік құрылысына қарамастан жалпыға бірдей міндетті ретінде ресми танылған нормаларды түсінеді [6, 5 б.].

В.А. Толстик осы тұрғыда жиі қолданылатын «барлығына дерлік» ұғымына байланысты «жалпыға танылған» шартты деп санайды [7, 67-77 бб.].

Е.В. Завражнов жалпы танымалдық бұл қағидаттар мен нормалар мемлекетпен осындай деп танылуымен байланыстырады [8, 119 б.]. Айтылған пікірге сүйене отырып, норманы бір мемлекеттің мойындауы жеткілікті, яғни осы норманы қолданғысы келетіндер туралы, тиісінше қорытынды жасауға болады. О.Е. Лапина терминді формальды логика тұрғысынан абсолюттік дей отырып, жалпыға танылған (қағидаттар, нормалар) терминді барлық мемлекеттер мойындағаннан кейін ғана санауға болатынын, ал кез келген басқа нұсқаны осындай деп санауға мүмкіндік бермейтінін атап өтті [9, 16]. Басқа пікірдің авторы, С.Ю. Марочкин: «Ең бастысы - мемлекеттердің сенімді көпшілігімен нақты норманың мойындалуы немесе мойындалмауы» [10, 495 б.].

И.И. Лукашук «көпшілікті» талдау кезінде «басым көпшілікті», «ол барлық ірі державаларды қамтуы тиіс», «мемлекеттің көлемін ғана емес, оның халықаралық байланыстарының көлемін және жалпы оның халықаралық құқықты дамытудағы байланыстарын есепке алу талап етіледі» деп түсінеді [11, 43-47 бб.]. Ұсынылған көзқарастарды зерттеу «көпшілік» барлық негізгі саяси және құқықтық жүйелерді ұсына отырып, сандық жағынан ғана емес, сапалық жағынан да айтарлықтай әсерлі болуы тиіс деген пікірді тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Зерттелетін терминнің мәнін ұғыну үшін ғылыми қызығушылық Д. Е. Петровтың халықаралық құқықтың принциптері мен нормаларына қатысты «жалпыға танылған» термині олардың Қазақстан үшін басқа мемлекеттер емес (тіпті көпшілік болса да), ал біздің қоғам тарапынан мемлекеттің өкілетті заң шығарушы органдары (және жекелеген жағдайларда - атқарушы) үшін міндеттілігін тануды білдіреді деп пайымдайтын ұстанымы болып табылады» [12, 13 б.].

О.Е. Лапина жалпы танымалдық әлемдік қоғамдастық үшін аса маңызды және ол қабылдаған құжаттардағы принциптердің шоғырлануымен алдын ала айқындалатынын және нақты мемлекеттің құқықтық бағасына тәуелді болмайтынын көрсетеді [13, 17-18 бб.].

Осы пікірталасты талдай келе, Д.Е. Петровтың пікірі дұрыс болып табылады, өйткені О.Е. Лапинаның өз пікірінде пайымдағандай, жалпыға танылу, бірінші кезекте нормалар (қағидаттар) әлемдік қоғамдастық қабылдағанына байланысты. Егер оларды жекелеген мемлекеттер қабылдаса, онда тиісінше оларды әлемдік қоғамдастықтың қабылдауы туралы айтуға болады. Олар шын мәнінде мемлекеттің тиісті уәкілетті органдары арқылы ғана қабылдануы мүмкін.

Әлемдік қауымдастықты мойындаумен байланысты халықаралық нормалардың «жалпыға танылуы» ҚР Жоғарғы Сотының позициясында өз көрінісін тапты. Мәселен, 2008 жылғы 10 шілдедегі № 1 «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағында қолданылуы үшін заң шығару талап етілмейтін халықаралық шарттардың ережелері Қазақстан Республикасында тікелей қолданылады деп түсіндірілген. Осылайша, қаулыда келтірілген жағдайда жалпыға танылған норманың анықтамасы берілмеген, бірақ оны талдау тікелей қолданылатын халықаралық шарттың норма императивті нормамен теңестіріледі деген қорытындыға әкеледі [14].

Халықаралық құқық теоретиктерінің арасында жалпы танылған принциптер мен құқық нормалары, мемлекеттердің келісім нысанына ерекше тартылатын

---

императивтік нормалар екендігі туралы көзқарас бар [15, 24 б.]. И. Н. Барциц атап өткендей, Конституция авторлары, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын елдің құқықтық жүйесінің бір бөлігіне белгілей отырып, әңгімені халықаралық құқықтың кез келген нормасы туралы емес, жалпыға міндетті сипаты бар - *jus cogens* - императивтік нормалар туралы ғана жүргізеді [16, 62 б.]. О.И. Тиунов өз жұмысында: «Жалпы алғанда мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығы қабылдаған және таныған императивтік нормалар, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары ретінде сипатталуы мүмкін» деп атап көрсетеді [17, 537 б.]. И.И. Лукашук императивтік нормалар - бұл жалпыға танылған нормалар, олардан мемлекеттер өз қарым-қатынасында тіпті өзара келісім бойынша шегінуге құқылы емес, яғни автор кез келген жалпыға танылған норманы императивтік қасиетке ие болады деп санайды [18, 135 б.]. Оның пікірі, халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 53-бабының ережесіне сәйкес келеді, онда бекіілген: «Жалпы халықаралық құқықтың императивтік нормасы жалпы алғанда мемлекеттердің халықаралық қоғамдастығы ауытқуға жол берілмейтін норма ретінде қабылдайтын және танитын және осындай сипаттағы халықаралық құқықтың келесі нормасымен ғана өзгертілуі мүмкін норма болып табылады» [19, 171-197 бб.].

Бұл анықтамада «жалпы халықаралық қоғамдастық» сөз тіркесі өзіне назар аударады. Келтірілген ережені түсіндіре отырып, Веналық конференцияның редакциялық комитетінің төрағасы ирак профессоры М. Ясин, оның мағынасы жеке алынған мемлекет немесе мемлекеттер тобы қандай да бір норманы императивті ретінде мойындаудан бас тартумен оның сипатына әсер ете алмауы, яғни *jus cogens* нормасын құру кезінде вето құқығына ие болмауы екенін атап өтті [20, 144 б.].

Қозғалған мәселе - күрделі мәселе. Ол 1966 жылы Грецияда халықаралық құқық комиссиясында *jus cogens* (императивтік нормалар) мәселесі бойынша арнайы ғылыми конференцияда, кейін Веналық конференцияда өткір және жан-жақты талқылаудың тақырыбы болды. Сонымен қатар, бұл мәселеге Д. Анцилотти, А. Фердросс, Г. И. Тункин және т.б. сияқты халықаралық құқық саласындағы мамандар өз жұмыстарында назар аударды. Қазіргі уақытта доктринада халықаралық құқық нормасының жалпыға бірдей танылу өлшеміне қатысты даулар жалғасуда – барлығының дерлік немесе бір мемлекеттің мойындауы [21, 217 б.].

Ғылымда да, практикада да осы мәселеге қатысты қарама-қарсы пікірлерді кездестіруге болады. Н.Я. Лыгин, В.Н. Ткачев жекелеген практиктердің ұстанымын білдіре отырып, көрсетеді, «халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары» ұғымы халықаралық құқықтың императивті нормаларымен шектелмейді, өйткені жалпы халықаралық құқықтың дамуы мен кешенділігі қағидаттар мен нормаларды толық жиынтыққа мәлімдеу мүмкіндігін жоққа шығарады [22, 32 б.].

Шын мәнінде, мәселе бірнеше қырға ие: мемлекеттер мен олардың сот органдарының жалпыға бірдей мойындаған нормалары мен принциптерін түсіну және қабылдау, халықаралық нормаларды императивтік және оқшаулаудың мүмкін еместігі, сондай-ақ оларды азаматтық істерді қарау және шешу кезінде құқық көздері ретінде қолдану. Осы жағдай бойынша жүргізілген талдау халықаралық нормалардың «жалпы танымалдығы» және «императивтілігі» ұғымдарын біріктіруге талпыныс жасалатынын куәландырады, бірақ бұл бір нәрсе емес, және бір құқықтық құбылыстың мәнін екіншісі арқылы ашу орынсыз. Жоғарыда аталған ұғымдарды салыстырудағы айқындықты, халықаралық нормалар белгілеріне үндеу енгізу арқылы, ашу мүмкін. Халықаралық құқық нормалары «сырттан» емес, мемлекеттердің еркін келісу жолымен құрылады, бұған оларды бекіту нысандары -

---

шарт, әдет-ғұрып, халықаралық ұйымдардың актілері, конференциялар сәйкес келеді. Осылайша, әрбір мемлекет өз мүдделерін ескере отырып, бірлескен күш-жігермен әзірленген немесе империялық жолмен алынған ережелерді орындау бойынша өз еркімен міндеттеме алады. Демек, халықаралық норманы әлемдік қоғамдастыққа мүше мемлекеттер жалпы және осы мемлекеттердің әрқайсысы жеке мойындайды. Императивтілік, яғни жалпыға танылған нормаларды сақтаудың міндеттілігі, норманы мақұлдау бойынша мемлекеттің ерік білдіру сәтімен байланыстырылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы/Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды// [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

2 Комментарий к постановлениям Пленума Верховного Суда Российской Федерации по гражданским делам /под ред. В.М. Жуйкова. 2-е издание, переработанное и дополненное. - М., 2008. С. 42-46.

3 Амирова М.А. Понятие «общепризнанные принципы и нормы международного права» в целях применения для защиты прав человека в Российской Федерации // Международное публичное и частное право. 2006. № 4. С. 8.

4 Калашников С.В. Применение общепризнанных принципов и норм в сфере защиты прав человека в России: вопросы теории и практики / под ред. Д.С. Велиевой. - М., 2010. С.31-48.

5 Кузнецова О.А. Соотношение понятий общепризнанных принципов и норм международного права // Международное публичное и частное право. 2009. № 3. С. 3.

6 Талалаев А.Н. Соотношение международного и внутригосударственного права в Конституции Российской Федерации // Журнал международного права. 1994. № 4. С. 5.

7 Толстик В.А. Общепризнанные принципы и нормы международного права в правовой системе России // Журнал российского права. 2000. № 8. С. 67-77.

8 Завражнов Е.В. Проблемы применения норм международного права при отправлении правосудия / Применение норм международного права в деятельности судов и правоохранительных органов Российской Федерации. 2005. С. 119.

9 Лапина О.Е. Общепризнанные принципы и нормы международного права в правовой системе России: дис. ... канд. юрид. наук. М., 2003. С. 16.

10 Марочкин С.Ю. Применение судами норм международного права при разрешении гражданских и арбитражных дел // Российский ежегодник гражданского и арбитражного процесса. № 4. 2005. С. 495.

11 Лукашук И.И. Конституция России и международное право // Общепризнанные принципы и нормы международного права, международные договоры в практике конституционного правосудия: материалы Всероссийского совещания (Москва, 24 декабря 2002 года)/ Под ред. М.А. Митюкова, С.В. Кабышева, В.К. Бобровой и А.В. Сычевой. М., 2004. С. 43-47.

12 Петров Д.Е. Отрасль права: автореф: дис. ... канд. юрид. наук. Саратов, 2001. С. 13.

---

13 Лапина О.Е. Общеизвестные принципы и нормы международного права в правовой системе России: дис. ... канд. юрид. наук. М., 2003. С. 17-18.

14 «Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі N 1 Нормативтік қаулысы//<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P08000001S>

15 Рациборинская К.Н. Применение международного права российскими судами //Международное публичное и частное право. 2004. №1 (16). С. 2. С. 24.

16 Барциц И.Н. Международное право и правовая система России // Журнал российского права 2001. № 2. С. 62.

17 Конституционные права и свободы человека и гражданина в Российской Федерации / под ред. О.И Тиунова. М., 2005. С. (автор главы - О.И. Тиунов). С. 537.

18 Лукашук И.И. Международное право. Общая часть. М., 2005. С. 135.

19 Венская конвенция о праве международных договоров 1969 года // Ведомости Верховного Совета СССР. 1986. № 37. С. 171 – 197.

20 Талалаев А.Н. Комментарий к Венской конвенции о праве международных договоров. М., 1997. С. 144.

21 Зимненко Б.Л. Международное право и правовая система Российской Федерации. М., 2006. С. 217.

22 Лыгин Н.Я., Ткачев В.Н. Международно-правовые стандарты и конституционная законность в российской судебной практике: научно-практическое пособие. М., 2012.С.32.

### **Резюме**

В данной статье автор рассмотрел некоторые вопросы соотношения общеизвестных принципов и норм международного права.

### **Summary**

In this article the author considered some questions of a ratio of universally recognized principles and norms of international law.

**Сейбеков С.Н.**  
**магистрант Евразийской юридической**  
**академии им.Д.А.Кунаева**  
**научный руководитель:**  
**к.ю.н, доцент Абдрахманов С.Т.**

## **О ПОНЯТИИ И СОДЕРЖАНИИ ОРГАНИЗАЦИИ РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ**

В статье в краткой форме рассмотрен процесс организации расследования преступлений. Обоснован вывод о необходимости использования современных представлений об организационных процессах в социальной деятельности при исследовании организации расследования как специфического вида данной деятельности. Рассмотрено понятие организации расследования как образующего и обеспечивающего процесса. Сделан вывод о структурировании и упорядочении как основных содержательных элементах организационного процесса расследования преступлений. Кратко проанализированы современные подходы ученых к определению понятия и содержания организации расследования. В статье раскрыты основные положения, касающиеся составных элементов организации расследования: целеопределения, планирования, руководства расследованием.

**Ключевые слова** Организация расследования; структурирование; упорядочивание; целеопределение; планирование; тактические цели; система целей

Организация расследования преступлений — это процесс упорядочения деятельности его участников посредством определения и конкретизации ее основных взаимосвязанных структурных элементов, создания условий для качественного производства следственных действий, взаимодействия участников уголовно-процессуальной деятельности и руководства расследованием.

Расследование преступлений является специфическим видом социальной деятельности. Ее главные структурные элементы— предмет, цели, действия, субъекты и участники их производства— в реальной взаимосвязи (функционировании) представляют систему. Система расследования преступлений включает подсистемы (подвиды) данной деятельности. Основные подсистемы расследования: 1) соби́рание, исследование доказательств и доказывание (процессуальная, непроцессуальная, организационно-аналитическая и организационно-подготовительная деятельность следователя); 2) получение (поиск) ориентирующей информации (непроцессуальная, преимущественно оперативно-розыскная деятельность); 3) использование специальных знаний. [1. С, 12].

Образующее начало организации расследования преступлений вытекает из сущности расследования как вида социальной деятельности. Современные представления об организационных процессах в социальной деятельности заключаются в том, что ее организация состоит в определении, создании структуры деятельности и ее качественном совершенствовании, а управление деятельностью— в удержании ее структуры в заданном состоянии. Это точка зрения как отечественных, так и зарубежных ученых, изучавших данную проблему [4.с, 43].

---

В настоящее время большинство криминалистов придерживаются взгляда на организацию расследования как на его образующее начало и как на процесс, обеспечивающий создание условий для качественного расследования. Но высказаны и иные взгляды на сущность организации расследования. Существует мнение о чисто обеспечивающей роли организации расследования, когда под ней понимается комплекс методов, средств и предметов, обеспечивающих создание оптимальных условий для полного и быстрого расследования преступлений. В другом случае организация расследования сводится в основном к распределению полномочий его участников, к обеспечению самого процесса [3, с. 9–10]. Разновидностью этого подхода является взгляд на организацию расследования как на широкий обеспечивающий процесс: создание структуры следственного аппарата, материальное обеспечение работы следователя, организация их труда [4, с. 8–9]. Полагаем, что образующая роль организации расследования выражается в целеопределении и планировании, в создании его умственной модели, что способствует целеустремленности и полноте расследования.

Предметом организации расследования является его структура— сочетание взаимосвязанных элементов: цели выявления обстоятельств, подлежащих установлению по делу, следственные и иные действия и др. и связи между указанными элементами. Конкретизация, определение этих элементов в отдельном расследовании и есть его организационный процесс, его организация. Теоретические положения, объясняющие этот процесс, составляют теорию организации расследования преступлений, выступающую как составной элемент науки криминалистики. Криминалистическая теория организации расследования— это система теоретических положений о закономерностях структурирования и упорядочения расследования и основанные на исследовании этих закономерностей научно-практические рекомендации по оптимизации расследования преступлений и судебного разбирательства уголовных дел.

По Структура криминалистического учения об организации расследования, с точки зрения И.П. Можяевой, включает общие положения и частные. В целом соглашаясь с таким делением, отметим, что автор необоснованно относит к частным положениям планирование расследования. Планирование, на наш взгляд, в сочетании с целеопределением является основным организационным средством упорядочения расследования. [5, с. 10–12].

Существуют различные уровни организации расследования. Основным, базовым уровнем является организация отдельного расследования — ведущее звено в системе расследования как деятельности. «Строго говоря,— отмечал Р.С. Белкин,— организация расследования есть именно организация конкретного акта расследования, расследование конкретного преступления» [6, с. 450].

Р.С. Белкин выделял четыре уровня организации расследования: в масштабе всех органов расследования страны; в рамках ведомств; организация конкретного акта расследования; организация следственного действия или организационно-технического мероприятия [6, с. 456]. В целом соглашаясь с таким делением, уточним свою позицию относительно уровня организации расследования в рамках ведомств. На наш взгляд, независимо от ведомств, в которых есть следственный аппарат, существует уровень организации расследования в органе и административном районе. Отличие организации расследования этого уровня состоит в том, что ее предметом является не структура расследования, а деятельность отдельных следователей, следственных и иных подразделений и система расследования в целом. Этот уровень подразделяется на ряд подуровней:

---

организация расследования в органе районного звена и района в целом; организация расследования в органе расследования областного звена; в субъекте РК.

В уголовно-процессуальной и криминалистической литературе высказаны различные взгляды на классификацию целей расследования. Цели расследования делят следующим образом: 1) общие, специальные, особенные и частные; 2) перспективные и ближайшие, общие и конкретные. Каждая из этих позиций по-своему обоснованна. Не вдаваясь в широкое обсуждение этого вопроса, отметим, что существует конечная цель расследования, которой является установление истины. Другие цели расследования можно делить на общие (стратегические) и частные (тактические). Тактические цели расследования конкретизируются и определяются следователем.

Эти обстоятельства могут устанавливаться прямыми доказательствами. Чаще же они устанавливаются посредством косвенных доказательств, так называемых промежуточных фактов. Различные аспекты применения теории доказательств в уголовном процессе рассмотрены зарубежными исследователями в трудах [7.с,32]. Промежуточные, или вспомогательные, факты устанавливаются большей частью на первоначальном этапе расследования, хотя процесс целеопределения осуществляется на протяжении всего расследования. Промежуточные факты устанавливаются путем анализа имеющейся информации и предположений об их существовании. Предположения выдвигаются с учетом сведений о типичных фактах, содержащихся в криминалистической характеристике преступления. Круг промежуточных фактов не исчерпывающий, но основное их число выявляется при помощи методики расследования, прежде всего раздела методики криминалистической характеристики преступления о типичных следах и иных фактических данных, образующихся при совершении определенного вида преступлений.

Совокупность всех обстоятельств, подлежащих установлению по делу, образует предмет расследования. В предмет расследования входят обстоятельства предмета доказывания и промежуточные факты, посредством которых первые устанавливаются. Тактические цели в расследовании определяются путем последовательного анализа каждого из обстоятельств, входящих в предмет доказывания, и умственного поиска промежуточных фактов, которыми можно обосновать эти обстоятельства в конкретном случае. Недостаток информации объективно обуславливает необходимость построения следственных версий. Версии должны выстраиваться по каждому из обстоятельств, достоверность которых не установлена. Из каждой версии выводятся логические следствия, т.е. предположения о фактах, которые должны существовать при условии, что данная версия верна. Круг таких предполагаемых фактов должен быть по возможности исчерпывающим. Установление этих фактов и является целью следственных действий. Таким путем определяются тактические цели — цели следственных действий и их сочетаний. Механизм целеопределения, таким образом, представляет собой организационно-аналитический процесс по определению обстоятельств, подлежащих установлению по уголовному делу. Следственные версии, являясь методом познания, в целеопределении играют организационную роль, так как процесс построения следственных версий выступает также одним из методов целеопределения в расследовании. Как верно отмечает В.Е. Коновалова, «версия, наряду с другими, выполняет функцию организации расследования преступлений» [8, с. 11–12].

Руководство расследованием предполагает взаимодействие его участников. Взаимодействие — это согласованное использование процессуальных и непроцессуальных средств расследования для повышения эффективности их применения и получения лучшего результата. Основное во взаимодействии —



---

обеспечение единства оптимального использования возможностей процессуальных и непроцессуальных действий, чему способствует реализация принципов взаимодействия, прежде всего разделения и кооперации функций участников и руководящей роли следователя.

Таким образом организация расследования имеет и обеспечивающее значение. Ее посредством создаются условия для качественного производства следственных и иных действий, но основная ее роль — создание упорядоченной структуры расследования. Система теоретических положений образует криминалистическое учение об организации расследования, которое необходимо развивать. Теоретические исследования имеют практические выходы на решение ряда проблем. Основные из них: соотношение организации расследования с криминалистической методикой и криминалистической тактикой; исследование организационно-правового статуса следователя, влияющего на содержание всего расследования; изучение системы взаимодействия следователя с подсистемами расследования как деятельности; исследование структуры органа расследования. Решение указанных и иных вопросов окажет положительное влияние на качество расследования.

#### Список литературы:

- 1 Гутерман М.П. Организационные мероприятия следователя в процессе расследования преступлений : учеб.пособие / М.П. Гутерман.— М. : Акад. МВД СССР, 1983. — 76 с.
- 2 Моррис У.Т. Наука об управлении. Байесовский подход / У.Т. Моррис. — М. : Мир, 1971. — 804 с.
- 3 Цветков С.И. Состояние и перспективы использования данных науки управления в криминалистике :автореф. Дис. ... канд. Юрид. Наук : 12.00.09 / С.И. Цветков. — М., 1977. — 16 с.
- 4 Михайлов А.И. Научная организация труда следователя / А.И. Михайлов, Л.А. Соя-Серко, А.Б. Соловьев. — М. : Юрид. Лит., 1974. — 127 с.
- 5 5.Можаева И.П. Криминалистическое учение об организации расследования преступлений : автореф. Дис. ... д-ра юрид. Наук : 12.00.09 / И.П. Можаева. — М., 2015. — 25 с.
- 6 Белкин Р.С. Курс криминалистики : в 3 т. / Р.С. Белкин. — М. :Юристь, 1997. — Т. 2. — 464 с.
- 7 Aitken C.G.G. Statistics and the Evaluation of Evidence for Forensic Scientists / C.G.G. Aitken, F. Taroni. — Chichester : Wiley, 2004. — 540 p.
- 8 Коновалова В.Е. Организационные и психологические основы деятельности следователя / В.Е. Коновалова. — Киев :МВДУССР, 1973. — 123 с.

#### Түйіндеме

Мақалада қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру процесінің қысқа нысаны қарастырылады. Осы қызметтің арнайы түрі ретінде қылмыстарды тергеуді зерттеу кезінде әлеуметтік қызметінде ұйымдастырушылық процестер туралы қазіргі заманауи түсініктерді қолдану қажеттілігі туралы қорытындылар негізделген. Процесті қалыптастыратын және қамтамасыз ететін ретінде қылмыстарды тергеудің түсінігі қарастырылады. Қылмыстарды тергеудің

---

ұйымдастыру процесінің негізгі мазмұндық элементтерін құрылымға келтіру және реттілікке келтіру туралы қорытынды жасалды. Тергеуді ұйымдастыру түсінігі мен мазмұны ұғымына ғалымдардың өаіргі заманауи көз қарастары қысқа талданды. Мақалада тергеуді ұйымдастырудың құрылымдық элементтеріне: мақсатты анықтау, жоспарлау, тергеуді басқаруға қатысты негізгі ережелері ашылды.

### Summary

The paper presents a brief overview of the organization of crime investigation process. The author argues for the necessity to use modern ideas on organizational processes in social activities when researching the organization of an investigation as a specific type of social activity. He examines the concept of organizing investigation as a forming and provisionary process. The author then concludes that structuring and streamlining are key constituent elements of the crime investigation organizational process.

УДК 4414

**Темірәлі А.М.  
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық  
заң академиясының магистранты  
Ғылыми жетекшісі:  
З.Ғ.д., профессор Балашов Т.Т.**

### **ШЕТ ЕЛДЕРДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ КІНӘНІ МОЙЫНДАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДЕР**

Қолданыстағы қылмыстық – құқықтық, қылмыстық және конституциялық заңнама, халықаралық құқық нормалары және жәбірленушімен немесе айыпталушымен сотқа дейінгі ынтымақтастық туралы келісімді жасау барысындағы өндіріске қатысты мәселелерді реттейтін (ынтымақтастық туралы сотқа дейінгі келісімді жасау мен оны жүзеге асырудың процессуалдық тәртібін реттейтін) қылмыстық іс бойынша өндірісті реттеуге бағытталған тиісті заңға тәуелді актілер, отандық және шетелдік қылмыстық процессуалды заңнаманы, оның қалыптасуы мен қолдану тәжірибесін, отандық және шетелдік тәжірибемен айналысатын заңгер ғалымдардың ғылыми еңбектерін жинақтау, талдау және жүйелендіру негізінде теория мен тәжірибе барысында туындайтын түрлі көкейкесті мәселелер жайында жазылған мақала.

**Кілт сөздер:** мәмілеге келу, кінәні мойындау, плибарген, целерант, конформидад, паттаджаменто.

Кінәні мойындау туралы келісім институты АҚШ сот тәжірибесінен алынған. Кінәні мойындау туралы келісім мәні айыптаушы оның негізінде үкім шығарылатын айыпталушының өз кінәсін мойындауына қарай кейбір жағдайларда қорғаушы жағына шығады. Қорғаушы жағына шығу айыптау көлемін қысқарту және жазаны жеңілдету болуы мүмкін. Американдық қылмыстық процесте кінәні мойындау туралы келісімнің негізгі мақсаты алқабилердің қатысуымен болатын сот алдында күрделі сот тергеуін жүргізуді болдырмау ниетінен білінеді. П.Михайловтың пайымдауынша, американдық қылмыстық процесте алдын ала тергеудің мазмұны ірі қазылар алқасында қаралатын ауыр қылмыстар бойынша істерін қоспағанда

---

полицияның ресми емес тергеуі болып табылады. Оның пікірі бойынша, полицияның ресми емес тергеуі айыпталушымен «соқыр тәуекелмен ойынды» білдіреді, оның кінәсін танытатын дәлелдермен ол таныса алмайды. Сонымен қатар, сотқа беру сатысында айыптаушы мен айыпталушы (айыпкер) арасында қылмысты саралау туралы «сауда» жүреді, ол үшін жауапкершілікті айыпталушы тартады, ал кейде жазалау шарасы туралы «сауда» жүреді, солдай-ақ оған судья да қатысуы мүмкін (кейбір штаттарда жүзеге асырылады) [1, 25-246].

Ынтымақтастық туралы (сот төрелігімен мәмілеге келу) келісім АҚШ, Англия және Уэльс, Үндістан, Италия, Франция, Эстония, Израиль, Грузия, Украина, Ресейдің қылмыстық іс жүргізу заңнамаларында бұрыннан бері қолданылып келеді.

Жаңа ҚК жобасын жасаушы ҚР Бас прокуратурасы институт Кодексіне іс жүргізуді енгізу үшін ресейлік, украиндық, грузиндік заңгерлер сияқты АҚШ және өзге де елдердің практикасын талдап, олардың тәжірибелеріне сүйенгенін жасырмайды. Шетелдердегі іс жүргізу мәмілелері өзіндік ерекшеліктерімен айырықшаланады. Мысалы АҚШ-та 90-95% криминальдық тергеулер сот төрелігімен мәміле жасаумен аяқталады, қалғандары алқа-билік сот отырысына дейін жетеді. Мұндай мәміленің екі түрі бар. Біріншісінде жасаған қылмысының ауырлығына қарамастан айыпталушы өз кінәсін мойындауды жазаны жеңілдетудің 35%-на айырбастай алады. Екінші жағдайда айыптаудың куәгері болып айыпталушы жауапкершіліктен толық немесе ішінара құтыла алады. Екі жағдайда да мәміле сотпен бекітілуге тиісті, сонда ол барлық тараптарға бірдей міндетті болып қалады.

Италияда сот төрелігімен мәмілеге келу терроризммен күрес шеңберінде 1970-ші жылдардан, ал 1980-ші жылдардан бастап мафиямен күресте қолданылып келеді. Қылмыскерлер өздерінің сыбайластары туралы ақпаратты жазасын жеңілдетудің үштен бір бөлігіне айырбастай алады, ал ұсақ қылмыскерлер еркіндікке мүлдем шығып кете алады. «Өкінетіндер» үшін куәлгерлерді қорғау бағдарламасы қаралған. Мафияға қарсы тергеуде «өкінгендердің» алғашқысы Томмазо Бускеттаның көмегімен - сицилиялық клан мүшелерінен 350 адам түрмеге тоғытылып, өзі АҚШ-қа қоныс аударған. Бұл жүйенің сыншылары қылмыскерлердің көбінесе мұны сот төрелігімен есеп айырысу үшін немесе түрмеде отырмау үшін жалған куәліктерді алға тартудың амалы деп санайды. Францияда сот төрелігімен мәмілеге келудің бұл механизмі аса шектулі деңгейде қолданылады. Прокурор айыпталушыға мардымсыз қылмысты мойындағаны үшін жаза өтеу мерзімін 1 жылға дейін ғана ауыстыра алады. Мәміле сотпен бекітіледі. Францияда заң күні бүгінге дейін көтеген дау тудырып келеді. Оппонент- адвокаттар және солшыл партиялардың өкілдері сот төрелігімен мәмілеге келуді қорғалудың құқығын бұзу, істі алаламай әділ талқылаудың және кінәсіздіктің презумпциясы деп санайды. Сот төрелігімен мәмілеге келу Үндістанда 2006 жылдан бастап қолданылып келеді. Жазаны жеңілдету мүмкіндігі жеті жылдан артпайтын мерзімге түрмеге отырғызу қарастырылғандардың соққыға жығу, жалған құжат жасау, көлікті қауіпті жүргізу және басқа қылмыстарын мойындаған дары үшін ғана беріледі. Ал әйелдер мен балаларға қарсы жасалған қылмыстар үшін жеңілдік кешірімінен үміт жоқ. Испанияда мәмілеге келу институты жоқ, дегенмен оны қолданудың жекелеген элементтері бар. Қылмыс жасалған жағдайда жазалау мерзімі 3 және 6 жылдан аспаса және айыпталушы өз кінәсін мойындаған болса, прокурор мен соттың арасындағы олардың келісімдері бойынша жазаны өтеу мерзімі санкция нормасынан 1/3-тен артпауға тиісті. [3, 56]

Грузияда іс жүргізу мәмілесі сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізу бағдарламасы шеңберінде 2004 жылы пайда болды. Мәмілеге келу мүмкіндігі жасалған қылмыстың түріне немесе ауырлығына қарамастан шектеусіз жасалады.

---

Мәміле жасау туралы ұсыныс айыпталушы тарапынан да, сонымен бірге прокурордың тарапынан да жасалуы мүмкін. Прокурор айыпталушыға жазаны жеңілдетуді немесе елдің бюджетіне ақшалай айыппұл аудару арқылы айырбаспен істі жабу туралы ұсыныс жасай алады. Айыппұл сомасы жекелей жасалады. Мәмілені айыптаудың орын алып отырғанына және мәміле жасаудың еріктілігіне көз жеткізе отырып сот бекітеді. Істі қарау кезінде сот тараптарға іс жүргізу мәмілесін жасауды ұсынуға құқылы. Негізгі мәміле болып кінәсін мойындағаны немесе жазаға келісетіні туралы келісімге қол жеткізу болып табылады. Қылмыстық Кодекстің 42-ші бабына сәйкес грузин іс жүргізу мәмілесінің «ерекшеліктерінің» бірі— тіпті бұл жазалау шарасы қарастырылмаған Қылмыстық Кодекстің баптарын бұзғаны үшін іс жүргізу мәмілесінің негізінде айыппұл төлеуді белгілеуге болатыны айтылған. Егер 2005 жылы небәрі 12% сот процессі осындай мәмілелермен аяқталса, ал 2009-шы жылы бұл көрсеткіш 50%-дан асып кеткен.

Грузия соттарынан алынған ресми деректер бойынша 2010 жылы соттың алғашқы сатысында 19 956 тұлғаға қатысты іс жүргізу мәмілелері 79,5% шешім бойынша жасалған. 4 089 тұлғаға қатысты қалған 20,5% ұйғарым, олардан 112,7 млн. Лари (*1 лари = 1,75 АҚШ доллары*) сот айыппұлдарын өндіру және іс жүргізу мәмілелерінен түскен кірістерді мемлекет бюджетіне аудару туралы сот үкімдері шығарылған. Шетелдердің сот практикасы көрсетіп отырғандай сот төрелігімен мәміле жасау (*іс жүргізу келісімі*) сотқа дейінгі үдерісті және сот өндірісін жылдамдатуға көмектеседі, құқық қорғау органдарына ұйымдасқан қылмыспен күрес жүргізу барысында салынған айыппұлдар есебі бюджетті толықтыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Тек қана АҚШ-тың өзінде күдіктімен (сезікті) сот төрелігінің ынтымақтасып әрекет ету нысанның арқасында 90% дейін аса ауыр қылмыстардың беті ашылады.

Беларуссия заңгерлерінің өз УПК институтына сот төрелігімен мәміле жасауды енгізген ұсыныстары назар аударуға тұрады. Бұл жаңалыққа сәйкес мемлекеттік айыптаушы «сот төрелігімен мәміле жасау» тағайындайтын сома мөлшері айыпталушы үшін 300 базалық шамадан (\$60 тыс.) 5 мың базалық көлемге дейін жеткізіледі. 60 мың АҚШ доллары экономикалық қылмыстарды жасауға тізгін(жол) бермейді. «Сот төрелігімен мәміле жасау» қылмыс құрамының зорлықсыз 28 түріне қолдануға болатыны болжалданады. Бұл тізімге сыбайлас жемқорлық кірмейді.

Әлем тәжірибесінде кінәні мойындау туралы келісімнің көптеген түрлері бар екенін атап өту қажет. Американдық қылмыстық процестің plea-bargaining (плибарген) – классикалық үлгісі болып табылады. Плибарген негізінде айыпталушы өзінің адвокаты арқылы оны кейін сотқа бекітуге ұсынатын екі тарап үшін қолайлы үкімнің шарттары туралы прокурормен уағдаласады. Бұл жағдайда айыпталушы ерікті түрде өзін кінәлі деп таниды, бірақ оны айыптайтын қылмыстың жеңілін мойнына алу арқылы жеңіл жазаға айырбас жасайды. Целерант келісім – кінәні мойындау туралы келісімнің басқа бір түрі болып табылады [5,12-136], яғни сот іс жүргізу рәсімін жеңілдету туралы келісім. Плибарген мен целерант келісімдері арасындағы негізгі айырмашылық – плибарген сот шешімінің шынайылығы туралы түсінікпен формальды байланысты, себебі айыпталушының өз кінәсін мойындауы анық болса, целерант келісімі бойынша зерттеу нысаны айыптылық емес, ал айыпталушының айыптау қорытындысымен формальды келісімі болып табылады.

Кінәні мойындау туралы целерант келісімі бүгінгі күні Испания Италия сияқты еуропа елдерінде қолданылады, онда кінәні мойындау туралы келісім «конформидад» (Испания ҚДЖК 689.2 бабы), Италия - «паттаджаменто» (Италия ҚДЖК 444-448 баптары) деп танымал. Айыпталушы осындай келісімге келгенмен ол өзінің кінәсін мойындамауы мүмкін. А.Смирнов, К.Калиновский пайымдауы

---

бойынша, осы әрекеттің орнына заңмен жазалау шарасын шектеу (Испанияда 6 жылдан көп емес бас бостандығынан айыру) немесе белгілі бір жеңілдіктер (Италияда бас бостандығынан айыру мерзімінің 1/3 қысқарту) көзделген [6]. Ресей Федерациясының қылмыстық іс жүргізу кодексі осындай даму жолымен келеді. Ресей Федерациясының қылмыстық іс жүргізу кодексінің 40-тарауы («айыпталушының тағылған айыптармен келісімі кезінде сот шешімін қабылдаудың ерекше тәртібі») бойынша айыпталушының тағылған айыптармен келісуін мәлімдеу мен соттың істі қарауын жүргізбей үкім шығару туралы өтініш беру тәртібін реттейді бұл ретте, сот тергеуі жүргізілмейді. Барлық жоғарыда көрсетілген мемлекеттерде кінәні мойындау туралы келісім жасау дереу соттың істі қарауын аяқтауға және айыптау үкімін шығаруға әкеледі. Қазақстан да қылмыстық сот ісін жүргізу процесіне целеранттық келісімді енгізу қарсаңында тұр, яғни тағылған айыптың көлемімен келісу туралы келісім. Оның жоғарыда аталған мемлекеттердің ұқсас институттарынан өз айырмашылығы бар. Мұндай мәмілелердің мәні белгілі бір қылмыстық іске байланысты айыптау туралы және жасалған әрекетті саралау, жазаның мөлшері, айыппұл туралы, тағайындалған жазаны өтеудің нақты орны туралы және өзге сұрақтарды қоса алғанда, қылмыстық істі шешу жайында айыптау және қорғау таратарының келісімге келу құралы болып табылатын өзара келісімдерде бекітіледі.

Кінәлілігін мойындау туралы арыз ол тек ерікті түрде жасалған жағдайда ғана сотпен қабылдануы мүмкін. Өзін кінәлі деп мойындау тараптардың қара арасындағы дау- дамайсыз жайттарды болмағанда, заңдық факт ретінде бағаланады. Сондықтан, АҚШ – та «кінәсін мойындау туралы мәміле» болып аталып кеңінен таралып кетті. Бұл қорғаушы мен айыптаушының арасындағы келісім – сөйлесулерді блдіреді, яғни айыпталушы оған тағылған қылмыстың дәрежесіен және шығарылатын үкіммен келіседі. Американдық модель бойынша сот ісін жүргізудің статистикасына көз жіберсек. Арнайы статистикаға сәйкес АҚШ- та 1846 жылы 853 сотталушы өз кінәсін мойындаумен сотталған, 1848 жылы 715 сотталушы өздерін айыпты деп жарияланған. 1990 жылдан және қазіргі уақытта АҚШ- та 75 пен 90 және одан жоғары пайзда қылмыстық істер осы тәсілмен шешіліп келеді [7,336].

Ресейдің кейбір ғалымдарының пікірінше, олар кінәні мойындау туралы мәмілеге қарсы. Бірақ, В. Хан, Т. Сәрсенбаев американдық модельдің оң жақтарын сипаттайды:

1. Іс жүргізушілік үнемділік. Яғни, тараптардың уақыты, сот
2. Және оның қызметтерінің шығындарын үнемдеу.
3. Адам өзінің кінәсін қобалжу күйінде ұғынады, оны дұрыстау жолында сатып алуға және соған тұруға дайын.
4. Кінәліні кінәсіз адамнан айыруға рұқсат береді. Мысалы, кінәлі тұлға жеңіл жаза шығаратын үкімнің негізі үшін өз кінәсін мойындайды [7,346].

Осы институттың тағы бір құны – тартыс жағдайында тараптардың қарсылығын қысқа жолмен жеңілдету. Жалпы, сот тәжірибесінен алсақ, соттардың өздері кінәні мойындау туралы мәмілені құптайды. Яғни, сотталушы (айыпталушы) қылмыстық іс бойынша істің оңтайлы шешімін табады.

Әлемдік тәжірибеде кінәні мойындау туралы мәміленің алуан түрлілігі жүзеге асырылуда. Мысалы, американдық қылмыстық процесте plea-bargining (плибарген) деген бар. Плибарген бойынша айыпталушы өзінің қорғаушысы арқылы прокурормен келіседі, яғни, екі тарапқа да ыңғайлы үкімнің шарттарын қарайды. Содан екі тараптың құпталуымен сотқа ұсынады. Келесі кінәні мойындау туралы мәміленің түрі – целерантты мәміле. Бұл сот ісін жүргізудің тәртібін жеңілдетеді. Мәміленің бұл түрінде айыпталушы айыптау қорытындысымен келіседі. Целерантты

---

мәміле европалық елдерге қатысты. Мысалы, Испания мемлекеті. Мұнда кінәні мойындау туралы мәміле «конформидад» (Испанияның ҚІЖК-нің 689.2-бабы), Италияда – «паттаджаменто» (Италияның ҚІЖК-нің 444-448-баптары) сияқты ұғымдармен белгілі. Айыпталушы осындай мәмілені жасай отырып, өзін кінәлі деп санамауы да мүмкін. Мұндай әрекет заңмен көрсетілген жазаның шектеулі мөлшері мен алмастырылады (Испанияда алты жылдан астам емес бас бостандығынан айыру) немесе белгілі бір жеңілдік (Италияда бас бостандығынан айыру мерзімін үштен бірге төмендету) [9,476].

Т.Сәрсенбаевтың айтуынша, аталған жолдың дамуында РФ ҚІЖ заңнамасы да келе жатыр. АҚШ-та қылмыстық сот ісін жүргізудің 90% - ы мәлім арқылы жүргізіледі. Мұнда екі мақсат: 1.Объективті шындықты орнықтыру және қылымыстылықтың алдын-алу . Іс қараудың алдында айыптаудың мәнін дербес тәртіппен хабарлайды. Судья айыпталушыға қарсы қандай ұсыныстар бар және айыпқа қарсы қатынас туралы өтініш жасауды ұсынады. Сот мәжілісінде өзінің өтінішінде айыпталушы жасаған қылмысы үшін айып тағылғандығын мойындайды. (plea of guilty) [8,266].

Міне, бұл да АҚШ-тағы кінәні мойындау туралы мәміленің бірі болып табылады.

Жалпы,сот тәжірибесінде мәміленің оң жақтары айтылса, оның қолайсыз жақтары да кездеседі.

1. Үнемділік деп қарастырғанымыздың өзінде, соттың алдында тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы мәселе тұрғандықтан, судья жаза туралы мәселені шешу уақытқа ғана бағынады.

2. Өз кінәсін мойындау құқық тәрбиешілік емес. Айыпталушы мойындау нәтижесінде ол өзінің алдында тұрған жазаның жеңіл болатынын алдын-ала біледі. Сонда оның жасаған қылмысы жеңіл жазамен өлшенетін болғаны ма?

3. Өзін өзі көндіру. Бұл не прокурорға, не сотқа айыпталушының кінәлілігі туралы сұрақ маңызды емес, бұл жерде шындыққа жету дәлелдеу процесінің мақсаты болып табылмайды.

4. конституциялық құқықтарды бұзу.

Мұндай аталған аспектілер өз тарапынан қайшылықтарды көрсеткенімен бүгінде кінәні мойындау туралы мәміле көптеген елдердің сот жүйесінде қажетті болып табылады. Біздің республикамыздың өзі қылмыстық сот ісін жүргізуде целерантты мәмілені енгізу жолында тұр. Үкімет ҚР Парламентіне «ҚР-ның Ққ, ҚІЖк-не және кейбір қылмыс құралдарын декриминализациялау және қылмыстық істерді тергеудің жеңілдетілген тәртібі бойынша ҚР ӘҚБ туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын енгізді. Мұндай іс бойынша өндірістік реттеуші арнайы тарау бар, яғни тағылған айыппен келісу туралы бекітілетін акт. Заң жобасы:

- Сотқа дейінгі іс жүргізуде тағылған айыппен келісуді бекіту туралы акт.
- Тағылған айыппен келісу сезікті ретінде бірінші жауап алудан он күн ішінде сезіктімен бекітілген акт.
- Тағылған айыппен келісу ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жіберілмейді.
- Максималды жаза прокурормен анықталады, сот үшін міндетті сипат алады және т.б. көрсетеді.

Американдық ғалым Д. Фишер айтуы бойынша Америка Құрама Штаттарында кінәні мойындау туралы мәміле арқылы қаралған қылмыстық істердің ең жоғарғы деңгейі қылмыстылықтың күрт өсуі кезеңінде болған екен, оның өсуіне келесідей күшті криминологиялық факторлар ықпал еткен: экономикалық қатынастар саласында ұымдасқан қылмыстылықтың пайда болуына әсер еткен ХІХ ғасырдың ортасында болған өндірістік және көліктік революция; Бірінші дүние жүзілік

---

соғыстан кейінгі еуропа елдерінің халқының АҚШ-қа жаппай иммиграцияның болуы салдарынан ірі этникалық қылмыстық топтардың, оның ішінде италия мафиясының американдық нұсқасы – созапозига-ның пайда болуы; Екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі болған «беби-бум» салдарынан кәмелеттік жасқа толмағандармен жасалған қылмыстардың деңгейінің өсуі, XX ғасырдың екінші жартысында есірткінің заңсыз айналымының деңгейінің өсуі. Бұл аталған мән-жайлар АҚШ-тың құқық қорғау жүйесін қылмыстық істерді қарау барысында процессуалдық үнемдеуге және сот-тергеу органдарының жүктемесін азайтуға мүмкіндік беретін кінәні мойындау туралы мәмле түріндегі оңтайлы процессуалдық институтты құруға әкеп соқтырды. Өзінің көзқарастарын Д. Фишер АҚШ-тағы қылмыстылықтың динамикасы мен деңгейінің статистикалық мәлеметтерін кінәні мойындау туралы мәмле жасау арқылы соттармен қаралған қылмыстық істердің үлесін салыстыру арқылы негіздейді. Аталған мәлеметтер арасында өзара байланыстылық байқалады. Д. Фишердің айтуы бойынша сот төрелігімен мәмле жасау қылмыстарды тергеу процессін жеңілдету мен соттардың істерді қарау жүктемесін азайту жағынан ғана пайдалы емес, сондай-ақ қаржы жағынан да пайдалы болушы еді дейді. Өйткені АҚШ-тың конституциясы барлық сотталғандарға істерін алқа билер соты арқылы қарау құқығын қамтамасыз етеді. Ал бұл өз кезегінде арзан процедура емес (қазіргі кезде алқа билерге барлық төлемдер мен төлемақыларды ескере отырып сот отырысының бір күні 10000 АҚШ долларына дейін барады) [2].

Сонымен, қылмыстық істі қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы мен АҚШ тың кінәні мойындау туралы мәмілесінің айырмашылығын ажыратып көрейік:

1. ҚР-нда сот тергеуін жүргізбей-ақ үкім шығару институты ҚР ның ҚІЖк-нде көрсетілген тізбек бойынша қылмыс санаттарының негіздері және талаптары сақталғанда ғана жүргізіледі, ал кінәні мойындау туралы мәміле бойынша қылмыс санаттары, шарттары, негіздері АҚШ территориясында әрекет ететін бірдебір заңнамалық актілерде нормативті бекітілмеген. Қылмыстық процестің федералды ережелерімен АҚШ-тың аумақтық саттарында тек мәмілені құруды рәсімдеу процедурасы реттеледі.

2. Сот талқылауының ерекше тәртібі бойынша айыпталушының өзінің өтініші жеткіліксіз, жәбірленушінің, мемлекеттік (жеке) айыптаушының келісімі талап етіледі. кінәні мойындау туралы институты жәбірленушінің мүдделерін практически игнорирует, мәмілені бекітерде және сот үкімі шығарылатын кезде жәбірленушінің позициясы есепке алынбайды.

3. Айыпталушының сот талқылауының ерекше тәртібін таңдау туралы өтініші сотқа дейінгі сатыларда және сотта тікелей алдын-ала тыңдауда мәлімделуі мүмкін. АҚШ-та кінәні мойындау туралы мәміле тек қылмыстық сот ісін жүргізудің сотқа дейінгі сатыларында жүргізіледі.

4. ҚР қылмыстық іс жүргізу заңында сот заңда көзделген аса ауыр қылмыс санатарына байланысты істі ерекше тәртіппен қарау жөнідегі өтінішті қарауға құқығы жоқ. Ал АҚШ-та аса ауыр қылмыс категорияларына айыпталушымен бекітілген мәміле танылуы мүмкін.

5. Сот талқылауының ерекше тәртібі айыпталушыға жазаның жеңілдетілуі жөнінде кепілдік береді, ең жоғары мерзім немесе қатаң жаза түрінің 2/3 мөлшерінде. Бекітілген мәміле айыпталушыға берілетін жазаның төмендетілуі жөніндегі мүмкіндікті қарастырмайды.

6. ҚР заңнамасы бойынша айыпталушы (сотталушының) жасаған қылмысы іс бойынша дәлелдемелердің негізінде толығымен анықталып, ҚР ҚІЖк-нің тәртібі мен талаптары сақталуды қажет етсе, мәміле бойынша

---

сотталушыны оның кінәсін дәлелдейтін дәлелдемелер зерттеулер жиналмаса, оның тәртібі сақталмаса, дәлелдемелер бағаланбаса да соттала береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Карим К. Можно ли упростить судопроизводство?// Юридическая газета.-12.05.2005-2с.
- 2 Наурызова А.А. Уголовно-процессуальная регламентация условий судебного разбирательства в сокращенном порядке//Фемида.-2007.-№10.-25-28 с.
- 3 Алимбеков М. Рассмотрение судами уголовных дел в сокращенном порядке // Юрист (каз).-2005.-№04.-74-75с.
- 4 Пашин С.Упрощенные уголовно-процессуальные формы и обеспечение прав человека в уголовном процессе// Юрист (каз) .-2008.-№01.-78-82с.
- 5 Гричаниченко А. Проблемы особого порядка судебного разбирательства в судебной практике и пути их решения//Уголовное право(Рос).-2005.-№04.- 62-64с.
- 6 Абдиканов Н.О сокращенном порядке Юридическая газета.-12.05.2005.-2с.
- 7 Хан В.Американская модель сделки о признании вины: положительные и отрицательные аспекты // Заң және заман.-2006.-№01.-33-34с.
- 8 Джекебаев У.С.Уголовно –правовые и криминалистические проблемы легализации сделок о признании вины//Борьба с преступности .-2002.-№01.-25-28с.
- 9 Сарсенбаев Т. Сделка о признании вины в уголовном процессе РК//Юрист.-2004.-№10.-45-48с.

#### Резюме

Данная статья посвящена вопросам и анализу на действующие уголовно-правовые, уголовные и конституционные законодательства, международные правовые нормы и соглашения при заключении потерпевшими или обвиняемыми, регулирующие проблемы о примирении производства (при заключении процессуального соглашения о признании вины), подзаконные акты направленные на регулирование производства по уголовным процессам, анализировать отечественные и иностранные уголовно процессуальные законодательства и их формирования а также практика потребления, при этом возникающие разные глобальные проблемы на основании анализа и систематизации научных работ отечественных и иностранных юристов-ученых.

#### Summary

This article is devoted to questions and analysis of the existing criminal law, criminal and constitutional law, international law and agreements at the conclusion of the victim or the accused, regulating the problems of reconciliation of production (processualnoe at the conclusion of the agreement on admission of guilt), by-laws aimed at regulating proceedings in criminal processes, to analyze domestic and foreign criminal procedure laws and their formation and consumption practices, with emerging various global problems on the basis of analysis and systematization of scientific works of domestic and foreign legal scholars.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР БОЙЫНША ҰЙЫМДАСҚАН ҚЫЛМЫСТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Мақалада автор халықаралық қауымдастықпен танылған халықаралық құжаттар бойынша ұйымдасқан қылмыстың анықтамасын беруге тырысқан.

**Кілт сөздер:** ұйымдасқан қылмыстылық, халықаралық құжаттар, қылмыстар.

Нақты нәтижеге қол жеткізуді көздеген адам қызметінің кез келген түрі осы қызмет бағытталған объектінің нақты ұғымына ие болуы тиіс. Бұл сонымен бірге арнайы заң әдебиетінде әр түрлі түсіндірілетін «ұйымдасқан қылмыс» ұғымына да толық көлемде қатысты.

